Педагогикалық орта: сенім мен қолдау атмосферасын құра алатын кәсіби педагогтар. Әр балаға оның қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, жеке көзқарас. Есте сақтау, зейін, ойлау және сөйлеуді дамытуға ықпал ететін ойын және білім беру бағдарламалары.

Әлеуметтік орта: басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі, қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Төзімділік, құрмет және достық рухында қолдау және тәрбиелеу. Әлеуметтік дағдылар мен дербестікті дамыту үшін жағдай жасау.

Дамыту іс-шаралары: баланың жеке басының әртүрлі аспектілерін дамытуға ықпал ететін күнделікті ойындар, жаттығулар мен іс-шаралар. Шығармашылық шеберлік сыныптарын, спорттық іс-шараларды, экскурсияларды өткізу. Ата-аналар жиналыстары, консультациялар және іс-шаралар арқылы ата-аналарды білім беру процесіне тарту.

Жас балалар үшін осындай білім беру ортасын құру олардың үйлесімді дамуына, жаңа білім мен дағдыларды игеруіне, сондай-ақ оқуға және өзін-өзі дамытуға оң көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

Қорытындылай келе, жас балалардың дамуы үшін білім беру ортасын құру балалардың жан-жақты дамуы үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай ортаның міндеттері когнитивті, эмоционалды, Әлеуметтік және физикалық дағдыларды ынталандыруды, сондай-ақ оқуға оң көзқарасты қалыптастыруды қамтиды. Тиісті білім беру ортасын құру балаларға өз әлеуетін ашуға және болашақта табысты оқуға дайындалуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, әр баланың қабілеттері мен ерекшеліктеріне қарамастан қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру ортасы инклюзивті болуы керек екенін есте ұстаған жөн. Мүмкіндігінше тиімді оқу үшін балалар өздерін жайлы және сенімді сезінетін достық және қауіпсіз атмосфераны құру маңызды. Сондықтан академиялық білімге ғана емес, әлеуметтік дағдыларды, эмоционалды интеллект пен шығармашылық ойлауды да дамытуға назар

аудару маңызды. Білім беру ортасы балаларды тәуелсіздікке, бастамашылыққа және шығармашылық ойлауға ынталандыруы керек, осылайша олар тез өзгертін әлемде сәтті бейімделе алады. Осылайша, кішкентай балалардың дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру мұқият жоспарлауды, ұйымдастыруды және қолдауды қажет ететін маңызды міндет болып табылады. Алайда, мұндай ортаны құруға жұмсалған күш-жігер болашақта қоғамның белсенді қатысушылары мен көшбасшылары болатын балалардың табысты оқуы мен үйлесімді дамуы түрінде өтеледі.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». А., 2010.
2. Лыкова И.А., Кожевникова В.В. Становление коммуникации в образовательной среде (воспитание и развитие детей раннего возраста) // Казанский педагогический журнал. – 2017. – №. 3 (122). – С. 92-99.
3. Губайдуллина Г.Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 150 б.

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПАТРИОТТЫҚ КӨЗҚАРАС ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Касымбекова Динара Жумабековна
7M01201 – «Бастауыш оқыту педагогикасы
мен әдістемесі»

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор К.Т. Ыбыраимжанов

Аңдатпа

Мақала болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде патриоттық қатынасты қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін қарастырады. Автор қазіргі білім беру ортасы контекстінде патриоттық тәрбиенің маңыздылығын талдайды және болашақ мұғалімдердің патриоттық дайындығын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі принциптерді, әдістер мен технологияларды қарастырады. Бұл үдерістегі мұғалімнің рөліне, сондай-ақ әртүрлі педагогикалық пен психологиялық әдістердің балалардағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға әсеріне ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижелері бастауыш мектепте патриоттық қатынасты қалыптастыру саласында тиімді бағдарламалар мен педагогикалық стратегияларды әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Кілт сөздер: патриоттық көзқарас, бастауыш сынып, психологиялық-педагогикалық аспектілер, білім беру ортасы, педагогикалық әдістер, бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация

Статья рассматривает психолого-педагогические аспекты формирования патриотического отношения у будущих учителей начальных классов. Автор анализирует значимость патриотического воспитания в контексте современной образовательной среды и рассматривают основные принципы, методы и технологии, способствующие формированию патриотической готовности у будущих педагогов. Особое внимание уделяется роли учителя в этом процессе, а также влиянию различных педагогических методик и психологических приемов на формирование патриотических ценностей у детей. Результаты исследования могут быть использованы для разработки эффективных программ и педагогических стратегий в области формирования патриотического отношения в начальной школе.

Ключевые слова: патриотическое отношение, начальные класс, психолого-педагогические аспекты, образовательная среда, педагогические методы, учитель начальной школы.

Annotation

The article examines the psychological and pedagogical aspects of the formation of a patriotic attitude among future primary school teachers. The author analyzes the importance of patriotic education in the context of the modern educational environment and consider the basic principles, methods and technologies that contribute to the formation of patriotic readiness among future teachers. Special attention is paid to the role of the teacher in this process, as well as the influence of various pedagogical techniques and psychological techniques on the formation of patriotic values in children. The results of the study can be used to develop effective programs and pedagogical strategies in the field of forming patriotic attitudes in primary schools.

Keywords: patriotic attitude, primary school, psychological and pedagogical aspects, educational environment, pedagogical methods, primary school teacher.

Патриоттық тәрбие – бұл, адамның адамгершілік құндылықтарын толық қалыптастырудан бұрын басталатын ұзақ және күрделі процесс. Өсіп келе жатқан жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу қашанда толастамаған. Сонау төңкеріс жылдарынан бастау алатын «советтік патриотизм» Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткізді. Одан кейінгі жылдары патриотизмге баулу, жан-жақты үйлесімді дамыған адам, тұлға тәрбиелеу, коммунистік мораль қалыптастыру аясында жүргізілді. Отаншылдыққа, туған жерін қорғауға баулу мектептің тәрбиелік жұмыстарының аса маңызды бөлігін құрайтындықтан, өмірде болып жатқан бетбұрыстар, қоғамдағы саяси көзқарастар, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер еліміздің тарихына, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүріне құрметпен қараумен қатар оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға жол ашып отыр. Мектеп жеке тұлғаның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиетінің қалыптасуына жүйелі жолға қойылған тәрбие беру негізінде қол жеткізеді.

Оқушыларды өз елін, туған жерін қорғауға және оны сүйуге баулып, оларға сонау Абылай бабамыздан бастап кешегі желтоқсанға дейінгі азаттық үшін алысқан ұлы тұлғалардың ел тәуелсіздігі жолындағы ерлік істерін ұғындыру мақсатында елтану материалдарын, белгілі қоғам қайраткерлерінің өмір деректерін көптеп қолдану елжандылық сезімдерін тереңдететіні сөзсіз.

Қандай мемлекеттің де ертеңі еңселі, бала-шағаның баянды болуы жастардың тағдыр-тәлейінің қалай қалыптасқанына байланысты. Сондықтан мектептер мен өзге де оқу орындарының басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарды игеруге қабілеті, ғылым мен тәжірибе жүзінде терең білім ала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі құндылық даму үдерісі ғана емес, тереңдік және тәжірибелік бағыттағы тәрбиелік білімдердің көлемін және олардың сапалық деңгейін берумен қатар оларды меңгерту тәсілін жүзеге асыру. Осы тұрғыдан қарастырғанда құндылыққа байланысты білімдер жүйесін қалай және қаншалықты деген сұрақ төңірегіндегі жауып беруге байланысты өлшемдік жасау арқылы көрсеткіш деңгейін беруге болады. Бұл қазіргі кезде құндылық тұрғысынан меңгерілген білім деңгейі мен сапаның құзыреттілігі өлшеніп, анықталынып, түсіндірілетін теориялар орын алуда. Бұған Болондық келісімшарт негіз болды.

Құзыреттілік - белгілі бір мәселені шешуде меңгерілген білімді, іскерлікті, дағдыны қолдану қабілеті. Кез келген құзыреттілік теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталғандығы мен және оның осы бағыттағы біліктілігімен өлшеніп, бағаланады. Бүгінгі болашақ педагог маман жалпы және арнайы мамандыққа бағатталған яғни, мамандандырылуға бағатталған білімді терең меңгерген және біліктілігі жоғары болуы керек. Жаңа педагогикалық технологияларды жетік меңгерген және кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Құзыреттілікті бағалаудағы сапалық деңгей көрсеткіші бәсекелестікке қабілеттілікті арттыруда ықпал жасайтын әрекет белсенділігіне алып келеді. Бірақ бұнда өзара түсіністік пен тілтабысушылық - төзімділік, коммуникативтілік, т.б.сында әлеуметтік маңызды сапалар да басты әрі негізгі мәнге ие болуын жоғалтады керек. Себебі, адамгершілік-ізгіліктік, азаматтық, ұлттық құндылық жайында білімдері терең және оны мақтан тұтатын саналық сезім мен сапалы тәрбиелік т.б. көрністерінің болуы болашақ педагог мамандарға кәсіби білім беруде тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастыруда маңызды мәнге ие болады.

Заманауи білім мен тәрбие беруге әлеуеті жеткілікті және кәсіби құзыреттілігі мен білігінің жаңа талаптарға сәйкес келетіндері ғана болашақта мұғалім мамандығының кәсіби игері бола алады, ал мұғалім заман талабына сай болуы тиіс [1, 75]. Яғни, елімізде мемлекеттің тәрбие саясатының нақты стратегиясы жасалды, педагогика ғылымы сол тапсырысты орындауы тиіс. Ғылымның әлеуметтік өзгерістерге дер кезінде көңіл бөлуі - оның дамуының көрсеткіші. Сондықтан болашақ мұғалімдер өздерінің тәрбие жұмысын жүргізу қызметтерін талапқа сәйкес орындауға лайық болуын және оларды осы бағыттағы даярлықтары теориялық және практикалық жақтарының толық қамтамасыз етілуі

жоғары оқуының міндеттеріне кіреді. Бұл - болашақ мұғалімдерді даярлаудағы тәрбиелік әлеуетінің жетік болуымен байланысты екені заңдылық.

Жалпы білім беретін орта мектеп бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбиесін қалыптастыру мен дамыту барыстарында адами құндылықтар мазмұнымен берілуіне тікелей байланысты болмақ. Патриоттық тәрбие құрылымдық құрамаларының ролі мен ықпалын анықтай келе, оқушылардың ұлттық және мемлекеттік қоғам жағдайындағы таным-түсініктер мен адамгершілік, құлықтық, құқықтық, эстетикалық, т.б. сезімдері олардың ақыл-ой және жауапкершілігімен тікелей байланысты, яғни бастауыш сынып оқушыларының қоршаған ортаға ақылды, ойлы қатынасын қалыптастыру болып табылады [2, 84].

Жоғарыдағы баяндағындарды талдап, қорыта келе, педагогикалық үдерісте отансүйгіштік пен елжандылық бағытындағы патриоттық тәрбие ұғымын қалыптастырудың тиімді формасын айқындауды арнайы зерттеу қажет етеді және бұнда түрлі тәрбиенің өзара ықпалдасуы мен кіріктірілуі және байланыстары негізіндегі өзалдына жүйені құрайтын психологиялық-педагогикалық құбылыстық әрекет ретінде сипатын ашу қажет деп түсінуге болады.

Тәрбие берудің мақсаты - оқушы тұлғасын дамыту. Оқушыларды өмірге баулуда түрлі тәрбиені қалыптастыру мен дамыту - олардың тұлғалық болмысындағы патриоттық сезімін сенім түсініктерін мақсатты іске асыруда жүйелі жұмыста қажет ететін үдеріс. Педагогтер оқушыларды патриотизмге тәрбиелеуде олардың жандүниесіне ықпал жасай отырып ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілділігін, ілтипаттылығын, жауапкершілігі, т.б. қасиеттерін басшылыққа ала отырып, елжандылық пен отансүйгіштік таным түсініктерін дамытады. Қандай қоғам болмасын әлеуметтік ортада, өмірде, жанұяда, еңбекте, халықаралық қатынастарда құлықтық сана түсінігі мен сезімін қоғамдық тәртіпке келтіреді, қалыптастырады және дамытады. Құлықтық қағидаттар мен заңдылық түсініктері барлық адамдарға қатысты және олардың өзара қарым-қатынас жүйесін реттейді, бекітеді немесе өмір талаптарына сәйкес дамытады, түрлендіреді.

Тәрбие беруде патриоттық түсінік, саналық наным сенімі дамыту міндеттер орын алады:

- ✓ Оқушылардың қоғамдық сана түсінігіндегі патриоттық тәрбиесін қалыптастыру;
- ✓ Оқушылардың жеке тұлғалық болмысында елжандылық пен отан сүйгіштікке түсінігінің бекуіне мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық қолдаулар мен ықпал жасау;
- ✓ Отанға, оның рәміздеріне – Атазаң, Әнұран, Елтаңба және мемлекеттік құрылымға құрметпен қарауға, заңды құқықтық ережелерді сақтау мен қорғауға деген ықпалы пен ниеттілік сезімін тәрбиелеу.

Бастауыш білім беру кезеңінде оқушылардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыру мен дамытуда оқу-тәрбие мазмұнында елжандылық пен отансүйгіштікті жүзеге асырылуы қажет. Дегенмен де, бұл тұста тәрбиенің барлық түрлерін интеграциялау немесе өзара іштей кіріктіре байланыстыру арқылы іске асыралатын заңдылығын басшылыққа ұстау керек. Өйткені, тәрбиенің барлық түрі бір-бірімен өзара байланыста болатынын есепке алу, сондай-ақ, қай тәрбие түрінен түсінік тамымды кеңінен қалыптастыру мақсат етіп алынса, онда сол тәрбие түрі жетекші орында болуын ескеріп, соның төңірегіне басқа тәрбие түрлерін шоғырландыру арқылы оқушылардың таным-түсініктерін дамыту іске асырылады. Бұл оқушының дамуына тікелей әсер етеді.

Бұл құзыреттілік оқушының әлемдегі, оның жақын ортасындағы нақты құндылықтарды түсінуімен, іс-әрекеттер жасау кезінде және шешім қабылдау жағдайында мақсаттар мен семантикалық көзқарастарды таңдауымен байланысты. Құндылық-семантикалық құзыреттілік деп біз жеке тұлға мінез-құлқы ерекшеліктерін қалыптастырумен байланысты әртүрлі қызмет түрлерінде жеке тұлғаның өзін-өзі тануын қалыптастыру механизмін түсінеміз. Құндылық-семантикалық құзыреттілікті қалыптастыру өмірлік тәжірибені пайдалануға бағытталған, оның негізі адамның құндылыққа бағдарланған дүниетанымды дамытуға, жаңартуға және қалыптастыруға дайындығымен анықталатын білім, білік және дағдылар болып табылады [4, 63].

Бастауыш сынып оқушыларының құндылық-семантикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бірнеше синхрондалған аспектілерге ие:

- бұл құзырет олардың патриоттық тәрбиесі тұрғысынан қарастырылады;
- ол жаңа талаптармен анықталады;
- жаңа буын мектебі бастауыш сынып оқушыларының құндылық-семантикалық құзыреттіліктеріне әсер ететін қазіргі қоғамның дамуы жағдайында патриоттық тәрбие;

- қоғамдағы құндылықтарды бұрмалауға, өзгертуге және ауыстыруға әкелетін ақпараттық технологияларды, қажеттіліктерді дамыту, бұл бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлқында көрініс табады.

Бұл - келешек ұрпақты өмірге баулудағы өскелең ұрпағымыздың тұлғалық болмысында отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, патриотизмге тәрбиелеу. Бұл тәрбие барысында ұлттық мазмұн басты мәселе болуы тиіс. Патриоттық тәрбиені қалыптастыру мен дамытуда ұлттық мұра болып табылатын тәлімдік мұралар мен рухани құндылықтарымызды қастерлеуге, аға ұрпақ өкілдерінен сабақтасықпен жалғасып келе жатқан тәлім-тәрбиелік, үлгілі-өнегелік істерін бағалап, ұрпақ тәрбиесі барысында негіз етіп отыруымыз қажет.

Өткен ата-бабаларымыздың ел мен жерді қоғаудағы ерлік істеріндегі батырлық әрекеттері көрсету мен қазіргі замандас болып табылатын жеке адамдардың бейбіт өмірдегі ерлік істері мен батылдық әрекеттерін дәріптеу үлгі-өнегелік істер ретінде жастарға ұсыну және мазмұнды жеткізуді басты мәселе ретінде қарастыруымыз қажет. Батырлық, ерлік жасау – үлгі өнегелік іс және ол адам жан дүниесінің болмысында орын алатын ерекше қасиеті. Ұлы Отан соғысы жылдарында ел мен жерді қорғаудағы ерлік пен батылдықтың үлгісін көрсеткен ұлт мақтанышына ие болған Б.Момышұлы, Т.Бигельдинов, Т.Тоқтаров, Н.Әбдіров, Қ.Қайсенов, Ә. Молдағұлова, М. Маметова, Қ.Аманжолов, тағы басқа аға ұрпақтың өкілдері - халқымыздың мақтанышы. Олардың әрқайсысын үлгі өнегелік өмірі біздің еліміздің мақтанышы мен абырой, атақ, даңқын асқақтады. Бұлар кейінгі жас ұрпақтың өміріне үлгі, өнеге етіп дәріптеу - біздің ұлт және жастар алдындағы міндетіміз бен парызымыз.

Жастардың тұлғалық болмыс бітімінде елжандылық пен отансүйгіштік негізіндегі патриоттық сезімдерін қалыптастыруымыз қажет. Олар:

- отансүйгіштік пен елжандылық.

- Халқымыздың салт-дәстүрі мен әдеп ғұрпын мақтан тұтып, туған жер, атамекенді аялап, елінің, тілі мен рухани және материалдық-мәдени құндылықтарын, әдебиеті мен тарихын, ел мен жер үшін қызмет жасаған ұлт перзенттерін мақтан тұтып, қадірлеп, қастерлеуді ұрпағына аманат ету жайындағы білім мен түсініктерінің берік болуын қалыптастырып, дамыту басты нәрсе болып табылады.

Бастауыш сыныпта оқушылардың азаматтық пен патриоттық, Отан, туған жер мен ел туралы ұғымдардың мазмұнын түсініп, оларда алғашқы патриоттық сезім қалыптасады және дамиды. Осы бастауыш білім беру кезеңінде сыныптық сатылар жүйесімен білім алып, оқу-тәрбие үдерісінде өздерінің дербес және қоғамдық мінез-құлқы туралы азаматтық пен патриоттық тәрбиесінің мазмұн, түсініктері жайында білімдері мен тәжірибелері дамиды. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру үдерісінде дүниеге ғылыми танымдық көзқарасты қалыптастыру жүзеге асырылады. Азаматтық пен патриоттық сезімдерін тәрбиелеуде гуманитарлық цикл бағытындағы пәндердің топтамасы басым бағытты құрайтыны анық, себебі гуманитарлық бағытағы білім беретін пәндердің мазмұндық жүйесі қоғамдық сананы қалыптастыру мен дамытудағы басты идеялық түсініктерге жетекшілік ететіні анық. Бастауыштағы оқу үдерісінде адамгершілік пен азаматтық және патриоттық сезімдерге баулитын пәндер – әдебиетті оқу, дүниін тану, тіл пәндері және даталы күндерге байланысты өтілетін арнайы тәрбие сағаттар мен жеке тұлғалармен ұйымдастырылатын арнайы кездесулердің, т.б. жиынтығы болып табылады. Бұлар бастауыш сынып оқушыларына отансүйгіштік, ұлтжандылық, идеялық сенімді қалыптастырады және дамытады. Өткен және бүгінгі күндегі өмірлік тәжірибеде орын алып отырған үлгі-өнегелік өмір көріністері оқушылардың адамгершілік пен азаматтық және патриоттық тәрбие бағытындағы түрлі қасиеттерді оқып-үйрене отырып, жеке тұлға болып қалыптасуы мен дамуында маңызды мәнге ие болады [5, 105].

Жалпы алғанда патриотизм тәрбиесінің әлемдік теориясы мен тәжірибесінде жалпы түрде қабылданған басты мақсат - жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан осы үдерістер азаматтық пен патриоттық тәрбиенің ерекшелігін анықтайды: жеке тұлғаның өзімен және қоғаммен үйлесімді байланыста өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі пайдалана алуы үшін мүмкіндік жасау болып табылады [6, 74].

Патриотизм дәстүрлерде жеке тұлғаның дамуындағы өміршең және өнімді әрі жан дүниедегі үйлесімділік пен өмірлік тәжірибесінің өзара байланысты өзгерістермен жүретін біртұтастық үдерісі ретінде қарастырылады және әлеуметтік ортамен байланыстылық көрінісімен сипатталады [7, 84].

Патриоттық тәрбие мақсатының қазіргі түсінік пен таным тұрғысындағы түсіндіруде жеке тұлғаның өміріне, өз құқығына ықпалын және өз қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін ашудағы жауапкершілігін, өзін-өзі дамыту мен жеке таңдау еркіндігі және оған қоғамның ықпалдық қатынасын

түсінуді бағалау мен толық түсінуге мүмкіндік жасау деп түсіндіруде. Сондай-ақ, қазіргі түсінік бойынша патриоттық тәрбиенің басты мақсаттарының бірі - жалпы адамзаттық сана мен мәдениеттің негізгі тетіктері жайындағы білімдерді қалыптастыру мәселесі тұрғысында қарастыру жайындағы көзқарастар кеңінен өріс алуға [8, 19].

Қазіргі жоғары оқу орны педагогикасы жалпы ғылымилық, әлеуметтік-философиялық, қоғамдық құрылым мен халықтық мәдени және адамгершіліктік пен эстетикалық қарым-қатынастық, т.б. үдерістердің тоғысуына сәйкес келуде. Өйткені қоғамдық өмірдің дамуындағы орын алған міндеттер мен даму барысындағы мақсаттардың мазмұндық талаптарына сәйкес тәрбиенің құндылық сипаттарын қайта анықтау өзекті мәселе болып отыр. Мемлекет, қоғам болғаннан кейін жастардың тәрбиесіндегі патриотизм құндылықтарды дамыту, яғни жеке тұлға бойында қайырымдылықты, шыншылдықты, әділдікті, еркіндікті қалыптастыру педагогика ғылымының озық идеялық қағидаттық ұстанымдарының бірі болып отыр. Тәрбие тәжірибесінде бүгінгі күні жалпыадамзаттық негізгі құндылықтарды анықтау, бекіту үшін аса қажет [9, 28]. Болашақ мамандарды даярлау барысында негізгі мақсат - шығармашылықпен жұмыс істей алатын, патриоттық көзқарасы мен сенімдері қалыптасқан елі мен туған жерін мақтан тұтып, сүйспеншілікпен аялайтын және оның дамуы мен кемелденуіне бар күш-жігерін салатын жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту.

Оқу-тәрбие үдерісін гуманизм түсінігі аясында құра отырып болашақ педагогтерге, әсіресе бастауыш сынып мұғалімдеріне бүкіладамзаттық құндылықтарды дарыту арқылы, әрбір студенттің тек білімі, біліктілігі және дағдысын ғана емес сонымен бірге, ең жоғары адами қасиеттерге ие сипаттық бейнесін қалыптастыра отырып, олардың рухани болмыстағы сапа мен саналық түсінігін жүзеге асыруды басты мәселе ретінде түсінуіміз қажет. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің адами сапасының қалыптасу дәрежесіне байланысты оның маман ретіндегі кәсіби әлеуетінің деңгейінің көрінісі орын табады. Сондықтан кәсіби білім, іскерлік пен дағды студенттердің тек тұлғалық ерекшелігі қарапайым көрінісінің негізі болады, ал қабілеттері мен құндылық бағдарларының жан-жақты дамуы жоғары және өнімді қалыптасу деңгейі ретінде көрініс береді. Бұл тәрбиелік мәдениет дамуының, бүкіладамзаттық құндылықтарды меңгеру арқылы патриоттық көзқарасының берік және сенімді, әрі тұрақталуының көрсеткіші болып табылады. Студенттердің жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімдері мен патриоттық көзқарастарын қалыптастырудың ең ұтымды және мүмкін құралы – берілетін білімдерді болашақ ұрпақ үшін адами түсінік пен танымды және рухани болмыс пен құндылықтар жайындағы дүниетанымдық мазмұндағы заманауи білімдер екендігін басшылыққа алу.

Зерттеу материалы мен әдістемесі. Зерттелетін мәселе аспектісінде психологиялық әдебиеттерге теориялық-педагогикалық талдау жүргізілді, бастауыш жалпы білім берудің федералды мемлекеттік білім беру стандарты, сондай-ақ біздің зерттеу мәселесі бойынша озық педагогикалық тәжірибе зерттелді. Мақсатқа жету үшін келесі әдістер қолданылды: теориялық-психологиялық педагогикалық және ғылыми-әдістемелік дереккөздерді зерттеу, бұл бізге талдау жүргізуге мүмкіндік берді; адамгершілік тәрбиесі бойынша ресейлік және шетелдік эксперименттердің нәтижелері; эмпирикалық-бастауыш сынып оқушылары ата-аналарынан сауалнама жүргізу, олармен әңгімелесу; білім алушылармен рөлдік және іскерлік ойындар.

Әдебиеттер

1. Герасимова, Е. И. Патриотическое воспитание в начальной школе: теория и практика. Москва: Издательство "Просвещение", 2019. 180 с.
2. Зимняя, И. А. Психология обучения школьников. Москва: Педагогическое общество России, 2017. 240 с.
3. Крылов, С. Д. Формирование патриотического сознания у будущих учителей: психолого-педагогические аспекты // Вестник педагогического университета. 2020. № 5 (25). С. 78-89.
4. Петрова, Н. В. Роль учителя начальных классов в формировании патриотического отношения у учащихся // Психолого-педагогические исследования. 2018. Т. 10, № 2. С. 45-56.
5. Смирнова, Е. П. Патриотическое воспитание в начальной школе: опыт и перспективы. Москва: Издательство "Педагогика", 2016. 200 с.
6. Усова, Н. А. Психология и педагогика: взаимосвязь и взаимодействие. Москва: Научно-педагогическое издательство, 2021. 160 с.

7. Хоменко, И. В. Психологические основы патриотического воспитания в начальной школе // Психологическая наука и образование. 2019. Т. 24, № 2. С. 55-67.
8. Черкасова, О. С. Патриотическое воспитание в современной начальной школе: теория и практика // Вестник педагогического института. 2018. № 3 (15). С. 112-125.
9. Шевченко, А. Н. Патриотическое воспитание младших школьников: психолого-педагогические аспекты // Педагогический журнал. 2017. № 2 (20). С. 34-47.
10. Яковлева, Л. И. Развитие патриотических чувств у будущих учителей начальных классов // Педагогический вестник. 2020. № 6 (30). С. 87-98.

АРТПЕДАГОГИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛУ МАҢЫЗЫ

Қуаныш Альфия Каиржанқызы, Новарова Руфина Нуршатқызы
6B01101 –Педагогика және психология БББ, 2 – курс (3 ж.) студенттері
ҚазҰлтҚызПУ, Ғылыми жетекшісі: Медеубаева Кенжехан Турапбековна
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор м.а.

Аңдатпа. Артпедагогика міндеттері мен функциялары көркемдік білім берудің қолданыстағы бағдарламаларынан айтарлықтай ерекшеленеді, өйткені, мақсат - баланы сурет салуға үйрету емес, өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі тануға және коммуникативті дағдыларды игеру қабілетін дамыту. Артпедагогика балалардың қиялын, зейінін, шығармашылық ойлауын, сезімдері мен көңіл-күйлерін еркін білдіруге, ұжымда жұмыс істеу қабілетін дамытуға көмектеседі. Артпедагогиканы арт-терапиямен ұштастыра отырып, білім беру арқылы балалар, студенттер эмоциясының жарқын болуына, дүниетанымдары кеңеюіне, сезімдерін ашық айта білулеріне үйрете аламыз.

Кілт сөздер: артпедагогика, арт-терапия, арт-әдістер, оқушылар, өнер, эмоция, сезім, қабілет, коллаж, музыка, сурет, би, мандала

Аннотация. Задачи и функции артпедагогики существенно отличаются от существующих программ художественного образования тем, что цель состоит не в том, чтобы научить ребенка рисовать, а в том, чтобы развить способность к самовыражению, самопознанию и овладению коммуникативными навыками. Артпедагогика помогает детям свободно выражать воображение, внимание, творческое мышление, чувства и настроения, развивать умение работать в коллективе. Сочетая артпедагогику с арт-терапией, мы можем научить детей, учащихся быть яркими эмоциями, расширять кругозор, открыто выражать свои чувства.

Annotation. The tasks and functions of art pedagogy differ significantly from existing art education programs in that the goal is not to teach a child to draw, but to develop the ability to express himself, self-knowledge and mastery of communication skills. Artistic pedagogy helps children to freely express their imagination, attention, creative thinking, feelings and moods, as well as develop the ability to work in a team. By combining pedagogy with art therapy, we can teach children and students to show vivid emotions, broaden their horizons and openly express their feelings.

Конфуций: «Маған айтып берсең, ұмытып қаламын, көрсетсең,есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң, үйренемін» деген екен. Осы даналық ойды әр мұғалім жадында ұстап, өнер арқылы, оқушыларды қызықтыра білім беріп, тәрбиелейтін болса, жақсы нәтижеге жетері анық.

Өнер барлық уақытта өзінің ішкі, жеке эмоционалды тәжірибесі, шығармашылық процеске жеке қатысуы арқылы жалпыадамзаттық құндылықтар мен дамудың маңызды құралы.

Артпедагогика - бұл өнер арқылы адамның тәрбиесі мен даму заңдылықтарын зерттейтін педагогикалық ғылымның дербес саласы.

Артпедагогиканың жалпы педагогикамен ортақ түпкі мақсаты - балаға өзін түсінуге және өзімен бірге, басқа адамдармен бірге өмір сүруге, қоршаған әлемді тануды үйренуге, яғни дамып келе жатқан адамға оның әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына көмектесу [2].

Артпедагогиканың ерекшелігі – ол, дамушы және тәрбиелік әлеуеті бар өнер және көркемдік-шығармашылық қызмет құралдары арқылы оқыту, тәрбиелеу, білім беру.

Артпедагогиканың міндеттері мен функциялары көркемдік білім берудің қолданыстағы бағдарламаларынан айтарлықтай ерекшеленеді, өйткені, мақсат - баланы сурет салуға үйрету емес, өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі тануға және коммуникативті дағдыларды игеру қабілетін дамыту. Артпедагогика балалардың қиялын, зейінін, шығармашылық ойлауын, сезімдері мен көңіл-күйлерін еркін білдіруге, ұжымда жұмыс істеу қабілетін дамытуға көмектеседі. Бұл педагогикалық бағыт әртүрлі білім беру мәселелерін шешеді:

- балаға да, мұғалімге де оқу процесін жеңілдетеді;
- мұғалім мен тәрбиеленушінің рухани және рухани тәжірибесіне сүйене отырып, оқу материалын пысықтауға мүмкіндік береді;
- мұғалім мен тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынасты реттеуге, диалог жүргізу үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасауға көмектеседі, онсыз өнімді оқыту болмайды;
- адам тұлғасының тұтастығын сақтауға көмектеседі, оқу процесінде бірінші кезекте тұлғаның этикалық, эстетикалық, эмоционалды салаларына әсер ету болғандықтан, өте маңызды рөлге ие;
- тұлғаның қоғамға бейімделуіне ықпал етеді және тағы басқалар [2].

Артпедагогикада тәрбие мен даму мақсаттары дидактикалық мақсаттардан басым. Шығармашылық іс-әрекет процесінде мұғалім мен оқушының өзара әрекеті эмоционалды-тұлғалық дамуы тиімділігін едәуір арттырады, өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі ашу, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру процесіне ықпал етеді.

Қазіргі мұғалім білім беру саласындағы жаңа бағытқа, яғни, артпедагогикаға барынша мұқият болуы керек. Бұл - қосымша білім беру немесе сабақтан тыс жұмыс емес, бұл жаңа формациядағы адамның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тоқтатуы үшін ең қолайлы жағдай жасайтын технология. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, мектептерде және жоғары оқу орындарында әр сабақ оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес артпедагогикалық әдістермен толтырылуы керек. Осы кәсіби қызмет жағдайында мұғалім оқушылармен жұмыс жасауда әртүрлі, стандартты емес психологиялық дайындықты қажет етеді.

Өнер арқылы емдеу әдісі Ежелгі Греция, Египет, Месопотамия, Қытай және Үндістанда қолданылған. Ежелгі астарлы әңгімелердің бірінде, Дәуіт арфада ойнап, Саулды жүйке депрессиясынан емдегені айтылады. Үнді философиясы «жан мен тыныштықтың көрінісі музыка арқылы жүзеге асырылуы мүмкін» дейді. Сол сияқты өнерге байланысты құдыретті әңгімелер мен аңыздар өте көп [1].

Қазіргі ХХІ ғасырда жастарымыздың бәрі білімді, сол білімдерін өнер арқылы оқыта отырып толықтырсақ - үлкен мәртебе. Артпедагогиканы арт-терапиямен ұштастыра отырып, білім беру арқылы балалар, студенттер эмоциясының жарқын болуына, дүниетанымдары кеңеюіне, сезімдерін ашық айта білулеріне үйрете аламыз.

Студент ретінде педагогика пәнін өткен сайын арт-терапия техникаларын қолданып отыру арқылы сабағымызды бірізді, дәстүрлі форматта емес, қазіргі заманауи оқыту үлгісіне сай, жемісті етіп өтуге мүмкіндік алудамыз. Сонымен қатар, педагогикалық іс – тәжірибеден өту барысында Алматы қаласының С.Сейфуллин атындағы №74 жалпы білім беретін мектебі және №76 жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып оқушыларымен түрлі арт - әдістерді қолданған болатынбыз. Соның ішінде, балаларға ерекше ұнаған арт-әдістер: коллаж терапиясы, сурет терапиясы, музыка, би және мандала терапиялары болды.





Осындай арт-әдістерді сабақпен байланыстыра отырып қолдану арқылы балалардың эмоционалды жағдайын, көңіл-күйін тағы да басқа ашық көрсете бермейтін сезімдерін байқай аламыз. Біздің педагогикалық іс-тәжірибе бойы арт-әдістерді қолдану арқылы байқағанымыз балалар эмоциясын, сезімдерін ашық, айқын көрсете бастады, бір-бірімен ұжымдық қарым-қатынасқа қысылмай, жақсы түсе бастады, үнемі позитивті көңіл-күймен сабақты күтетін болды, яғни қызығушылықтары артты.

Артпедагогиканың қай әдісін алсақ та, оны сабақпен байланыстыра отырып жүргізу өте тиімді. Балаларды өнер арқылы оқытамыз, тәрбиелейміз, білім береміз, сонымен қатар, сол сәттегі жағдайын біліп, оларды емдей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Медеубаева К.Т., Қылышпай Б.С. Артпедагогика (дәріс және практикалық жаттығулар): оқу құралы. Алматы, 2022

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

С. Қ. Орынбаева, Ұ.Сұлтан,
студенттер

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз, Қазақстан
Жетекші: Б.Т.Сурабалдиева

Аңдатпа

Бұл мақала бастауыш сынып оқушыларын оқытудың заманауи тәсілдері оқытуды дараландыруды, интерактивті технологияларды қолдануды және ойын әдістерін белсенді қолдануды қамтиды. Бастауыш мектепте білім мен дағдыларды тиімдірек игеруге ықпал ететін олардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқушылармен жұмыс істеудің әртүрлі формаларына баса назар аударылады. Мақалада сонымен қатар оқу процесінде оқушыларды педагогикалық қолдау мен қолдаудың маңыздылығы, сондай-ақ оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін оқытуды саралаудың әртүрлі әдістерін енгізу қарастырылады. Оқытуда ойын элементтерін қолдануға ерекше назар

аударылады, бұл оқу процесінің тартымдылығына және оқушылардың мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Зерттеу сонымен қатар білім беру процесін түзету үшін оқушылардың кері байланысы мен жетістіктерін бағалаудың маңыздылығын атап өтеді. Бастауыш сынып оқушыларын оқытудың заманауи тәсілдері мен әдістемелерін талдау білім беру процесін оңтайландыруға және барлық оқушыларды табысты оқыту үшін қолайлы жағдай жасауға көмектеседі.

Кілт сөздер: заманауи, тәсілдер, оқыту, оқушылар, дағды

Қазіргі білім беру үнемі дамып, өзгеріп отырады және бұл оқыту әдістерін үнемі жаңартып отыруды қажет етеді. Атап айтқанда, бастауыш сынып оқушыларын оқыту негізгі дағдылар мен білімді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, бұл олардың одан әрі оқудағы жетістіктерін анықтайды. Осыған байланысты, соңғы жылдары педагогикалық практикада бастауыш сынып оқушыларын тиімдірек және дараландырылған оқытуға ықпал ететін қазіргі заманғы оқыту тәсілдеріне қызығушылықтың артуы байқалды. Бұл мақалада әр баланың сәтті дамуына ықпал ететін ынталандырушы және әртүрлі оқу ортасын құруға көмектесетін бастауыш сынып оқушыларын оқытудың негізгі заманауи тәсілдерін қарастырамыз.

Қазіргі білім беруде, әсіресе бастауыш сыныптарда оқытуды дараландырудың маңыздылығы барған сайын мойындалуда. Даралау білім беру процесін әр оқушының қажеттіліктеріне, оның ерекшеліктерін, материалды игеру қарқынын, оқу стилі мен дайындық деңгейін ескере отырып бейімдеуді қамтиды. Бұл тәсіл әрбір оқушы өзінің қабілеттері мен әлеуетіне сәйкес дами алатын тиімдірек және жайлы оқу ортасын құруға мүмкіндік береді.

«Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс»[1].

Заманауи білім беру оқытудың жаңа тәсілдерін қажет ететін тез өзгеретін әлемнің қиындықтарына тап болады. Бұл тұрғыда цифрлық технологиялар бастауыш сынып білімінде маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада біз бастауыш сынып оқушыларын оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың артықшылықтарын және олардың оқу процесіне әсерін қарастырамыз.

Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамыту үшін әртүрлі әдістер мен ресурстарды қолдануға болады. Балаларды сыни тұрғыдан ойлауға, ақпаратты талдауға және оның дұрыстығын бағалауға үйрету маңызды. Интернеттегі интерактивті ресурстар, ойындар және білім беру бағдарламалары осы мақсатқа жетудің пайдалы құралы бола алады.

Тағы бір маңызды қағида - оқытуды даралау. Әр бала ерекше және өзіндік ерекшеліктері, қажеттіліктері мен қабілеттері бар. Тәрбиешілер осы айырмашылықтарды ескеріп, әр баланың өз әлеуетіне жетуі үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді ұсынуы керек. Мысалы, бір балаға көрнекі материалдарды пайдалану пайдалы болуы мүмкін, ал екіншісіне интерактивті және практикалық тапсырмалар [2].

Бастауыш сынып оқушыларын оқытудағы ойын әдістері оқу процесіне оң көзқарасты қалыптастыруда және оқу қызметін жандандыруда шешуші рөл атқарады. Олар шығармашылықты, логикалық ойлауды, әлеуметтік дағдыларды және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ойын элементтеріне негізделген тәсілдер балаларға оқу материалын жақсы меңгеруге көмектеседі, өйткені ойын оларға белсенді қатысуға, тәжірибе жасауға және бақыланатын ортада сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ойын әдістері балалардың табысты оқуы мен дамуы үшін маңызды болып табылатын жағымды эмоционалды фонды қалыптастыруға ықпал етеді.

Басқа балалармен және мұғалімдермен өзара әрекеттесу қарым-қатынас, ынтымақтастық, эмпатия және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл балаларға қоршаған әлемді жақсы түсінуге, әлеуметтік дағдыларды дамытуға және әртүрлі жағдайларға бейімделуге көмектеседі. Бірлескен ойындар, топтық жобалар және оқу материалын талқылау білімді тереңірек игеруге және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. Осылайша, әлеуметтік өзара әрекеттесу білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және оқушылардың толыққанды дамуына ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытуға көмектесетін көптеген бағдарламалар мен әдістер бар. Мұнда бірнеше танымал бағдарламалар бар:

1. "Эмоционалды интеллектті дамыту" (REI) - Даниэль Гулман және оның әріптестері әзірлеген бағдарлама, ол балаларға өзін-өзі реттеу, эмпатия, эмоцияларды басқару және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі.

2. "Тұлғааралық дағдылар" - бұл балаларға қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, жанжалдарды шешуге, стрессті басқаруға және басқалармен қарым-қатынасты жақсартуға көмектесетін бағдарлама.

3. "Эмоциялар денсаулығы" - бұл балалардағы эмоционалды интеллектіні, өзін-өзі тануды және стрессті басқаруды дамытуға бағытталған кешенді бағдарлама.

Бұл бағдарламаларға әдетте балаларға эмоцияларын түсінуге, басқаруға және басқа адамдардың эмоцияларын жақсы түсінуге көмектесетін әртүрлі жаттығулар, ойындар, Рөлдік ойындар мен пікірталастар кіреді. Бастауыш сынып оқушыларының жасына және қажеттіліктеріне сәйкес келетін бағдарламаны таңдау маңызды.

Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр [3].

Қазіргі білім беруде бастауыш сынып оқушыларының тәуелсіздігі мен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға көбірек көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар табысты оқу іс-әрекетін қалыптастыруда, сондай-ақ оқушылардың жеке қасиеттерін дамытуда шешуші рөл атқарады. Өз бетінше жұмыс істеу, шешім қабылдау және өз әрекеттеріңізді бақылау қабілеті білім беру процесінің маңызды элементі болып табылады. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының тәуелсіздігі мен өзін-өзі реттеуін дамытуға ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді, сондай-ақ олардың балалардың оқуы мен жеке дамуына әсерін қарастырамыз.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың тәуелсіздігі мен өзін-өзі реттеуін дамытуға ықпал ету табысты оқу іс-әрекетін және жеке дамуды қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын атап өтуге болады. Өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндіктерін ұсыну, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту және оқу жетістіктері үшін жауапкершілікті ынталандыру оқушылардың табысты оқуы мен жалпы өмір сүруі үшін қажетті маңызды құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл дағдылар балаларға тәуелсіз, ұйымшыл және мақсатты болуға көмектеседі, бұл өз кезегінде олардың оқуда да, күнделікті өмірде де табысқа жетуіне ықпал етеді.

Қорытындылай келе, оқуды даралау, сараланған әдістерді қолдану, ойын технологияларын пайдалану, әлеуметтік өзара әрекеттесу, топтарда жұмыс істеу және Тәуелсіздік пен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту сияқты бастауыш сынып оқушыларын оқытудың заманауи тәсілдері табысты оқу ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтуге болады. Бұл тәсілдер академиялық нәтижелерді арттыруға ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемде сәтті бейімделу үшін қажетті оқушылардың негізгі дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Білім беру процесіне заманауи әдістер мен технологияларды енгізу балалардың дамуы үшін ынталандырушы және қолдаушы орта құруға мүмкіндік береді, олардың табысты оқуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Бұзаубакова К.Ж. Мектепке дейінгі білім инновациясы [Мәтін] : Оқулық / К.Ж. Бұзаубакова. - Тараз, 2013. - 388б. - ISBN 978-601-7452-05-6.
2. Колесова О. В., Зайцева С. А., Захарычева Н. В. Современные подходы к формированию самооценки у детей младшего школьного возраста // Карельский научный журнал. – 2021. – Т. 10. – №. 1 (34). – С. 24-28.
3. Бадамұратов Д. Мұғалімдердің қадір-қасиетін бағалай білейік...// Шүкірбекова Ә.// Түркістан. – 2013.– 9 б.

МОБИЛЬДІ ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Рауанова Гауһар Ескендірқызы

7М01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Абай атындағы ҚазҰПУ

Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы Ж.Е. Жұмаш

Аңдатпа

Ақпараттық технологиялар бүгінгі күні білім беру үдерісінің басты құралдарының бірі, заманауи технологиялар үдерісті жаңаша көруге мүмкіндік береді. Білім беру іс – әрекеті ашық түрде

жүргізілетін зияткерлік, шығармашылық, мәдени негізде тұлға даярлау үдерісі болып табылады. Мақала барысында электронды білім беру ортасының тұлға дамыту үдерісінің сапасын арттыруға бағытталғаны көрсетілген. Ақпараттық технологияларды оқу үдерісіне ендіру компьютерлік қорларды, оқу және ғылыми материалды ұсыну арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Электронды білім беру ортасын құру үшін қажетті негізгі компоненттерге сипаттама берілді. Олар оқу үдерісін ғылыми – техникалық, коммуникативті, ақпараттық түрде қамтамасыз етеді. Заманауи білім беру жүйесінде электронды мобильді орта барлық білім субъектілерінің қарым-қатынас алаңы болады. Электронды білім беру ортасын жобалау үшін қажетті құралдар қарастырылды. Ақпараттық технологиялар шығармашылық жобалардың орындалуына тиімді әсер етеді. Сондай-ақ технологиялардың білім сапасын арттыруда өзіндік рөлі жоғары.

Кілт сөздер: электронды білім беру ортасы, қарым – қатынас құралы, ақпараттық технологиялар, мобильді технологиялар, жобалау үдерісі

Еліміздің қоғамдық даму деңгейінде саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени даму деңгейінде елеулі өзгерістер бар. Әр кездегі елеулі өзгерістер жоғары оқу орны үдерістері жүйесінің дамуындағы өзгерістерді қажет етіп, тәжірибе мен теориялық даярлыққа инновациялық жаңашылдықты қосу қажеттілігін туындатады. Осы қажеттіліктер туындауынан білім беру мазмұнын сандық технологиялар және жаңа әдістермен қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды.

Оқу үдерісінің тарихына үңілсек, сандық технологияларды білім беру жүйесіне ендіру қажеттілігі айқын екенін көреміз, дегенмен әр даму деңгейіне сай сандық технологияларды ендіруде үнемі қиындықтар болды. Бүгінде ақпараттық технологиялар білім беру үдерісінің нақты бөлімі ретінде, білім беруге жаңаша көзқарасты қалыптастыруға әсер етеді.

Электронды білім беру ортасы көптеген өзара байланысы бар элементтерден тұрады: оқытудың компьютерлік құралы, қарым-қатынас құралы, инновациялық педагогикалық технологиялар, ақпараттық ресурстар. Осындай орта ашық педагогикалық жүйе ретінде, зияткерлік, шығармашылық, мәдени негізде дамыған тұлға қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Заманауи білім беру жүйесінде электронды білім беру ортасын жобалау мәселесімен әр жоғары оқу орны өз оқу үдерісінде айналысады, өйткені мемлекет тапсырысы студенттер үшін электронды білім беру үдерісін құру қажеттілігін көрсеткен. Электронды білім беру ортасын құрудың өзіндік амалдары бар. М.А. Горюнованың пайымдауынша электронды білім беру ортасын құруда басты басымдық педагогикалық мақсатқа беріледі [1]. В.А.Красильникованың айтуынша, ақпараттық кеңістік білім алушының танымдық үдерісін белсенді етуге бағытталған, өйткені оның қатарында психологиялық шарттардың қызметін жақсарту мен инновациялық педагогикалық технологиялар, оқыту құралдарының бағдарламалық және әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды [2].

А.Г.Абросимованың айтуынша электронды білім беру ортасы ақпараттық әлеуеттен, бағдарламалық және техникалық және технологиялық қордан тұрады. Е.В.Мельникова: «Педагогикалық үдеріс қатысушыларын өзара ақпараттық байланысын құру үшін психологиялық және педагогикалық құралдар мен бағдарламалық аппараттар жиынтығынан тұрады», - дейді [3]. Осы негізде электронды білім беру ортасы біріккен ақпараттық орта ретінде тұлға дамуына, қалыптасуына және кәсіби негізде құрылуына әсер ретінде қарастырылды.

Электронды білім беру ортасы салыстырмалы түрде жаңа ұғымдар қатарында. Ақпараттық технологияларды білім беру үдерісіне ендіру компьютерлік құралдарды белсенді етеді, ол құралдар студент тұлғасының кәсіби дамуы мен ғылыми негізде біліммен қамтамасыз етеді. Электронды білім беру ортасы және оның барысында құрылған жағымды жағдай студенттердің зияткерлік дамуы мен педагог маманның кәсіби деңгейі мүмкіндіктерін кең ауқымда көрсетеді. Жоғары оқу орнында электронды білім беру ортасын құру үшін қажетті компоненттер:

- әдебиет көздерін, ғылыми материалдарды және компьютерлерден тұратын ғылыми және техникалық қамтамасыз етілу;
- білім беру субъектілері өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- ақпаратты жүйелі түрде қолдану үшін қажетті мобильді электронды құралдар [4].

Мобильді электронды білім беру ортасын құруды жобалау үшін ең алдымен жоғары оқу орнының білім беру ортасын құру керек, содан соң білім беру үдерісін басқару үшін қажетті инновациялық технологияларды қарау, болашақ педагог маманның кәсіби даярлығы деңгейін ескеру [5].

Электронды білім беру ортасы ақпараттық және қарым-қатынас құру үшін қажетті арнайы құралдардан тұрады, оны іске асыру тікелей қоғам талабын орындауға бағытталған, тапсырысқа сәйкес кәсіби даярлық кезінде ескеру керек құзыреттіліктер қамтылған, инновациялық негізде құрылған білім беру ортасы тікелей білім алушының маңызды сапаларын дамытады.

Электронды білім беру ортасын құруда интернет желісімен қамтамасыз етілудің маңызы зор, интернет барлық қажетті құралдарға қашықтан қосылу қажеттігін қамтамасыз етеді. Интернетпен қамтамасыз ету негізінде ақпарат алмасу ортасы құрылады. Бұл құралдар негізінде, педагог мамандар өз білім алушыларымен ақпарат алмасуда, қарым – қатынас құруда және үй тапсырмасын беруде қашықтан байланыс құра алады [6].

Бұл ортада құрал ретінде компьютер мен телефон алынады, олар дидактикалық негізгі құрал ретінде оқу үдерісі тиімділігін арттырады. Жалпы білім алушылар ақпараттық құралдарын қамтамасыз ету оқу орнының материалды базасын қамтиды. Ондай құралдар ретінде, проекторлар, камералар, мультимедия, сканер мен принтерлер, интербелсенді құралдарды атауға болады. Жоғары оқу орнында электронды білім беру ортасын іске асыруда келесі мүмкіндіктерді ескеру керек: оқу материалын тез және тиімді түрде беру және алу, ақпаратты тез және тиімді түрде өңдеу [5].

Электронды білім беру ортасы білім субъектілері педагог пен білім алушының үнемі бірлескен қарым-қатынасынан тұрады, оның ерекшелігі қарым-қатынас кезінде пайдаланылған құралдардан көрініс табады. Инновациялық әрекетте ең басты рөл педагог маманға тиесілі, ол білім алушының танымдық және шығармашылық белсенділігін арттырады. Сондай-ақ бүгінде қашықтан оқыту үдерісі де электронды орта құру алғышарты ретінде, бұл мәселенің өзекті екендігін көрсетеді. Қашықтан оқыту кезінде студенттерге жан-жақты негізде қамтылған білім беріледі. Педагог маман білім беру үдерісінде өз жауапкершілігін сезінуге, білім алушының тұлға ретінде қалыптасуына зор үлесі бар. Қашықтан оқыту үдерісінің ең басты артықшылығы - уақыт тиімділігі мен өзіндік білім траекториясын құрудағы тиімділігі. Қашықтан оқыту формасында видео дәріс, видео конференция, чаттар, оқу сабақтары, вебинарлар.

Мобильді электронды білім беру ортасы төмендегілерді қамтиды:

Смартфон мен микро оқыту технологиялары пайдаланылатын арнайы жүйе, оның негізінде электронды оқытудың жаңа формаларын ұсынатын оқыту стратегияларын қамтамасыз етеді. Электронды технологиялар білім алушылардың қозғалмалы ортасын қамтамасыз етеді, оның барысында жеке ақпарат пен байланыс ақпаратын енгізуге мүмкіндігі болады. Смартфонды тікелей негізде білім беру үдерісінде қолдану жедел түрде оқу материалына қажетті интернетті тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Білім беру ортасының жаңа мүмкіндіктері үнемі интернетпен тікелей байланыс болуы, үнемі қозғалмалы ортада білім алу мүмкіндігінің болуы, бір тақырыптан келесіге тез өте алуы, технологиялармен тығыз байланыс құра алуына әсері бар. Мобильді электронды орта білім беру үдерісіне жаңа сапа береді, ол - дербес түрде еркіндік беретін құрал, білім беру тенденцияларын тез игеру негізінде қажетті ақпаратқа толық қолжетімділікті қамтиды. Осы сипаттамалар білім алушылардың өзіндік білім алуын дамытуына әсер етеді, ол мобильді оқытудың басты мақсаты болып табылады.

Мобильді оқытудың бірнеше түрлі модельдері бар екенін көрсетеді, мобильді ортаның түрлері педагог пен білім алушы қарым-қатынасы негізінде ерекшеленеді. Ол педагог маманның басқаруы және білім алушының дербес түрде іске асырылуынан көрінеді. Бірінші модель - нақты жоспар негізінде оқыту үдерісін ұйымдастыру, ол педагог пен оның тапсырмаларын бұлжытпай орындау әрекеттерінен тұрады. Педагог мобильді құралға бейімделген негізгі ақпаратты береді, білім алушының оқу траекториясын толықтай құрады, ал білім алушы өз уақытының бос болуы кезіне қарай сол ақпаратпен танысып, білім алады. Екінші модель, оқыту үдерісінің жүйелі жоспарынсыз, бірақ педагог ұсынған бағдар бойынша жүреді. Оқытушының бастамашылдығымен берілген қосымша ақпарат білім алушының өзіндік таным үдерісін арттыруға және мотивациясын арттыруға арналған тапсырмалар, олар орындау үшін міндетті болып табылмайды. Келесі модель мақсаты тікелей білім алушының оқу әрекетін белсенді етуге бағытталған. Бұл жерде білім беру контенті білім алушымен тапсырмаларды орындау үшін өзіндік әдістер таңдалып, білім алушылар тек өзіне қажет кезде ғана оқытушы мен өз курстастарына көмек сұрап жүгінеді. Бұл нұсқада білім алушылардың әлеуметтену ерекшеліктері ескеріледі. Электронды білім беру ортасының негізгі міндеттемелері:

- болашақ педагог мамандардың мобильді білім беру технологияларын тиімді қолдану, білім беру жүйесі сапасын арттыруға бағытталуы керек;
- барлық білім беру мекемелеріне жоғары деңгейлі интернет орнату;

- электронды форматты болашақ педагог маман даярлығына қосу арқылы, болашақ кәсібінде тиімді пайдалануға даярлау;

- электронды білім беру студенттерге өз оқу үдерісінде мобильді құралдарды тиімді қолдануға, онлайн түрде тапсырма алып және тапсырма беру дағдысын арттыруға, әр білім алушыға жеке бағдар болуын, білім беру үдерісіне тез түрде талдауға, білім нәтижелеріне рефлексиялық кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Осы негіздегі қарастырылған электронды білім беру ортасы білім берудің шығармашылық негізде құрылған түрі ретінде қарастыруға болады. Түрлі шығармашылық жобаларды іске асыруда электронды құралдар қарым-қатынас деңгейін қамтамасыз етеді. Оқу үдерісіне білім алушылар белсенді түрде қатысса, ол білім беру тиімділігін арттырып, білім алу сапасын арттыруға әсер етеді.

Жоғары оқу орнының электронды білім беру ортасы - ақпараттық және коммуникациялық қызметтерді тиімді іске асыруға бағытталған дамытуды қамтамасыз ететін орта. Кәсіби даярлық негіздегі оқытылатын пәндер аясында электронды білім беру ортасын құруды жобалау үдерісі тиімді түрде іске асады, компьютерлік және мобильді құралдарды оқу үдерісіне ендіру тиімді қатынасты қамтамасыз етіп, болашақ кәсібіне жан- жақты даяр тұлғаны қалыптастыруды қамтып, негізгі құзыреттіліктерді және ақпараттық қоғамда тиімді әрекет етуді қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Токтарова В.И., Шпак А.Е. Проектирование мобильной информационно-образовательной среды вуза // Высшее образование в России. 2021. №12. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/proektirovanie-mobilnoy-informatsionno-obrazovatelnoy-sredy-vuza> (дата обращения: 07.04.2024).
2. Dreher, R., Kondratyev, V.V., Kazakova, U.A., Kuznetsova, M.N. (2021). New Concept of Engineering Education for Sustainable Development of Society. In: Auer, M.E., Rüttmann, T. (Eds.). Educating Engineers for Future Industrial Revolutions. Advances in Intelligent Systems and Computing. ICL 2020. Vol. 1329, Springer, Cham., pp. 819-831. DOI: https://doi.org/10.1007/978-3-030-68201-9_81
3. Миралиев А.М., Шарипов Ф.Ф. Проблема информатизации высшей школы // Вестник Педагогического университета. 2014. № 2 (57). С. 16-22.
4. Bhardwaj, R.K., Jain, R.K. (2015). Research Trends in Mobile Learning: A Global Perspective. Collnet Journal of Scientometrics and Information Management. Vol. 9, no. 2, pp. 205-224, doi: 10.1080/09737766.2015.1069960.
5. Возможности цифровой образовательной среды для повышения качества образования. Сайт Ревякинской СОШ Иркутского района. http://schoolrev.irk.city/p/cifrovaya_sreda
6. Гладков А.В., Ваганова О.И., Прохорова М.П. Современные педагогические технологии как средство повышения учебной мотивации//Балтийский гуманитарный журнал. 2019. Т. 8. № 1 (26). С. 274- 276.

НЕЙРОДИДАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Сүйеуғали Нұрсәуле

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

1 - курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор м.а. Базарбекова Рабиға Жолшықызы

Аңдатпа

Бұл мақалада нейродидактика ғылым саласы бойынша анықтамалар беріліп, нейробиология мен нейропедагогика салалары жетістіктерін білім беруде қолданудың тиімділігі туралы теориялық талдаулар көрсетіледі. Қандай да бір мәселені шешудегі нейродидактика перспективалары және оның оқыту үдерісін арттырудағы нәтижелілігі туралы тұжырымдар негізделді. Бастауыш білім беру үдерісінде нейродидактиканы қолдану үлгілері ұсынылды. Оқу-тәрбие үдерісінде «нейротиптік» топқа кіретін оқушылармен жұмыс жасау жолдары талқыланды.

Тірек сөздер: нейродидактика, нейробиология, бастауыш сынып, оқыту үдерісі, ойлау процесі

Аннотация

В статье даны определения области нейродидактики и показан теоретический анализ эффективности использования достижений нейробиологии и нейропедагогике в образовании. Обоснованы выводы о перспективах нейродидактики в решении любой задачи и ее эффективности в совершенствовании учебного процесса. Были представлены примеры использования нейродидактики в процессе начального образования. Обсуждались способы работы с учащимися, принадлежащими к «нейротипической» группе в образовательном процессе.

Ключевые слова: нейродидактика, нейробиология, начальная школа, процесс обучения, процесс мышления

Annotation

This article defines the field of neurodidactics and shows a theoretical analysis of the effectiveness of using the achievements of neurobiology and neuropsychology in education. The conclusions about the prospects of neurodidactics in solving any problem and its effectiveness in improving the educational process are substantiated. Examples of the use of neurodidactics in primary education were presented. Methods of working with students belonging to the “neurotypical” group in the educational process were discussed.

Key words: neurodidactics, neurobiology, primary school, learning process, thinking process.

Кіріспе

Қазіргі индустриялық (цифрлық) қоғамда нейробиология, нейрофизиология және нейропсихология дамуы кең тарады. Ғалымдар - Нобель сыйлығының лауреаттары еңбектерін, ғылымның дамуын талдай отырып, біз қазіргі уақытта зерттеудің ең маңызды бағыты адам миы жұмыс істеуінің психофизиологиялық сипаттамаларына қатысты салаларды зерттеу болып табылады деген қорытындыға келдік.

Нейробиология және олардың негізінде құрылған нейротехнологиялар жетістіктері өндірісте, денсаулық сақтау саласында, құқық қорғау органдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, әрине, білім беруде кеңінен қолданыла бастады.

Соңғы 10 жылда нейропсихологияда жаңа пәнаралық бағыт – нейродидактика саласы қалыптасты. Бұл ғылым саласының зерттеу бағыты - мидың және жүйке жүйесі когнитивтік функцияларының білім берудегі мүмкіндіктері жүйесі, ал мақсаты – оқушылардың танымдық және әлеуметтік-кәсіби іс-әрекеті тиімділігін арттыру болып табылады.

Нейродидактика ең алдымен, оқу іс-әрекетін дербестендіруді және оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуын дамытуды қамтамасыз етеді.

Оқу іс-әрекетін даралау арқылы білім алушылардың жеке тұлға ретінде дамуына қол жеткізуге болады. Оқыту үдерісін даралауды құруға бағытталған мета-пәндік нәтижелерге әлеуметтік және кәсіби құзыреттілік, пән үсті құзыреттіліктер (жұмсақ дағдылар) және метақұзыреттіліктер (тәуелсіздік, жауапкершілік, рефлексивтілік, коммуникация, т.б.) жатады.

Тұлғаға бағытталған білім беруді даралау оқыту процесін, оның жекеленуін және білім беру траекториясын анықтайды. Персонификация оқушылардың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері, дамуымен байланысты тұлғалық қасиеттер негізінде жүзеге асады. Ол қасиеттерге бағыттылық, құндылық бағдарлар, әлеуметтік және кәсіби жоспарлар, көзқарастар, белсенділік мотивтері және мінез-құлық ерекшеліктерін жатқызуға болады. Даралау – оқу әрекетін, тұлғалау – оқушы тұлғасын сипаттайды.

Нейродидактика – тұлға тәрбиелеу негізі

Нейробиология дегеніміз не және ол не үшін қажет? Нейропедагогика немесе нейродидактика – бұл ми қызметі саласындағы зерттеулер негізінде әзірленген білім беру стратегиялары мен технологияларды жүзеге асыруға негізделген білім берудің жаңа перспективасы. Бұл жаңа білім беру пәні оқу үдерісі мен оқуды оңтайландыру үшін неврология, психология ғылымдарынан алынған білімдерді біріктіреді.

Нейродидактиканың теориялық және қолданбалы негіздерін алғаш Л.С.Выготский «Жоғары ақыл-ойдың дамуы» атты еңбегінде [1], А.Р.Лурия «Нейропсихология негіздері» [2] еңбегінде қарастырған.

Нейродидактика оқыту үдерісіндегі оқушылардың танымдық белсенділік қабілеттерін арттыруға әсер етуші, сонымен қатар ми қызметі ерекшеліктері бар оқушылармен жұмыс жасаудағы тиімді нәтижелерге қол жеткізуде маңызды саналатын мидың психикалық функцияларын зерттейді.

Нейродидактика алғашында АҚШ-та кеңінен таралып, «Ми және оқыту» халықаралық жобасы ұйымдастырылуына алып келді.

Нейродидактика – нейробілім берудің негізгі саласы. Бұл термин 1988 жылы Германияда психология мен нейроғылымды жалпылаушы интеграциялық ғылымды зерттей келе, Герхард Прайс енгізді [3]. Нейродидактика тұрғысынан мектеп оқушыларын зерттеу мәселелері И.П. Клемантович, Е.А. Леванова, В.Г. Степановтың «Нейропедагогика: жаңа ғылыми білім саласы» атты еңбегінде қарастрылады[4]. Аталмыш еңбекте кіші мектеп және орта буын білім алушыларын, сонымен қатар ересек адамдарды нейробілім беру арқылы оқыту негіздері көрсетілген. Нейродидактиканың зерттеу пәні, жалпы алғанда, білім алушылардың танымдық әрекеті тиімділігін қамтамасыз ететін ми мен жүйке жүйесі функционалдық қызметінің механизмдері, заңдылықтары мен ерекшеліктері болып табылады.

Нейродидактика нейробілім берудегі тұлғатанудың үш бағытын біріктіруші негізгі пәнаралық-қолданбалы ғылым саласы болып есептеледі. Олар:

- мидың биологиялық негізіне және жүйке белсенділігіне бағытталған *нейрофизиология*;
- ақпаратты өңдеуді және тәжірибенің ішкі көрінісін зерттейтін *когнитивтік ғылым*;
- қоршаған ортамен қалай әрекеттесетінімізді және оған бейімделуімізді түсіндіретін

оқыту теориясы.

Нейродидактиканың мақсаты - когнитивті процестерді белсендіру (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау) және оқу әрекетінің эмоционалды-еріктік реттелуін қамтамасыз ету.

Нейродидактика мидың функционалдық мүмкіндіктерін, психодиагностикалық әдістерді, психикалық динамиканың болжамын, психикалық процестерді дамыту мен түзетудің когнитивті нейротехнологияларын тануға негізделген(сурет-1).



1 – сурет. Нейродидактикаға бірігетін ғылыми салалар

Нейродидактиканы білім беруде табысты қолдану үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- ми мен жүйке жүйесінің нейрофизиологиялық және нейропсихологиялық қызметі негіздерімен танысу;
- оқу іс-әрекетіндегі танымдық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері туралы тұтас түсінік қалыптастыру;
- дербестендірілген оқу әрекетін қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар саласындағы нейрокогнитивтік компоненттерді меңгеру;
- оқу-тәрбие жұмысында техникалық құралдарды (құрылғыларды) және нейротехнологияларды пайдалануды қамтамасыз ету.

Нейродидактиканың әдістемелік негізі мидың функционалдық әрекеті заңдылықтары болып табылады. Ғылымдағы іргелі жетістіктер нейродидактиканың келесі принциптерін қолдануға мүмкіндік берді:

- нейрондық деңгейде ақпаратты ассимиляциялаудың негізгі механизмі нейрондық желілер қалыптасуы мен жұмыс істеуі арқылы қол жеткізілетін жүйке жүйесі пластикасы болып табылады;
- танымдық белсенділікті арттыру факторы болып оқушының туа біткен (генетикалық анықталған) білуге құмарлығы саналады;
- оқу әрекеті субъектілерінің жеке тәжірибесі оқу қабілеті мен оқу-танымдық құзыреттіліктерді меңгерудегі табысқа әсер етеді;
- жауапты дербестіктің дамуына оқушының эмоционалдық күйі әсер етеді;
- оқытудың электрондық нысандарын пайдалану оқушылардың жеке даму траекториясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Нейродидактиканың білім беру мүмкіндіктері негізінен оқу іс-әрекетін жекелендіруді анықтайды. Бұл тұжырымдамалық орнатудың негіздемесі келесідей:

- білім алушы оқу іс-әрекетінде дербестендірілген білім беру субъектісі ретінде әрекет етеді;
- оқытудың мәнді-мағыналы ортасы – оқушылардың когнитивті (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау) танымдық қызметтерін жаңарту;
- оқушылардың теориялық білімдерін практикада қолдануға бағытталған иммерсивті технологиялар жинақталған білімді қолданбалы тәжірибемен байланыстыруға ықпал етеді;
- тұлғаға бағдарланған дараланған оқытуда виртуалды технологиялардың да маңызы зор;
- нейротехнологиялық тәсілдер білім алушылардың икемді дағдыларын дамытуда тиімді;
- білім алушының танымдық қабілеттерінің артуы ми мен жүйке жүйесінің нейро функционалды үдерісі арқылы жүзеге асады.

CogniFit онлайн білім беру платформасы мектептегі нейробілім берудегі көшбасшы болып табылады.

Нейрология және нейродидактиканың маңызы оқу үдерістерін оңтайландыруға ұмтылатын орта білім беретін мектептерде күн сайын артуда. Нейробілімге негізделген «CogniFit» білім беру нейротехнологиясы әлемнің көптеген мектептерінде қолданылады және өте жақсы нәтижелер көрсетуде, аталмыш нейротехнология, әсіресе, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар және оқуда қиындықтары бар оқушылар арасында тиімді нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

Мектептерге арналған CogniFit Neuroeducation платформасы - мұғалімдерге мектептегі үлгермеушіліктің неврологиялық себептерін анықтауға және балалардың негізгі нейрокогнитивтік функцияларын қалпына келтіруге көмектесуге мүмкіндік беретін педагогтерге арналған ғылыми әзірленген құралдар жинағы.

Платформамен жұмыс жасамас бұрын оқушылар ең алдымен когнитивті дағдылар деңгейін анықтауға арналған тест тапсырып алады.

Cognifit Neuroeducation платформасының барлық ми жаттығулары ойындары ғылыми түрде жасалған. Ол ойындардың оқуға жауапты болатын күшті және әлсіз когнитивтік функцияларды (зейін, есте сақтау, қабылдау және ойлау) бағалаудағы жоғары тиімділігі клиникалық зерттеулермен растаған.

Бастапқы тестілеу нәтижелері бойынша CogniFit оқу платформасы білім алушының нейрокогнитивтік қабілеттерін жақсартуға бағытталған жеке миды жаттықтыру бағдарламасын автоматты түрде жасақтайды.

Мектептегі оқушылардың төмен үлгерімі – білім беру жүйесіндегі ең үлкен мәселелердің бірі. Сондықтан адам миы туралы ілімді білім беруде пайдалану, балалардың оқу қабілетін арттыруда маңызды саналады.

Оқыту үдерісін барынша тиімді ету үшін мұғалімдер мидың қалай жұмыс істейтінін, оның қызметтерін, есте сақтау, ақпаратты өңдеу, жазып алу, жадыға бекіту және еске түсіру функцияларын түсінуі керек. Сонымен қатар, мұғалімдер мектептегі сыныптың құрылымы, оқушылардың

орындайтын тапсырмалары, сөздер мен эмоциялар білім алушылар миы дамуына және олардың оқу тәсіліне айтарлықтай әсер ететінін білуі керек.

1. Сыныпта жағымды эмоционалды атмосфераны құру

Педагогтер сыныптағы жағымды ахуалды, оқушылармен сенімді және достық қарым-қатынасты сақтауы - өте маңызды. Мұғалім өзінің эмоцияларын басқара білуі керек, позитивті болуы және сыныпта қолайлы атмосфераны құруы, сонымен қоса тым стрестік жағдайлардан аулақ болуы керек. Бірақ, сыныптағы стрестің шағын деңгейі қажет болып табылуы мүмкін, бұл оқушыларды ынталандырады және белсенді етеді. Дегенмен, ауыр стрестен аулақ болу керек - бұл өнімділікке едәуір әсер етеді. Сондай-ақ мектеп оқушыларын өз күйзелісін және басқа да жағымсыз эмоцияларды бақылауға үйрету пайдалы болады.

2. Сабақтарыңызда CogniFit Neuroeducation онлайн платформасын пайдаланыңыз.

Бұл білім беру нейротехнологиясы мұғалімдер үшін арнайы әзірленген. Оның көмегімен нейродидактика және психопедагогика саласында арнайы білімі жоқ мұғалімдер мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсарты алады. CogniFit Neuroeducation онлайн платформасы педагогтерге қалай көмектесе алады?

- Оқу мен психомоторлық дамуға жауап беретін ми процестері туралы білімді зерттеу және кеңейтуге;
- Оқыту әдістері мен дидактикасын жетілдіруге;
- Оқушыларды ғылыми тұрғыдан бағалауға және оқуға әсер ететін когнитивті бұзылуларды анықтауға, мектептегі үлгермеушіліктердің алдын алуға көмектесуге;
- Балалардағы оқу ақауларын түзетуге, танымдық функцияларын арттыруға.

3. Эмоционалды оқыту әдістерінің мүмкіндіктері

Эмоциялар есте сақтаумен өте тығыз байланысты. Ақпарат біздегі эмоцияларды тудырған кезде біз әлдеқайда жақсы есте сақтаймыз. Сондықтан жақсы нейробілім беру стратегиясы оқу тақырыбымен эмоционалды байланыстар құру болып табылады. Бұл эмоционалдық байланыстарды оқушыларды үйретіліп жатқан материалға эмоционалды түрде қызықтыратын нақты тапсырмалар мен жаттығулар арқылы жасауға болады.

4. Әртүрлі оқыту әдістері мен стильдерін қолдану

Біз әртүрлі оқыту тәсілдерін, әрекеттерді және оқу материалдарын пайдалану арқылы оқушылардың жетістіктерін жақсарты аламыз. Барлық балалар әртүрлі есте сақтайды. Кейбіреулері көрнекі, басқалары кинестетикалық, т.б. Суреттерді, бейнелерді, тәжірибелік, интерактивті және музыкалық әдістерді пайдалана отырып, біз баланың сезімін ынталандыру үшін нейробілімді іс жүзінде қолданамыз. Осылайша, оқыту барлық балалар үшін тұтас және тиімді болады.

5. Оңтайлы қоршаған орта жағдайларын сақтау

Нейробілім беру стратегияларын сабақта қалай қолдануға болады? Білім алушылар белгілі бір жағдайларда сабаққа ынтасы артып, жақсырақ оқи бастайды. Кіші мектеп жасындағы оқушылар көрнекі әдістерді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар, сабақтың құрылымы динамикалық сипатта болуы керек - бұл балалардың зейінін арттырады. Оқытудың әртүрлі кезеңдерінде оқыту әдіс-тәсілдерін ауыстырып, барынша тиімді болатын методиканы таңдау арқылы оқу-тәрбие ісін дамытуға болады. Сабақ барысында тыныш фондық музыка оқушыларға зейінін шоғырландыруға, демалуға және өздерін жайлы сезінуге көмектеседі. Табиғи жарық оқудың оңтайлы жағдайын жасауға да көмектеседі; қараңғы сынып пен флуоресцентті жасанды жарықтандыру пайдалы болмауы мүмкін.

6. Оқу материалын қайталаудың әртүрлі әдістерін қолдану

Ақпаратты есте сақтаудың ең жақсы тәсілдерінің бірі - қайталау. Алайда өтілген материалды дәл сол қалпында қайталау балаларды тез жалықтырады. Сондықтан, қайталау процесін түрлендіретін әртүрлі тапсырмалар мен жаттығуларды қолдану тамаша нейробілім беру стратегиясы болып табылады. Осылайша, балалар алған ақпаратты әртүрлі тәсілдермен жадыда сақтай алады.

Нейродидактика оқытуда ауытқулары бар оқушыларға көмектесе алады. Нейроғылыми білім оқушы миының қалай үйренетінін түсінуге ғана емес, сонымен қатар оқуда қиындықтары бар оқушылардың миының қалай жұмыс істейтінін түсінуге көмектеседі.

Ең бастысы, үйде де, мектепте де оқушы оқу іс-әрекетінде қиындықтар туындаған жағдайда, біз қандай мәселелерді шешу керек екендігін, баланың қандай қиындықтарға тап болғанын және оның миының қалай жұмыс істейтінін түсіну маңызды. Осылайша, біз осы білімді ескере отырып оқу

процесін бейімдеу және оқу қабілетін арттыру стратегияларын әзірлеу үшін нейродидактиканың барлық қажетті құралдарын аламыз.

Қорытынды

Қорыта келе, дербес білім беру пәндік, метапәндік және тұлғалық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталады. Нейродидактика оқыту нәтижелерін жекелендіруді қамтамасыз етеді және оларды жеке тұлға тұтастығы негізі ретінде оқушылардың меңгеруі мен түсінуін қамтиды. Дараланған оқытудың мақсаты – білім беру үдерісін заманауи технологиялармен үйлестіру: жасанды интеллект, робототехника, гендік инженерия, нанотехнология, т.б. Даралау тұлғаның дамуын, тұлғалану – тұлғаның мәнін жүзеге асыруды, білім мен өзін-өзі қабылдауды білдіреді.

Нейродидактиканың инновациялық бағыты мыналарды қамтиды: - қазіргі жағдайда оқушылардың өзін-өзі дамытуы мен жүзеге асыруын қамтамасыз ететін жоғары психикалық функцияларды өзектендіру; - транспективті оқу әрекетін қамтамасыз ететін интерактивті оқыту траекторияларын жобалау; - когнитивті оқыту технологияларын қалыптастыру, қамтамасыз ету және үлгілерді, белгілерді, шартты белгілерді, диаграммаларды және оқытудың басқа түрлерін көрнекі түрде көрсету; - иммерсивті оқытуды жүзеге асыру кезінде виртуалды шындық технологиясын меңгеру; - нейродидактиканың мүмкіндіктерін күшейту арқылы оқытуды стандарттаудың деструктивті әсерін жеңу; - нейродидактика тәсілдерін оқытуға енгізуде мидың жоғары психикалық функцияларын сауатты пайдалану.

Инновациядағы нейродидактиканың маңыздылығы туралы тұжырымдарды қорытындылай келе, нейродидактика ғылымын адамның жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған, таным дамуына әсер етуші жекелендірілген білім берудің мазмұндық өзегі ретінде әрекет етеді деген тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. Педагогика. 1960.
2. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. М.: Издательский центр «Академия», 2003.
3. Neurodidaktik: theoretische und praktische Beiträge / Editor G. Preiß. Pfaffenweiler: Centaurus-Verl.-Ges; 1996.
4. Клемантович И. П., Леванова Е. А., Степанов В.Г. Нейропедагогика: новая отрасль научных знаний // Педагогика и психология образования. 2016.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМАЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІ

Таймбетова Самал Жеткергенқызы

7M01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауымд. профессор А.Т.Ақжолова

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сыныптаулгерімі төмен білімалушылармен жұмыс жасауда тиімді, нәтижелі білім беруді қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында үлгерімі төмен балалармен жұмыс істеуде жеке тұлғаның қызығушылығы мен бейімділігін пайдалану маңыздылығы айқындалады. Жаңа білімдердің, ашылулар мен жетістіктердің заманауи әлемінде білім беру процесінің барлық қатысушыларына, оқушы тарапынан да, кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыратын мұғалім тарапынан да қойылатын талаптар негізгі шарт болып қала береді. Оқыту үдерісінде алынған білім, білік және дағдыларды жүйелі жұмыс әдістері көмегімен білім беру функциясын жүзеге асыру арқылы дамыту мектептің негізгі міндеттерінің бірі.

Тірек сөздер: үлгермеуші оқушы, бастауыш білім беру, жүйелі жұмыс жоспары, оқыту үдерісі.

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы формирования эффективного, результативного образования в работе с слабоуспевающими обучающимися в начальной школе. В целях повышения эффективности учебного процесса определяется важность использования интересов и склонностей личности в работе с слабоуспевающими детьми. В современном мире новых знаний, открытий и достижений основными условиями остаются требования ко всем участникам образовательного процесса, как со стороны ученика, так и со стороны учителя, осуществляющего профессиональную деятельность. Развитие знаний, умений и навыков, полученных в процессе обучения, через реализацию образовательной функции с помощью методов системной работы является одной из основных задач школы.

Ключевые слова: неуспевающий ученик, начальное образование, системный план работы, процесс обучения.

Annotation

This article discusses the issues of forming an effective, effective education in working with low-achieving students in primary school. In order to increase the effectiveness of the educational process, the importance of using the interests and inclinations of the individual in working with low-achieving children is determined. In the modern world of new knowledge, discoveries and achievements, the main conditions remain the requirements for all participants in the educational process, both on the part of the student and on the part of the teacher engaged in professional activities. The development of knowledge, skills and abilities acquired in the learning process through the implementation of an educational function using methods of systematic work is one of the main tasks of the school.

Key words: failed student, primary education, systematic work plan, learning process.

Үлгермеушілік – қазіргі мектептегі негізгі проблемалардың бірі. Үлгерімі төмен білім алушы - жалпы меңгерілетін білім, тәрбие, дамудың кейбір элементін игере алмауымен, оқыту барысында пайда болатын белгілі бір жағдайға дайындығы болмауы және қалып қоюымен анықталады. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі мектеп оқушыларының математикалық және жаратылыстану білімі сапасын анықтайтын (TIMSS-2003, 2007, 2011, 2015, 2019) халықаралық салыстырмалы зерттеуіне Қазақстан қатысып келеді. TIMSS-2007, TIMSS-2015 жылдардағы зерттеуі бойынша алғашқы 15 жүлдегер елдің қатарынан табылды. Әйтсе де, осы жылдары жүргізілген барлық TIMSS зерттеулері нәтижелерінің қорытындысында 4 және 8 - сынып оқушылары математика және жаратылыстану пәндері бойынша үнемі жоғары орындарды иеленетін елдердің қатарынан табылмады [1,7].

2- кесте. TIMSS зерттеулерінің нәтижелері

Мемлекет	2003				2007				2011				2015				2019			
	4	8	4	8	4	8	4	8	4	8	4	8	4	8	4	8	4	8	4	8
Сингапур	1	1	1	1	2	1	3	1	1	2	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Гонконг	2	4	3	4	1	3	4	9	3	9	4	8	2	5	4	6	2		5	17
Жапония	3	3	5	6	4	4	5	3	5	4	5	4	5	3	5	2	5	4	4	3
Тайпей (Қытай)	4	2	4	2	3	3	1	2	4	6	3	2	4	6	3	3	4	5	2	2
Бельгия	5		6	17					7				11							
Нидерланд	6		7	9	9								19							
Латвия	7	7		19	8	6												7		
Ресей	9	9		18	6	5	8		5	6	7	7	4	6	7	6	3	6	5	5
Ұлыбритания	10	5		7	7	7	7	5	9			9	10			8	8			14
АҚШ	12	6		10	11	8	9			7	9	10	14			11		9		11
Қазақстан					5			20					12	7	8	9				
Германия					12								24							
Дания					13								15							

(2003 - 2019 жылдар аралығындағы зерттеу нәтижелері) [2,8]

Осы келтірілген статистикалық мәліметке сүйенсек, мектепте білім беруде кездесетін проблемаларды анықтау, білім сапасының көрсеткіштерінің төмендеуі және оған әсер ететін үлгерімі төмен білім алушылармен жүйелі жұмыс жүргізу қажеттілігі анықталады.

Педагогика ғылымында үлгерімі төмен және үлгермеуші деген осы екі ұғым кездеседі. Мектептегі оқытудың негізгі мәселелері - оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық қызығушылығын арттыру, танымдылық жан қуаттарының оятуына түрткі болу.

Педагогикалық төмендеушілік – отбасындағы, мектептегі балалармен жүргізілетін оқу-тәрбиелік жұмыстардың жетіспеушілігімен шартталатын жағдай. Оның басты элементтері:

а) мінез-құлықтық, әлеуметтік-этникалық, жалпы білім беруде оларды қолданудағы білім, тәсілдер мен құралдар жетіспеушілігі.

б) жалпы дамудағы физикалық, психикалық, тұлғалық кешеуілдеулер;

в) әртүрлі іс-әрекетке, өзіне, қоршаған ортаға деген қарым-қатынастан жалығу.

Көптеген психолог, педагогтердің еңбектерінде үлгерімі төмен білім алушылар туралы түрліше пікір айтылған. Мәселен: П.П.Блонский үлгермеушілі оқушылар туралы айтқанда, мектепке дейінгі кезеңге үлкен мән береді, яғни үлгермеушіліктің шығу себебін оқу процесінен емес, оған даяр еместікте деп қарастырады [3; 46].

Н.А. Менчинская мектепке келген кездегі балалардың құбылыстары мен салыстырмалы интеллектуалды және тұлғалық дамуын төмен деңгейде болатынын атап көрсетеді. Осыған орай, оқу барысында қиындықтарға ұшырайтын балалар қандай да бір себептерге байланысты мектептегі оқу процесіне дайын болмаған деп айта аламыз. Бағдарламаны материалды меңгеруде айтарлықтай қиындықтарға ұшырайтын балалар, өз жұмыстары үшін көбінесе мұғалім тарапынан нашар баға алады. Бағалау әрекетінің әсерінен балада аса бірмаңызды әрі күрделі қасиет өзін-өзі бағалау қалыптасады. Б.Г. Ананьев оған - «Белгілі бір жақсы бағаға деген тұрақты қажеттілік», - деп анықтама берген [4].

П.П.Борисов үлгермеушіліктің себебін айқындауда оны ірі төрт топқа бөлген:

— Педагогикалық себептерге: жеке пәндердің берілуі, былтырғы білімінде қалыс қалушылықтар, келесі сыныпқа дұрыс көшірілуі;

- Әлеуметтік –тұрмыстық себептер: өмір сүрудің жағымсыз жағдайы. Ата-анасының дұрыс үлгі бермеуі. Отбасының материалдық қамтамасыздығы, отбасы тәртібінің жоқтығы, баланың бақылаусыздығы.

- Физиологиялық себептер: ауру, денсаулықтың жалпы әлсіздігі тыныс алу жолдарының ауруы. Жұқпалы аурулар, орталық нерв жүйесінің қимыл функциясының бұзылуы, нерв жүйесінің аурулары.

- Психологиялық себептер: зейін, есте сақтау, ойлаудың даму ерекшеліктері, түсінудің нашарлығы, сөйлеу қабілеті дамуының жеткіліксіздігі, танымдық қызығушылықтың қалыптасуы, дүниетаным тарлығы. Сонымен қатар үлгермеуші білім алушыларды үш топқа бөлуге болады:

- Барлық пәндерден үлгермейтін оқушылар.
- Негізгі пәндерден ұзақ уақыт үлгермейтін оқушылар.
- Кей кездерде үлгермейтін оқушылар.

Оқушылардың ұзақ уақыт үлгермеу себебі, психикалық функция әлсіз, нашар дамуында оқушылардың есте сақтау мен зейін ерекшеліктер айырмашылығы айқын көрініс алады. Оқушы ойлау әрекеті сапасы төмендігін, оқуға деген теріс қатынастың болуы және оқушының бағыттылығы жарым-жартылай емес толық жойылуы [5].

Осы аталған анықтамалар мен себептерді ескере отырып, үлгермеуші оқушыға көмек көрсетудің тиімді жолдарын айқындауда ең алдымен оқушының мектептегі проблемалары себептерін және оқутанымдылық іс-әрекеті мен жүрістұрысына тән ауытқулардың ерекшеліктерін түсіну қажет. Осының нәтижесінде баланың жалпы дамуына, бағдарлама талаптарына танымдылық мүмкіндіктерінің сәйкестігі оқушыға кешенді бағалау психопедагогикалық және медициналық көмек көрсету жолдарын айқындайды.

Үлгерімі төмен білім алушымен жасалатын жұмыстың тиімді жүйесі:

Оқу іс-әрекеттерін жоспарлау (қайталауда қалыс қалуды алдын алуға бағытталған жаттығулар- ды орындау, талдау және қатемін жұмыс жасау негізінде оқу іс-әрекетін жүйелеу);

- Оқу іс-әрекеті барысында нұсқау беру;
- Оқу іс-әрекетін ынталандыру (мадақтау, жетістік жағдаятын ұйымдастыру, белсенді еңбекке ұмтылдыру, т.б.);

- Оқу іс-әрекетін диагностикалау (оқушыны сұрақ-жауап әдісін жиі қолдану, барлық үй тапсырмаларын тексеру, оқу іс-әрекет барысында өзіндік бақылауды белсенді ояту, т.б.);
- Өзара көмекті ұйымдастыру;
- Оқушымен қосымша сабақты ұйымдастыру;
- Кешенді психологиялық-медициналық қолдау көрсету.
- Үлгермеушілік, кешеуілділіктің алдын алу шаралары:
- Әрбір сабақтың тиімділігін жан-жақты арттыру;
- Оқуға танымдылық қызығушылықты және танымдық мотивті қалыптастыру;
- Оқушыға жеке дара көзқарас ұстану;
- Үй тапсырмаларының арнайы жүйесін құру;
- Ата-анамен жұмысты күшейту.

Үлгермеушілікті болдырмаудың әдістері мен түрлері:

- бірінші жарты жылдық барысындағы мұғалімнің қойған бағаларын және олардың нормаларға сәйкестігін талдау (бақылау жұмыстарын, оқушылардың дәптерлерін, журналдағы, күнделіктердегі бағаларды талдау);

- мұғалімнің сабақ барысында үлгермеушілікті болдырмау жөніндегі жұмысының түрлері (сыныптағы және үй жұмыстарының саралық сипаты, қателерінің алдын алу);

- қателермен жұмыс жүйесі және оқушылардың жадынамаларымен саналы түрде жұмыс істей білу;

- оқушылардың үлгермеушілігін болдырмау жөніндегі әкімшіліктің іс-әрекеті.

Үлгерімі төмен білімалушыларға бақылау жасау:

Сабақтағы бақылау бағдарламасы. Оқушының үлгеріміне ықпал етуші қоршаған орта дегенді кең мағынада қолдануға болады. Оған табиғат, жан-жағындағы жолдастары барлығымен орнатылған тығыз қарым-қатынас жақсы нәтиже береді. Ата-анамен жиі қарым-қатынаста болу жолдарын қарастыру. Айына бір-екі рет ата-ананың сабаққа қатысуына мүмкіндік жасау. Мұғалім өз талаптарын жете білу. Баланың төмендеу себептерін ата-анаға баласының іс-әрекет барысында ашып көрсете білу. Ал, Н.Добролюбов былай деген: «...нағыз тәрбиеші бәрін білуге тиіс, сонымен бірге ол тәрбиеленушіні ойландыратын барлық сұрақтарды алдын ала шеше білуге, бала жанын мазалайтын барлық ойлар мен пікірлерді, қиындықтарды, тұжырымдарды талдап, талқылай білуі тиіс». Ол үшін мұғалім қазіргі заманғы ғылым негіздері жайлы жан-жақты, терең біліммен қарулануға, оқу пәнінің мазмұнын мұлтіксіз білуге, өз мамандығымен байланысты басқа ғылым салалары жайлы хабардар болуы тиіс. Дейл Карнегидің сөзінше, әр оқушының қызығушылығы мен бейімін ескеру керек. Еш нәрсеге қызықпайтын оқушы болмайды. Демек, мұғалімнің шеберлігі басты рөл атқарып, оқушының пәнге деген қызығушылығын туғызу, біліктілігі мен дағдысын жаттықтыратындай, пән аралық байланысты туғызып, қазіргі меңгерген білімін бастапқы біліммен байланысын түсінетіндей жағдай туғызу керек.

Қорыта айтқанда, білімнің мазмұнымен, үрдісімен байланысты уәждерді дамыту барлық жалпы білім беру пәндері бойынша оқыту нәтижелігін көтеруге мүмкіндік береді. Педагог қандай білімі бар болса да, қандай әдісті білсе де, сабақта жетістік жағдайын жасамаса, ол оқушылардың санасында ешқандай да із қалдырмай, тыс қалады. Заманауи педагогикалық технологиялардың әдіс- тәсілдерін оқу қызметінде пайдалану білімалушылардың оқуға қызығушылығы мен ынтасын қалыптастырады, негізгі ойлау операциялары, коммуникативті құзіреті, шығармашылық белсенді тұлғаның дамуына себепші болады. Бәсекеге қабілетті елдер қатарынан табылу сапалы, білімді тұлғалардың санымен де көрсеткіш табады.

Әдебиеттер тізімі

1. Құсайынов А. Қ., Ракулова К. Ж. TIMSS зерттеулері бойынша тиімді орта білім беру моделі // Вестник АПН Казахстан, №2, 2021.
2. TIMSS & PIRS International Study Center URL: <https://timss2020.org/#/?playlistId=0&videoid=0>
3. Аманжолова Ш. К. Бастауыш мектеп жасындағы үлгерімі төмен оқушылардың ойлау ерекшеліктері. – 2023. – С. 46.
4. Менчинская Н. А. – Проблемы учения и умственного развития школьника. [Научная электронная библиотека elibrary.ru](http://elibrary.ru) [Российская государственная библиотека](http://roslib.ru)
5. Топанова Г. Бастауыш сыныпта үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің мазмұны //Publisher. agency (2): Proceedings of the 2nd International Scientific Conference «Scientific Results»(February 16-17, 2023). Rome, Italy, 2023. 226p. – University of Bari Aldo Moro, 2023. – С. 117-119

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Туребек Ақниет

6B01301 - Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ магистрі А.Ғ.Аралбаева

Аңдатпа

Мақалада қазақ ауыз әдебиетінің салалы бір бөлігі шешендік өнерді бастауыш сыныпта оқытудың маңыздылығы, шешендеріміздің қалдырған ұлағатты ойлары, сөз құндылығы, өзектілігі шешендік өнерді келер ұрпақтың бойына дарытудың қажеттілігі айтылып, бастауыш сыныптарда оқыту мақсаты мен әдістері берілген.

Кілт сөздер: шешендік өнер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, афоризмдер, би-шешендер, әдеби мұралар

Ғасырлар тоғысындағы халқымыздың тарихына көз жүгіртсек, бүгінге күнге дейін сақталып жеткен құндылықтары қаншама? Ел қорғаған батырлардың есімі тарихта алтын әріппен жазылып, ұлттың намысын қорғау жолында сөз таласына түскен шешендеріміздің қалдырған ұлағатты ойлары әлі күнге құндылығын жоймады.

Шешендік өнер - қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы. Шешендік сөйлеу шебер, әдемі, әсерлі, сенімді сөйлеу білу қабілеті, шешендік өнер тыңдай білуге және жазуға үйрететін ілім. Қазақ шешендік өнері "түмен сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би" деп Майқы би мен Аяз биден бастау алғаны баршаға мәлім. Содан ары, Шалкиіз, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Өйтекелерге жалғасты. Шешендік өнердің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кезеңде қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді [1].

Шешендік сөздер - біздің асыл мұрамыз, қазынамыз, байлығымыз. Шешендік сөздер аяқталған тұжырымды ой арқылы алуан адамгершілік қасиеттерге, ұлттық тәрбиеге баулиды. Шешендік сөздер ертегі - аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып, бөліне отырып, халықтық бірыңғай әдеби тіліміздің қалыптасуына себепкер болған. Қазақ халқының шешендік сөздері мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш тарауға бөлінеді.

Шешендік сөздер - халық даналығынан туған мұра. Мазмұны халықтың бастан кешірген өмірін, арманы мен қиялын көрсетеді. Өмірге, дүниеге көзқарасын, ой - өрісін белгілейді. Халық өзінің қиялдаған арманына қалайда жетемін деген сенімнен айрылмаған.

Шешендіктің өзі ойшылдықпен, даналықпен, көшелілікпен, үнді, сазды сөйлеумен сабақтас, тамырлас құбылыс. Ал, жалпы шешендік өнер аясында туындаған сөздерді шешендік сөздер деп атап, оны әдебиеттің дербес, жеке жанры ретінде ғылыми тұрғыдан бажайлау үстіміздегі ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы А.Байтұрсынов, М.Әуезов және С.Сейфуллин т.б. ғалымдар еңбектерімен тығыз байланысты [2].

Ендеше, бабалардан қалған ұлы сөз шешендік өнерді келер ұрпақтың бойына дамытуымыз керек. Оның негізін мектеп қабырғасынан, яғни бастауыш сыныптан қаланатыны анық. Себебі, бастауыш сыныпта оқушының тұлғалық дамуы, өзіндік «мені» қалыптасады.

Шешендік өнерді бастауыш сыныпта меңгертудегі басты мақсат - ойын, пікірін еркін жеткізе алатын, жауаптаса алатын тұлға деңгейіне көтеру, яғни ұлттық шешендік сөйлеудің айла амалдарын, шешендік өнердің қыр-сырын, тапқырлықты, тақырыптық тәсілдерді қолдануға үйрету. Бастауыш сыныптардағы шешендік өнер сабақтарының, үйірмелерінің түбегейлі мақсаты, оқушылардың жеке басын қалыптастыра отырып, әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелеу, рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету, кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру.

Ең алдымен, шешендік сөздің түп-тамырын түсіндіріп, осы күнге сарқылмай жетуінің жолын айтып беру де артық етпейді. Би-шешендердің өмірінен мәлімет беріп ғана қоймай, қызықты тұстарынан сөз қозғау қажет. Олардың өнегелі жолы ұрпаққа үлгі болуының дәлелі де осы шешендік

өнер. Даналық сөздерін оқытып оны жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендікке, ата-бабада бабадан қалған мол мұраны игертуге баулиды.

Бүгінгі қоғам сауатты, білімді, өз ойын еркін және ұтымды жеткізе алатын, таза рухты, жоғары ойлауды, шыдамды және еңбекқор адамды талап етеді. Жалпы, әр баланы жеке тұлға ретінде қарастыра отырып, ондағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына назар аударып, олардың рухани адамгершілігін дамыту қажет. Жан-жақты жетілген, тапқыр, қоршаған ортаның қадір-қасиетін бағалай білетін, көргендерін бағалай білетін, оқи алатын, қазақ әдебиеті сабақтарында шешендік сөздерді өте тиімді меңгерген.

Соңғы уақытта қазақ балаларына арналған ауызша әдебиет үлгілерін, оның салаларын оқытуға ерекше назар аударылуда. Оқу материалдарына балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ертегілердің, мақал-мәтелдердің, шешендік сөздердің түрлерін енгізу көкжиектің кеңеюіне, жан-жақты дамуына ықпал етеді. Жас ұрпаққа қазақ би-шешендерінің өмірі туралы айта отырып, бұл адамгершілік істерге апаратын жол деп айтуға болады. Шешендік өнер-адамзат тарихындағы рухани материалдық мәдениетті дамытудың негізгі құралдарының бірі. Шешен әңгімелерді, аңыздар мен өлеңдерді оқыту оқушылардың тілін шыңдайды, сөздік қорын байытады, өмірге деген көзқарасты оятады, дүниетанымға жол ашады.

Шешендік өнерді меңгертудің түрлі әдістері бар. Тек оқушының жас ерекшелігіне қарап таңдай білу қажет. Оқушыларға мысалдар келтіріп, маңыздылығын да айту керек. Мысалы, түрліпроблемалық жағдайлар қойып, соныңшешімін тапқызу арқылы оқушылар бір - бірімен қарым-қатынасқа түседі, ойларын айтады, тіпті соңы дауласуға ұласады. Өздерінің ойларымен ойшылардың шешендік сөздеріне талдау жасау да сөз өнерінеынталандыруға әкеледі.

Білім алушыларды шешендік өнерге бейімдеуде монолог әдісі қолдану да тиімді. Шешендік сөз парасатты ойға, ұшқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылғандықтан өз ойын жеткізуде осы тәсіл кеңінен қолданылады. Осындай әдіс-тәсілдердің арқасында оқушының бойында белсенді оқу әрекеттері қалыптасады, оқушының жеке ізденіс қабілеті дамиды, оқушының өзінің шешендік тәжірибесін жүргізу мүмкіндігі қалыптасады, нәтижесінде сөздік қорлары молаяды, оқушының қабілеті дамиды.

Шешендік сөздерді А. Байтұрсынов көркем әдебиеттің негізгі жанрлары: ертегі, батырлар жыры, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, қара өлең, термелермен қатар қойып зерттеп ол адам ойын өрістетіп, тапқырлыққа баулитын, адамның таным дүниесін кеңейтетін, биік адамгершілік қасиеттерге үндейтін, қазақ даласында әлеуметтік қызмет атқарған жанр деп қарастырған. Сондықтан да оқушыларға ертегі терме тыңдатып, қара өлең де оқытуға болады. Мысалы, 2-сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулығында Кәмен Оразалинның «Абайдың шаңырағы», Әзілхан Нұршайықовтың «Немере», Бауыржан Момышұлы «Елтанудың басы» әңгімелерінен берілген үзінділер арқылы оқушыларды құндылыққа баулуға болады. Бастауыш сыныпта оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, халықтық педагогика арқылы баланың бойында ұлттық мінез - құлық, кішіпейілділік, сыпайылық, рухани - адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді дарыту қажет [3].

3-сынып оқушыларына арналған «Әдебиеттік оқу» оқулығының «Өнер алды қызыл тіл» бөлімінде атақты үш бидің бірі Төле би туралы «Қарлығаш әулие» деген «Шешендік сөздер» кітабынан үзінді берілген. Оқушылар үзіндіні оқи отырып, талдауға қатысады, сұрақтарға жауап береді. Төле бидің:

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,

Үйренгеннен ештеңе кетпейді, -деп айтқан сөзінен мысал келтіріліп, оқушының түсінгенін мазмұндауды тапсырған. Бұл арқылы оқушы сөз өнері, шешендік өнерді меңгеріп, өз көзқарасын айтады [4].

Оқулықта орта жүздің биі Әйтеке би, Қаз дауысты Қазыбек бидің және Әнет бабаның шешендік сөздері де қамтылған. Өйткені жалпы білім беретін мектептің басты мақсаты - дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау болса, сол тұлғаның басты көрсеткіші - сөйлеу әрекетін еркін меңгеруі, өз ойын ашық айта алуы ғана емес, сонымен қатар, оның өзіндік сөйлеу стилінің қалыптасуы. Осы шешендік сөздерді оқыту арқылы нәтиже көруге болады. Көрген - білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп, ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады. Би - шешендердің сөздерін жаттап өсіп, жаңа ұғымдармен танысады. Мақалдың немесе өлең ұйқастарын таба отырып, берілген қысқаша мәтінді өз ойымен жалғастыра білуді үйренеді. Сөздерді мақсатқа, негізгі ойға, мазмұнға сәйкес өз бетінше талдап

қолдана алады. Шығармашылығын шыңдайды, танымдық қабілеттері дамиды, өзіндік ой қорытуға, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге дағдыланады.

Мектеп қабырғасында шешендік өнерге баулитын түрлі үйірмелер мен факультативтер, дебаттық клубтар оқушыны шешендікке баулуға зор үлесін қосады. Оның мақсаты кітап оқуға баулу, оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын молайту болып табылады. Әдеби мұраларға деген таңдаулары артады. Би-шешендердің сөздерін жаттап, жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар ұсынуға болады. Түрлі мақсаттар қоя отырып жетуге болады. Мысалы, халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі шешендік сөздерді тауып, ерекшелігін анықтау, бір-бірінен ажырата білу. Оқушыларды халықтың тіршілік-істерімен таныстыру, салт-дәстүрді түсіндіру. Атакәсіп туралы, олардың өмір салты жөнінде ұғым бере отырып, қазақ халқының көшпенділігін де қозғауға болады. Сонымен қатар, оқушыларға арналған әдебиеттер тізімін құрастырып, ұсыну керек. Жалпы бастауышта ғана емес, жоғары сынып оқушылары үшін мұндай қосымшалар артық етпейді.

«Тәрбие тал бесіктен» демекші, қара шаңырақтан бастау алып жатқан тәрбие бесік жырымен, ертегімен, даналық сөзбен бойымызға сіңіп келеді. Ал жаңа заманның ұрпақтарына, жаңа ғасырда сөздің күдіреті мен қадірін түсіндіруде шешендік өнердің орны бөлек екенін күнделікті әр сабағымыздан көре аламыз.

Қазақ шешендік сөздері - бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай-ақ, аса бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс. Сондықтан да баба мұрасы - ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына. Алдағы уақытта да ұрпақ бойына сіңіруде ұлтымыздың мәдениетінің негізгі бастауына үңіліп, болашаққа шамшырақ жағу - басты міндет. Бүгінгі күнге жеткен мәдени-рухани мұралар, жыр-дастандар және құнды сөздеріміз, ең алдымен, тіл арқылы бізге жеткен болатын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, қазақ шешен - билерінің мұрасы, шешендік даналығы - халықтың даналық мұрасы. Демек, ғасырлар бойы жинақталып, сұрыптала сүзілген шешендік сөз нұсқаларынан халықтың тіл байлығын, ақыл - ой қорын және шебер сөйлеу мәнерін кейінгілерге үйрету бізге парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Молдабеков Ж. Шешендік оқу құралы. Қарасай, 2019. - 432 б.
2. Серік Негимов шешендік өнер. Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.
3. Кабатай Б.Т. Әдебиеттік оқу. Алматы: Атамұра, 2017. - 128 б.
4. Кабатай Б.Т., Зейнетоллина Ү.К., Қалиева В.А. Әдебиеттік оқу. Алматы: Атамұра, 2018

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тұрлыбай Дариға Нурболатқызы

6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

ҚазҰлтҚызПУ

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., оқытушы Нарбекова Маржан Ерғабылқызы

Аннотация

Мақала бастауыш мектеп жасындағы балаларды интербелсенді оқыту мәселелеріне арналған. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде автор тарапынан бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері ескеріле отырып, бастауыш сыныптарын оқытуда қолданылатын интербелсенді әдістер мен технологиялардың өзіндік ерекшеліктері тұжырымдалды.

Кілт сөздер: жаңартылған білім жүйесі, бастауыш жалпы білім, бастауыш мектеп жасы, интербелсенді оқыту, интербелсенді технологиялар, интербелсенді әдіс

Жылдам өзгеретін қазіргі заманның білім беру жағдайында білім беру жүйесінің болуы мен дамуын қамтамасызете отырып, білім беру стандарттарының даму әлеуетін өркендету күн өткен сайын маңызды болатүсуде.

Отандық психологиялық-педагогикалық ғылымда белсенділікке негізделген білім беру парадигмасы терең даму үстінде. Осыған сәйкес, бастауыш білім берудің мақсаты – оқушыларға іс-әрекет әдістерін меңгерту негізінде олардың тұлғасын дамыту болып табылады [1].

Бастауыш мектеп– әрбірадамның өміріндегі өте маңызды кезең. Иә, бастауыш сынып оқушылары үшін бұл кезең маңызды әрі күрделі. Қазіргі балалар үлкен ақпараттық кеңістікте өмір сүріп жатыр, олардың кейбіреулері өз қатарластарымен өте аз араласады, оның орнына бос уақытының көп бөлігін компьютер мен теледидарда өткізеді. Мектеп оқушылары телефон, электронды ойыншықтарды қалай пайдалану керектігін жақсы білгенімен, сыныптастарымен, өзге балалармен қарым-қатынас орнатып, пікірлесуді, бірге ойнауды білмейді. Бұл мәселе әсіресе қазіргі жаһандану көшіне ілескен дамыған заманда аса өзекті болып отыр.

Жаңартылған білім беру жүйесінде бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жетік меңгеру дағдысы бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігіне кіреді. Кіші сынып оқушыларымен жақсы қарым-қатынас орнату үшін олардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Бастауыш сынып оқушыларында зейіннің тұрақсыздығы, бейнелі-образды ойлаудың басым болуы, қозғалыс белсенділігінің жоғарылауы, ойын әрекетіне құштарлық, танымдық қызығушылықтардың әртүрлілігі байқалады [2].

Бастауыш білім беруде жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін педагог маманға оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы балалардың зейінін сақтау үшін белсенді және қызықты ақыл-ой әрекетін ұйымдастыру қажеттілігі туындайды [3].

Жалпы педагогикада оқытудың бірнеше үлгілері бар:

1) Пассивті–оқушы оқудың «объектісі» ретінде әрекет етеді (тыңдайды және көреді).

2) Белсенді–оқушы оқудың «субъектісі» ретінде әрекет етеді (өздік жұмыс, шығармашылық тапсырмалар).

3) Интербелсенді– «inter» (өзара), «act» (әрекет). Бұл оқыту процесі барлық оқушылардың тұрақты, белсенді әрекеттестігі жағдайында жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқудың тең субъектісі болып табылады [4].

Интербелсенді әдістер оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға көмектеседі және олардың технологияларын қолдану қазіргі бастауыш білім беруде өте өзекті болып табылады.

Интербелсенді оқыту – бұл оқу процесіне барлық оқушылар дерлік қатысатын оқу процесін ұйымдастыру [5]. Интербелсенді сипатта өткізілетін сабақтың құрылымы бірнеше кезеңді қамтиды.

Алғашқысы - мотивация. Мотивацияны құру үшін жағдаяттық сұрақтар мен тапсырмалармен қатар әртүрлі сюжеттер, мақалалар, статистикалық мәліметтер, бір ұғымның әртүрлі анықтамаларын пайдалану қажет.

Екінші кезең – мақсаттарды хабарлау (мақсат қою). Интербелсенді оқыту сабақтарының мақсаттары дәстүрлі сабақтардан ерекшеленеді. Ең әуелі, оқушылардың біліміне байланысты мақсаттар, содан кейін қалыптасып жатқан дағдыларға байланысты мақсаттар қойылады. Үшінші орында құндылықтарды атайтын мақсаттар тұр. Бұл кезеңнің маңызы зор. Кәсіби шебер мұғалім ғана оқушыларды сабақ мақсатын тұжырымдауға үйрете алады.

Үшінші кезең – оқушыларды жаңа ақпаратпен қамтамасыз ету. Біз зерттеп жатқан барлық ұғымдар оқушыларға белгілі бір дәрежеде таныс болғандықтан, бұл кезеңді миға шабуылдан бастаған жөн. Содан кейін оқушыларды өз ойынша тірек сөзбен байланысқан ұғымдарды таңдауға шақыруға болады. Бұл нұсқа оқушылардың зерттелетін ұғымды жеткілікті түсінбеген жағдайда тиімді.

Келесі кезең – оқушылармен бірге жаңа өнім жасап шығару. Жаңа біліммен жұмыс істеудің логикалық қорытындысы жаңа өнімді жасау болып табылады. Сабақта қабылданған ақпараттың үлкен көлемін және уақыттың шектеулілігін ескере отырып, жаңа өнім ретінде бастауыш сынып оқушыларының өз бетінше қорытынды жасауы мен өз көзқарасын білдіруін айтуға болады.

Бесінші кезең - рефлексия. Бұл кезең оқушылардың іс-әрекетін қорытындылауды қамтиды. Рефлексия сұрақтар арқылы жеңілдетіледі. Мәселен, оқушыларға «Саған не ұнады?», «Сен не үйрендің?», «Бұл білім болашақта қалай пайдалы болады?», «Бүгінгі сабақтан қандай қорытынды жасауға болады?» сынды сұрақтар оқушыларға сабақта үйренген негізгі, жаңа нәрселерді бөліп

көрсетуге, бұл білімді қайда, қалай және қандай мақсатта қолдануға болатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Алтыншы кезең - бағалау. Бұл кезең барлық мұғалімдер үшін ең қиын кезең. Себебі, бағалау оқушыларды келесі сабақтарда жасалатын жұмысқа ынталандыруы керек. Алайда, интербелсенді әдісті терең игерген білікті мұғалім үшін бұл кезең еш қиындық тудырмайды.

Соңғы кезең – үй жұмысын беру. Сабақтар интербелсенді түрде өткізілгеннен кейін оқытылатын материалды шығармашылықпен қайта қарауды талап ететін тапсырмалар ұсынылады [6].

Интербелсенді режимде құрылған сабақтар, ең алдымен, қызықсыз әрі іш пыстырарлық сабақ жүйесін бұзып, оқушыларға енжар тыңдаушы рөлінде емес, белсенді қатысушы, ұйымдастырушы рөлінде болуға мүмкіндік беретіндіктен, оқушылардың айтарлықтай қызығушылығын тудырады.

Интербелсенді оқыту дегеніміз – қарым-қатынасқа түсу арқылы оқыту. Интербелсенді оқыту әдісі оқу процесінің түпкі мақсаты мен негізгі мазмұнын сақтайды.

Интербелсенді оқытудың артықшылығы – білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің диалогтік формаларына негізделген оқыту тәсіліне құрылғандығында. Аталмыш әдісті қолдана отырып бастауыш сыныптарын оқыту барысында оқушылар бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамытады. Бұл В.К.Дьяченконың айтуы бойынша «әркім бәрін үйретеді және бәрі әркімді үйретеді» әдісі [7].

Оқушылардың таным және оқуматериалын меңгеру процесіндегі бірлескен іс-әрекеті бұл процеске әркімнің өзіндік ерекше жеке үлесін қосуын, біліммен, идеялармен, іс-әрекет әдістерімен алмасуды білдіреді. Сонымен қатар, интербелсенді әдіс жаңа білім алуға ғана емес, сонымен біргетанымдық белсенділікті дамытуға, оны ынтымақтастық пен бірлестіктің жоғары формаларына көшіруге мүмкіндік беретін ізгі ниетпен өзара қолдау атмосферасында жүзеге асады.

Бастауыш сыныптарын оқытудағы интербелсенді әдіске құрылған сабақ жеке, жұптық, топтық жұмыстар, зерттеу жобалары, рөлдік ойындар, қызықты деректер және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс, шығармашылық жұмыстар, сызбалар арқылы өтеді.

Бастауыш сынып сабақтарындағы интербелсенді әдістер мыналарға бағытталған:

- Оқушылардың ой-өрісін, ойлаудың белгілі бір дербестігін дамытады: оқушыларды өз ойларын айтуға ынталандырады; материалды өз бетінше түсінуге, ойлауға, фактілерді тексеруге, шешімалгоритмін талдауға, олардың мәнін түсінуге, өзінің де, досының да қатесін тексеруге, табуға көмектеседі.

- Ой ұсынысына, мінез-құлық үлгілеріне, басқалардың талабына қарсылық танытуларын дамытады: оқушыларды өз пікірлерін қорғауға ынталандырады, пікірталас, пікір қақтығыстарын тудырады. «Жағдаяттарды талдау» және «Мәселелерді шешу» әдістерін қолдану балаларды көпшіліктің қысымына қарсы тұруға және өз пікірін қорғауға үйретеді. Көзқарастардың қақтығысына байланысты оқушылар іс пен әрекеттің мәнін, себептерін түсінеді.

- Өзіне деген сыни көзқарасты, өз қателіктерін көріп, оларға адекватты түрде қарау қабілетін дамытады: жолдастарының іс-әрекетінен ғана емес, өз іс-әрекетінен де жағымды және жағымсызды көру сияқты дағдыларды дамытуға ықпал етеді, өзін басқалармен салыстыра отырып, өзін мұқият бағалауды үйренеді.

- Сыныптастарымен бірлесіп шешім таба білу қабілеттерін дамытады, оқушылардың өтілетін материалға деген қызығушылықтарын арттырады [8].

Қорытындылап айтқанда, оқытудың интербелсенді әдістерін сабақта қолдану арқылы мұғалім жоғары сапалық көрсеткіштерге қол жеткізеді. Бастауыш сыныптарын оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану оқушылардың материалды сәтті меңгеруіне ықпал етіп, білім сапасын арттырады. Оқушылардың қарым-қатынасқа бейімділігі артады, тапсырмаларды орындауда шығармашылықпен жарысады, өз ойларын жеткізеді, мәлімдемелерді дәлелдейді. Осылайша, бастауыш сыныптарын интербелсенді оқыту бір уақытта бірнеше мәселені шеше алады деуге толық негіз бар.

Мінекей, бастауыш сыныптары нинтербелсенді оқытудың ерекшеліктері оқушылардың оқу процесіне араласуына ықпал етуімен, білім, идея, іс-әрекет әдістерімен алмасу арқылы олардың не білетінін, не ойлайтынын түсінуге және ой елегінен өткізуге мүмкіндік беруімен айқындалады. Интербелсенді оқыту оқушылардың жаңа білім алуына ғана емес, танымдық белсенділіктерінің

дамуына да ықпалын тигізеді. Бастауыш сынып педагогы ретінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда интербелсенді әдістерді қолдану дұрыс жол деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. –Астана, 2000.
2. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы: 2017. – 247 б.
3. БөрібековаФ.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 б.
4. ТойбазароваН.А. Интербелсенді оқыту технологиясы. Оқу құралы. –Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив. баспасы, 2019. – 89 б.
5. Тойбазарова Н.А. Интерактивті оқыту. Әдістемелік нұсқаулық. - Ақтөбе, 2006.- 37 б.
6. ӘлімовА.Қ. Интербелсендіоқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы / А.Қ. Әлімов. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.
7. ДьяченкоВ. К. Новая дидактика. –М.: Народнообразование, 2001. – 496 с.
8. Двучичанская Н.Н.Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций // Наука и образование: электронное научно-техническое издание. 2011. - №4. – 8 с.

СТУДЕНТ ӨМІРІНДЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

Жабықбай Айтолқын

6B01403 - Дене шынықтыру және спорт БББ 3 - курс студенті

ҚазҰлтҚызПУ

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., аға оқытушы М.Ж.Буркитбаева

Аңдатпа

Бұл мақалада дене шынықтыру арқылы студенттердің сау және белсенді болуына тигізетін әсерін насихаттау, сонымен қатар қарастырылып отырған мәселенің өте қажет екенін түсіндіріп жеткізу.

Түйін сөздер: жаттығу, студент, дене шынықтыру, қозғалыс, спорт

Аннотация

В этой статье написано о влиянии физической культуры на сохранение здоровья и активности студентов, а также объясняется, что рассматриваемая проблема крайне необходима.

Ключевые слова: упражнение, студент, физическая культура, движение, спорт

Abstract

This article describes the impact of physical education on maintaining the health and activity of students, and also explains that the problem under consideration is extremely necessary.

Key words: exercise, student, physical education, movement, sport.

Студенттік жылдар - белсенді және көңілді уақыт. Бәріне бірден қол жеткізгіміз келеді. Көп нәрсеге қол жеткізу, жоспарларды жүзеге асыру және жай ғана толық өмір сүру үшін сау болу керек. Егер сіз сау болсаңыз, кедергілерді жеңу оңай, көп нәрсеге үлгересіз және оның барлық көріністерінде өмірден ләззат аласыз. Салауатты өмір салты өмірдің барлық мәселелерін жоймайды, бірақ адам ағзасын қауіпсіз жұмыс жағдайында ұстауға көмектеседі. Денсаулықты сақтау қажеттілігі дене шынықтыру тақырыбын және оның студенттер арасында танымалдылығын зерттеудің маңыздылығы мен өзектілігін түсіндіреді.

Қазіргі уақытта дене шынықтыру, жаттығу және бірінші кезектегі дайындық туралы мәселе жиі туындайды. Көбінесе дене тәрбиесі мәселесі де маңызды тақырыпқа айналады, бірақ дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін дамытудың қазіргі кезеңінде осы бағыттың негізгі ұғымдарын анықтауға кешенді тәсілді әзірлеу мәселесі өзекті болды.

Аз қозғалыстағы өмір салты адам ағзасын әртүрлі аурулардың тез дамуына алып келеді. Бұл әсіресе студенттер үшін алаңдатарлық жағдай. Мысалы, әрбір оныншы студент семіздікке ұшырайды. Олардың сау болуы үшін дұрыс дене шынықтыру, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстану қажет. Бұл жұмыста дене тәрбиесі мәселелері қамтылған.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты-адам өмірінің студенттік кезеңінде дене шынықтыру және спортпен шұғылдану қажет екендігін көрсету. Міндеттер:

- Дене тәрбиесінің қалыптасу тарихын білу;
- Дене тәрбиесінің әртүрлі салалардағы рөлін білу;
- Студенттердің дене тәрбиесі туралы білу;
- Бірнеше пайдалы жаттығуларды білу.

- Жұмыстың теориялық маңыздылығы - студенттердің дене тәрбиесіне қажетті бағдарламаларды, кешенді жаттығуларды, сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған әдістерді әзірлеу.

- Жұмыстың практикалық маңыздылығы студенттермен әзірленген әдістерді қолдану және алынған нәтижелерді қарастыру болып табылады.

- Зерттеу нысаны: жалпы дене шынықтыру бағытындағы 1,2 - курс физика, математика және цифрлық технологиялар институтының студенттері. Себебі жетекшіміз осы институт студенттеріне жалпы дене шынықтыру сабағын береді.

Зерттеу пәні: дене шынықтыру.

Дене шынықтыру жүйелерінің тарихы және қалыптасуы

Дене шынықтыру - бұл жалпы мәдениет пен адамзат тарихының саласы, дене тәрбиесі мен спорт, білім және ғылым жүйесінің нақты қызметі процесінде алынған және өмір салты мәдениеті мен қоғамның психофизикалық денсаулығына біріктірілген қоғамның материалдық, рухани, ғылыми-теориялық және практикалық жетістіктерінің тарихи анықталған деңгейі болып табылатын әлеуметтік құбылыс.

Дене шынықтырудың мыңдаған жылдық тарихы бар. Ғылым оның қарапайым элементтері адамзат дамуының алғашқы кезеңінде пайда болғанын анықтады. Этнографиялық, археологиялық және басқа зерттеулер физикалық жаттығулар мен ойындарды еңбек қозғалыстарынан адамның салыстырмалы түрде тәуелсіз іс-әрекетіне, дене шынықтыру элементтеріне бөлу біздің дәуірімізге дейінгі 40 жылдан 25 мыңжылдыққа дейін байқалатынын көрсетеді. [1,30]

Дене шынықтыру капитализм кезінде ең үлкен дамуға қол жеткізді. Дене шынықтырудың ажырамас бөлігі ретінде спорт кең таралды, бәсекелестік қызмет жағдайында адам мүмкіндіктерін анықтау мен салыстырудың ерекше саласы, оған арнайы дайындық, нақты адамаралық қатынастар.

Кеңестік дене шынықтыру жүйесін құру “Қазан төңкерісінен” кейін бірден басталды. Оның өзіндік тарихы, даму динамикасы, өрлеуі мен құлдырауы, еңбегі мен кемшіліктері, жалпы және жеке қайшылықтары бар.

Байырғы қазақ халқы, халықта ең қарапайым түрде таралған ерекше ойындар мен жарыстардан (ат жарысы, белбеу күресі, садақ ату) басқа дене жаттығуларының басқа түрлерін білмеді. Мұндай спорттық ойын-сауық ұлттық мерекелерге орайластырылды. Егер осының бәріне спорт саласындағы мамандардың, сондай-ақ спорт ғимараттарының толық жоқтығын қосатын болсақ, онда революцияға дейінгі Қазақстанда дене шынықтыру мен спорттың өте әлсіз дамуы себептері әбден түсінікті болады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісімен Қазақстандағы дене шынықтыру қала мен ауыл еңбеккерлерінің көпшілігінің өміріне ене бастайды, қоғамдық өмірдің құрамдас бөліктерінің біріне айналады.

Дене тәрбиесінің спорттың әртүрлі салалары мен түрлеріндегі рөлі

Дене шынықтыру және спорт денсаулықты нығайту мен сақтаудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Бұл, әсіресе, қозғалыс белсенділігінің күрт төмендеуі жағдайында өте маңызды.

Спорт қоғам өмірінің негізгі салаларына кең әсер ете отырып, қазіргі қоғамның барлық деңгейлеріне енеді. Бұл іскерлік өмірге, әлеуметтік жағдайға әсер етеді, сән, этикалық құндылықтар, адамдардың өмір салтын қалыптастырады. Спорт феномені күшті әлеуметтендіруші күшке ие. Саясаткерлер спортты ұзақ уақыт бойы қоғамды біртұтас ұлттық идеямен біріктіре алатын, өзіндік идеологиямен, адамдардың жетістікке, жеңіске деген ұмтылысымен толтыра алатын ұлттық хобби ретінде қарастырды.

Спорт түрлерін насихаттау бұқаралық ақпарат құралдарына, ең алдымен теледидарға байланысты, ал дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар өмірлік мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Спорт мектебінен өткен адамдар спорт олардың күштері мен мүмкіндіктеріне деген сенімін, сондай-ақ оларды әртүрлі өмірлік жағдайларда пайдалану қабілетін арттыруға көмектескеніне сенімді. Спорт мақсатқа жету үшін құрбандыққа баруға үйретеді. Спорт арқылы қазіргі "өзіне сену" өмір принципі жүзеге асырылады. Бұл дегеніміз, жетістікке жету, ең алдымен, жеке қасиеттерге - бастамашылдыққа, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, ерік-жігерге, тілек пен адалдыққа байланысты.

Студенттердің дене тәрбиесі

Дене тәрбиесін жүзеге асырудың негізгі ұйымдастырушылық-әдістемелік принципі университетте дене шынықтырудың әртүрлі құралдарын сараланған қолдану болып табылады. Бұл жағдайда жас ерекшеліктері, студенттердің денсаулық жағдайы, олардың физикалық даму дәрежесі және дене шынықтыру деңгейі ескеріледі.

Оқу сабақтарының жоспары дене шынықтыру кафедрасында жасалып, бекітілген жұмыс бағдарламасы бойынша ұйымдастырылып өткізіледі. Жоғары оқу орындарындағы дене шынықтыру сабақтары 1,2 - курс барлық мамандықтар мен бағыттар бойынша өткізіледі. Студенттермен жұмыс істеу барысында (сабақ кестесіне сәйкес) бір реттік жаттығу аздық етеді.

Өз бетінше жаттығу дағдыларын қалыптастыру үшін ең дұрысы танертеңгі гигиеналық гимнастикадан бастаған жөн. Мұндай жаттығулар арнайы дайындықты қажет етпейді, дене шынықтыру жаттығуларының біразын үйреніп алып, музыкамен орындауға болады. [2, 54]

Мүмкіндігінше дене шынықтыру сабақтарын ашық ауада өткізу керек. Күн тәртібі ішіндегі дене жаттығуларына жататындар: танертеңгілік гигиеналық гимнастика, күн тәртібіндегі гимнастикалық жаттығулар, т.б. қозғалыс түрлері [3,225]. Мұндай сабақтар үлкен сауықтыру әсерін береді: денсаулықты нығайтады, студенттердің қатаюын арттырады, сондықтан дене шынықтыру "Динамо" стадионында өткізіледі.

Жаяу серуендеу, экскурсиялар мен серуендеу маңызды сауықтыру болып табылады. Олар жақсы қатайтатын әсерге ие және әртүрлі қозғалыс қасиеттердің физикалық дамуы мен жақсаруына, сондай-ақ төзімділікке ықпал етеді.

Дене тәрбиесінің өмірге әсері

Дене шынықтыру дене үшін маңызды өсу процесін ынталандырады, ішкі ағзалардың жұмысын белсендіреді. Спорттың адамға жағымды әсерінің шегі жоқ. Сондықтан, тіпті аз белсенділік отырықшы өмір салтына қарағанда жақсы. Дене шынықтырудың адам денсаулығына әсері - бұл даусыз факт. Дене шынықтыру ағзаны, оның қорғаныс функцияларын дамытуға және нығайтуға арналған. Спортпен шұғылдана отырып, адам көптеген жағымсыз факторларға төтеп бере алады. Қозғалыстар мен жаттығулар және дұрыс тамақтануды ұйымдастырумен тығыз байланысты, себебі осылардың нәтижесінде иммунитет, сондай-ақ дененің төзімділігі күшейеді.

Сауалнама 1,2 - курс физика, математика және цифрлық технологиялар институтының студенттері арасында жүргізілді. Қатысқандар: 206 физика тобы 24 студент, 105 физика тобы 28 студент, цифрлық математика 21 студент.

Дене шынықтыру денсаулықты нығайту мен сақтаудың маңызды факторы ма?

Жауаптар: 58 студент Иә -79%, 15 студент Жоқ-21%

Денсаулық келесі факторларға байланысты: өмір салты-40-50% (Еңбек және тұрмыстық жағдайлар, стресстік жағдайлар, гипокинезияның салдары, теңгерімсіз тамақтану, жаман әдеттер және т.б.), тұқым қуалаушылық – 20-25%, экология және қоршаған орта – 10-15%, Денсаулық сақтау тиімділігі – 5-10%.

Осылайша, біздің денсаулығымыз 50% адамның өзіне, оның өмір салтына байланысты. Салауатты өмір салтының негізгі элементтері: Еңбек және демалыс, ұйқы және тамақтану режимін сақтау; гигиена және қатаю талаптарын орындау, жаман әдеттердің алдын алу, қозғалыс белсенділігі режимін ұйымдастыру, т. б.

Осылайша, дене шынықтыру және салауатты өмір салты ережелерін сақтау адам денсаулығын сақтау мен нығайтуда үлкен маңызға ие. Дене шынықтыру құралдарының бірі ретінде дене шынықтыру жаттығулары адам ағзасының барлық анатомиялық жүйелеріне оң әсер етеді, көптеген

аурулардың алдын алады және емдік әсер етеді. Демек, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі жауап бергендей, дұрыс жауап "Иә" болады.

Өмірде қажет жаттығулар

Жаттығу ағзадағы метаболикалық процестерді күшейтеді. Метаболизмнің жеделдеуі жүреді, демек, қоректік заттардың сіңу жылдамдығы, ағзаның оттегімен қанығуы артады. Оңтайлы физикалық жүктеме болған кезде жас организм дұрыс қалыптасады және ұзақ уақыт белсенді өмір сүру үшін қажетті қауіпсіздік қорына ие болады. Жүріп жасалынатын жаттығулар:

1. 3 минутқа дейін баяу жүгіру.
2. Тыныс алуды қалпына келтіру жаттығулары.
3. Қолдар жоғары, аяқтың ұшымен жүру.
4. Қолдар артқы жағында, өкшемен жүру.
5. Қолды жоғары алақанмен қаратып, тік аякпен жүру. (Жаяу жүру кезінде тіздегі аяқтар бүгілмейді)
6. Артқы қолдар-аяқтың ішкі және сыртқы доғаларында жүру.
7. Қолдар құлыптап, бастың артында шынтақ бүйірге - жартылай отырыспен жүру. (Арқаңызды тұзу ұстаңыз).
8. Қолдар тізе тұсында толық отырып жүру.

ТҮРҒАН КҮЙДЕГІ ЖАТТЫҒУЛАР

1. Б. қ. аяқтар бірге, қолдар артқы жағында. Бастың айналмалы айналуы 1-8 солға, 1-8 оңға.
2. Б. қ. аяқтар бірге, қолдар артқы жағында. 1 - басыңызды солға, 2 - оңға, 3 - Алға, 4-артқа еңкейтіңіз.
3. Б. қ. аяқтар бірге, саусақтар бастың артындағы құлыпқа, қолды артқа тарту 1-8 .
4. Б. қ. аяқтар бөлек (ортаңғы тірек), қолдар жоғарғы жағында, қолдың кезектесіп алға айналуы 1-4 және қолдың кезектесіп артқа айналуы 1-4.

ОТЫРҒАНДА ЖАСАЛАТЫН ЖАТТЫҒУЛАР (ОРЫНДЫҚТА НЕМЕСЕ КАРИМАТТА).

1. Б. қ. орындықта отырып, аяғыңызды алға созыңыз. Қадамдарды алға-артқа, оңға-солға еңкейту 1 - 8 санау.
2. Б. қ. орындықта отырып, қолмен тізеңізді құшақтаңыз. Қолыңызды кеудеге қарай тартыңыз оң тізе 1-4, сол тізе 1-4 солға.
3. Б. қ. орындықта отырып, қолды құлыпқа жоғары қарай созыңыз. Оңға еңкейту 1-4 және солға 1-4 4.
- Б. қ. орындықта отырып, аяқтар тізе бүгіліп, оң аяқты 1-4 жағына, ал сол аяқты 1 - 4 жағына қарай жылжытыңыз.

Күнделікті жоспар құрыңыз қан айналымын жақсарту үшін 30-45 минуттық жаттығулар (жүгіру, велосипедпен жүру, би билеу, жүзу немесе серуендеу), сонымен қатар 2 немесе 3, аптасына бір рет мақсатты бұлшық ет жаттығуларымен айналысу (жаттығу). Сабак уақыты ерікті түрде таңдалады, бірақ олар бір уақытта басталуы керек, сондықтан сауықтыру бағдарламасы күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналады [4, 54].

Қортынды

Менің ойымша, студенттік өмір – бұл, біздің қажетті білім мен дағдыларды жетік игеруге мүмкіндік берген кезең. Осындай дағдылардың бірі денсаулықты сақтаудың маңыздылығын түсіну, салауатты өмір салтын қалыптастыру болуы керек. Өмірдің осы кезеңінде адам дене шынықтыру мен спортсыз өмірі мәнсіз болатынын түсінуі жақсы болар еді.

Әдебиеттер

1. Ботагариєв Т.А., Тулегенов Е.К., Мамбетов Н.М., Аралбаєв А.С. Физическое воспитание в вузе: учебное пособие/ - Алматы. ССК, 2018 – 256 с. ISBN 978-601-327-195-8
2. Арещенко А.И., Вишнякова Н.П., Рахимбаєва Г.Х., Дуйсембаєв Т.Н., Мадиева Г.Б. Арнайы оқу бөліміндегі дене тәрбиесі оқу үдерісінің технологиясы. Алматы: «Қазақ университеті», 2012
3. Ботагариєв Т.А. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2014. – 272 б.
4. Абдыкадырова, Д.Р. Профессионально-прикладная физическая подготовка студентов. - Алматы, 2010.

THE EFFICIENCY OF SELF-DIRECTED WORK IN TEACHING PEDAGOGY: A KEY TO EDUCATIONAL DEVELOPMENT

AbitbekovaMerey

Pedagogy and psychology

Kazakh Women's Teacher Training University

Scientific supervisor:

Associate Professor, T.L. Saidakhmetova

Abstract

In the realm of teaching pedagogy, the efficacy of self-directed work stands as a fundamental pillar for educational development. This paper elucidates the pivotal role self-directed work plays in pedagogical practices and delineates various methodologies to augment its efficiency. Exploring its advantages, including flexible management of teaching processes and the cultivation of professional skills, this abstract underscores the significance of self-directed work in fostering a dynamic educational environment. Furthermore, it examines how self-directed work stimulates creative thinking and contributes to the enhancement of educational quality. Through methods such as resource development, technological integration, and collaboration, educators can amplify the impact of self-directed work. Ultimately, this abstract highlights self-directed work as not only instrumental in educators' careers but also indispensable for the continual advancement of education on a broader scale.

Keywords: self-directed teaching pedagogy, educational development, flexibility, professional skills, creative thinking, quality of education, collaboration.

Advantages of Self-Directed Work for Educators

In the contemporary educational landscape, where diversity and individuality reign supreme, the concept of self-directed work emerges as a beacon of empowerment for educators. This section delves into the myriad advantages that self-directed work offers to educators, expounding on its capacity to revolutionize teaching methodologies and elevate the quality of education provided to students.

One of the foremost advantages of self-directed work for educators lies in its ability to imbue them with a sense of autonomy and flexibility in managing their teaching processes. In the dynamic realm of pedagogy, characterized by heterogeneous student populations and evolving educational paradigms, the need for adaptability and customization is paramount. Each student possesses a unique set of learning styles, preferences, and aptitudes, necessitating an individualized approach to instruction. Self-directed work equips educators with the tools and autonomy to tailor their teaching methodologies according to the specific needs and learning profiles of their students [1].

Moreover, self-directed work fosters a culture of innovation and experimentation within the educational sphere. Educators are empowered to explore novel teaching strategies, leverage innovative technologies, and devise creative solutions to instructional challenges. By encouraging educators to think outside the confines of traditional pedagogical frameworks, self-directed work stimulates creativity and ingenuity in instructional design and delivery. This, in turn, cultivates a dynamic and engaging learning environment that captivates students' interest and fosters a love for learning.

Furthermore, self-directed work serves as a catalyst for professional growth and development among educators. By assuming greater responsibility for their professional development, educators embark on a journey of continuous learning and self-improvement. Through self-directed inquiry, reflection, and collaboration with peers, educators expand their pedagogical repertoire, refine their instructional practices, and stay abreast of emerging trends and best practices in education. The autonomy afforded by self-directed work empowers educators to chart their own professional

trajectory, pursue areas of personal interest and passion, and carve out a niche of expertise within their field.

In conclusion, self-directed work holds immense promise as a transformative force in education, empowering educators to navigate the complexities of the modern educational landscape with confidence and agility. By fostering autonomy, innovation, professional growth, and accountability among educators, self-directed work lays the foundation for a dynamic and student-centered approach to teaching and learning. As educators embrace the opportunities afforded by self-directed work, they position themselves as catalysts for educational innovation and agents of positive change within their classrooms, schools, and communities.

Development of Professional Skills

The development of professional skills among educators is a cornerstone of effective teaching and learning. Teaching is not merely a job but a lifelong journey of growth and self-improvement. In this context, self-directed work emerges as a powerful catalyst for the enhancement of educators' professional skills.

Analytical thinking lies at the heart of effective teaching. Educators are tasked with analyzing complex information, identifying patterns, and synthesizing disparate concepts to create meaningful learning experiences for their students. Self-directed work provides educators with the opportunity to hone their analytical skills by engaging in critical reflection on their teaching practices, evaluating student performance data, and identifying areas for improvement. Through self-directed inquiry and analysis, educators develop a deeper understanding of their students' learning needs and are better equipped to tailor their instructional strategies to meet those needs effectively [2].

Furthermore, self-directed work cultivates planning skills essential for effective teaching. Educators must carefully plan and sequence learning activities, anticipate potential challenges, and devise strategies to address them proactively. Self-directed work empowers educators to take ownership of the planning process, allowing them to design engaging and coherent lesson plans that scaffold student learning effectively. By setting clear objectives, selecting appropriate instructional materials, and designing authentic assessments, educators can create learning experiences that are purposeful, engaging, and aligned with educational standards [3].

Moreover, adaptability to new circumstances is a critical skill for educators, particularly in today's rapidly changing educational landscape. Educators must be prepared to respond flexibly to unexpected challenges, whether they arise from changes in curriculum standards, advancements in educational technology, or shifts in student demographics. Self-directed work fosters adaptability by encouraging educators to stay abreast of emerging trends and best practices in education, experiment with new teaching methodologies, and embrace innovative approaches to instruction. Through ongoing self-directed inquiry and experimentation, educators develop the resilience and agility needed to thrive in dynamic educational environments.

In conclusion, self-directed work plays a pivotal role in the development of educators' professional skills, providing opportunities for analytical thinking, planning, adaptability, and collaboration. By engaging in self-directed inquiry, reflection, and collaboration, educators can enhance their effectiveness as teachers, create meaningful learning experiences for their students, and contribute to the advancement of education as a whole.

Enhancing the Quality of Education

Enhancing the quality of education is a multifaceted endeavor that requires the concerted efforts of educators, administrators, policymakers, and stakeholders. Effective self-directed work by educators serves as a cornerstone in this process, offering a pathway to elevate the standard of education provided to students [4].

When educators engage in self-directed work, they embark on a journey of continuous improvement and innovation. By delving deeper into educational material, educators gain a more nuanced understanding of the content they teach. This depth of knowledge enables educators to

present information in a more comprehensive and engaging manner, fostering a deeper understanding and appreciation of the subject matter among students.

Moreover, self-directed work enables educators to prioritize students' individual needs and learning styles. By taking a personalized approach to instruction, educators can tailor their teaching strategies to accommodate diverse learners, ensuring that each student receives the support and resources necessary to succeed. Whether through differentiated instruction, small-group activities, or individualized assessments, educators can create learning experiences that resonate with students on a personal level, maximizing their potential for academic growth and success.

Furthermore, self-directed work empowers educators to leverage technology as a tool for enhancing teaching and learning. By integrating modern technologies into the educational process, educators can automate routine tasks, streamline administrative processes, and create more interactive and engaging lessons. Whether through the use of multimedia presentations, online resources, or educational apps, technology has the potential to enrich the learning experience, making content more accessible and engaging for students [2].

Additionally, collaboration and knowledge sharing play a crucial role in enhancing the efficiency of self-directed work. Educators who actively participate in professional communities have the opportunity to exchange ideas, share best practices, and learn from one another's experiences. By collaborating with peers, educators can gain new insights, discover innovative approaches to instruction, and refine their own teaching practices. This collaborative exchange of ideas fosters a culture of continuous improvement and professional growth, ultimately benefiting both educators and students alike [1].

In conclusion, effective self-directed work by educators is instrumental in enhancing the quality of education. By delving deeper into educational material, prioritizing students' individual needs, leveraging technology, and engaging in collaboration and knowledge sharing, educators can create more meaningful and impactful learning experiences for students. As educators continue to embrace self-directed work as a catalyst for innovation and improvement, the quality of education will undoubtedly flourish, laying the foundation for a brighter future for all learners.

Literature:

1. Brookfield, S. D. Becoming a critically reflective teacher. John Wiley & Sons. 2017.
2. Darling-Hammond, L., & Bransford, J. (Eds.). Preparing teachers for a changing world: What teachers should learn and be able to do. John Wiley & Sons. 2005.
3. Danielson, C. Enhancing professional practice: A framework for teaching. ASCD. 2013.
4. Hattie, J. Visible learning for teachers: Maximizing impact on learning. Routledge. 2012.

ПЕДАГОГИКАДА СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ

Әбдікерім Айдана

6B01507-химия білім беру бағдарламасының 2 - курс студенті

ҚазҰлтҚызПУ

Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистрі,
оқытушы Бакеева Фарида Сабатайқызы

Аңдатпа

Мақала қазіргі білім берудегі сыни ойлаудың рөлі мен маңыздылығын қарастырады. Сыни тұрғыдан ойлау - бұл 21 ғасырдағы қиындықтарды сәтті шешуге және үйреніп жатқан және істеп жатқан істерімізді тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін оң дағды. Білім алушының сыни ойлауын дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары қарастырылады. Сыни ойлаудың тек оқуда емес, күнделікті өмірде де пайдасы тиетіні жайлы айтылады. Сыни ойлауды меңгеру барысында білім

алушының бойында болуы керек қасиеттер жайлы және оларды маңыздылығы жөнінде айтылады. Педагогикада сыни ойлауды дамыту үшін қолданылатын бірнеше әдістерді сипаттайды. Мақаланың негізгі мақсаты - білім алушының сыни ойлауын қалыптастыру.

Кілт сөздер: сыни ойлау, сыни ойлауды педагогикада қолдану, сыни ойлауды дамыту, білім алушының бойында болуы тиіс қасиеттер

Педагогика мен психология оқушылардың теориялық және практикалық, өнімді және репродуктивті ойлауын қалыптастыру туралы жеткілікті түсінікке ие, білімді игеру процесінде шығармашылық, проблемалық ойлауды дамыту құралы ретінде проблемалық оқытудың тұтас тұжырымдамасы бар. Алайда, психологтар мен тәрбиешілер жеткілікті зерттеген ойлаудың барлық түрлерінің ішінде сыни ойлау сияқты маңызды түр аз сипатталған. Көптеген мұғалімдер сыни ойлауды оқытудың оңтайлы формалары мен әдістерін іздеуге тырысады, алайда мұғалімді даярлау сыни ойлауды қалыптастыруға әрең көңіл бөледі. Демек, біздің тақырыптың өзектілігі туралы қорытынды, біз шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан жалпы принциптер мен заңдылықтарға сүйене отырып, сыни ойлауды зерттеу орынды деп санаймыз. Қазіргі таңда мұғалімдер сыни тұрғыдан ойлаудың теріс пікірлер мен жөнсіз көзқарастардың синонимі емес екенін, керісінше, бұл мұғалім оқушыға ұсынған білім беру ақпаратын саналы түрде қабылдаудың бір түрі, әр түрлі тәсілдерді жан-жақты талдау негізінде алынған білімге қатысты өз пікірі мен көзқарасын дамытуды үйрететін, өз кезегінде оларды өмірде практика жүзінде қолдану екенін анық түсінуі керек [1, 34].

Мұғалімнің оқыту әдістерін дұрыс таңдауы жоғары деңгейдегі өнімді ойлауды, шығармашылық, абстрактілі-логикалық ойлауды, проблемаларды шешуге сыни қабілеттерді дамытады. Өздеріңіз білетіндей, ойлаудың дамуында әртүрлі пәндер маңызды рөл атқарады, олардың ішіндегі ең маңыздысы-логика: адамның ойлау логикасына сәйкес оның ойлау операцияларының ауырлығы мен дамуын бағалауға болады. Егер оқушы "дұрыс ойлау" заңдарын білмесе, фактілерді бағалауды, дәлелді теріске шығаруды үйрену, іс-шараларға шынайы баға беруі, өзін-өзі бағалауы және сынауы қиынға соғады [2, 7].

Сыни тұрғыдан ойлау- ақпаратты түсінуге, негізделген шешімдер қабылдауға және әлемді кеңірек, тереңірек көруге көмектесетін негізгі дағды. Біздің тез өзгеретін және ақпаратқа толы әлемде сыни тұрғыдан ойлау қабілеті күнделікті өмірде де, кәсіби қызметте де маңызды бола түсуде. Сыни тұрғыдан ойлаудың негізі-белгілі бір принциптер, мысалы, дұрыстық, логикалық ойлау, әртүрлі көзқарастарға ашықтық, икемділік пен өзгеруге дайындық. Бұл принциптер бізге ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға және салмақты шешімдер қабылдауға көмектеседі. Сыни ойлау ұсынылған ақпаратты бағалауды ғана емес, сонымен қатар сұрақтар қоюды, біржақтылық пен бұрмалануды тануды, балама көзқарастарды қалыптастыруды қамтитын процесс. Сонымен қатар, сыни ойлауды дамыту шығармашылықты, өзін-өзі тануды және басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Педагогикада сыни тұрғыдан ойлау студенттерді білім беру процесінің белсенді және тәуелсіз қатысушылары ретінде қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Төменде сыни ойлаудың педагогикада қалай қолданылуының бірнеше жолы көрсетілген:

1. Ынталандыратын оқу ортасын құру: тәрбиешілер білім беру бағдарламалары мен сабақтарын студенттерге сұрақтар туғызатын, талқылау мен талдауды ынталандыратын және белсенді зерттеуді ынталандыратын етіп жасайды.
2. Тапсырмалар мен жаттығулар арқылы сыни ойлау дағдыларын дамыту: мұғалімдер оқушыларға ақпаратты талдау, бағалау, синтездеу және қолдану дағдыларын дамытуға көмектесетін әртүрлі әдістер мен жаттығуларды қолданады.
3. Ақпаратты бағалау: ақпараттық қанықтыру дәуірінде ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай білу маңызды. Оқушылар дереккөздердің сенімділігі мен сенімділігін анықтай алуы керек, сонымен қатар ақпараттағы бейімділік пен манипуляцияны танып, талдай білуі керек.
4. Оқытудың диалогтік әдістерін қолдану: тәрбиешілер сыныптағы диалог пен талқылауды ынталандырады, осылайша оқушылар өз ойларын білдіре алады, өз көзқарастарын дәлелдей алады және басқалардың көзқарастарын сыни тұрғыдан бағалай алады.

5. Пәнаралық байланыстар арқылы сыни ойлауды қалыптастыру: тәрбиешілер сыни ойлауды әртүрлі пәндер мен білім салаларына біріктіреді, оқушыларға әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды көруге және әртүрлі контексттерде сыни көзқарасты қолдануға көмектеседі.

6. Тәуелсіздік пен зерттеу тәсілін қолдау: тәрбиешілер оқушыларды өз бетінше болуға және олардың сыни ойлауын дамытуға ықпал ететін жаңа тұжырымдамаларды, мәселелер мен идеяларды белсенді түрде зерттеуге шақырады.

7. Өзін-өзі бағалау және рефлексия: оқушылар өз ойларын, әрекеттері мен шешімдерін сыни тұрғыдан рефлексиялауды, сондай-ақ олардың тиімділігі мен орындылығын бағалауды үйренеді. Бұл метакогнитивтідағдылар мен өзін-өзі реттеуге ықпал етеді.

Д. Халперннің пайымдауынша сыни тұрғыдан ойлау қабілетін игермес бұрын, оқушы бірқатар маңызды қасиеттерді дамытуы керек:

1. Жоспарлауға дайын болу. Жоспарлау - сыни ойлауды дамытудағы алғашқы және өте маңызды қадам. Сондықтан, қойылған сұраққа (ауызша немесе жазбаша) жауап бермес бұрын, Д.Халперн жауап жоспарын құруға кеңес береді.

2. Икемділік. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам жаңа идеяларды қабылдауға дайын, өз көзқарасын өзгертуге және жаңа тәсілдермен ойлауға дайын.

3. Табандылық. Ойлау-бұл ауыр жұмыс. Оқуда немесе жұмыста жетістікке жету үшін қиын міндеттерді шешуде көп күш жұмсау және көп уақыт жұмсау қажет. Қол жеткізу үшін уақытша, энергетикалық және өзге де шығындарға тек табанды адам ғана жоғары нәтижеге қол жеткізе алады.

4. Қателіктеріңізді түзетуге дайын болу. Қате - еңсенізді төмен түсірмеуге себеп, бірақ мәселені шешудің тиімді әдісін табу.

5. Хабардарлық. Д. Халперн бұл ақыл-ой іс-әрекеті процесінде өзін-өзі бақылау, ойлау барысын бақылау қабілетін қамтитын қажетті қасиет екеніне сенімді.

6. Екі жаққа қолайлы шешімдерді табу. Бұл маңызды қабылданған шешімдерді басқа адамдар қабылдауы мүмкін, әйтпесе бұл шешімдер мәлімдеме деңгейінде қалады [3,82].

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту оңай шаруа емес. Бұл белгілі бір жаста аяқталатын және ұмытылатын нәрсе емес. Сыни тұрғыдан ойлаудың нақты жолдары жоқ. Дегенмен, сыни ойлауды дамыту үшін қолдануға болатын бірқатар оқу шарттары бар.

Біріншіден, сыни тұрғыдан ойлау- бұл тәуелсіз ойлау. Сабақ сыни тұрғыдан ойлауға негізделгендіктен, әр қатысушының өз идеялары, бағалары және сенімділігі болады. Ешкім бізге сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік бермейді. Біз мұны тек өзіміз туралы ойлай аламыз. Бұл дегеніміз, сыни тұрғыдан ойлауды сыни тұрғыдан ойлау деп атауға болады, егер ол жеке сипатта болса.

Екіншіден, ақпарат сыни ойлаудың нәтижесі емес, оның басталуы. Білім сыни ойлаудың мотиваторы болып табылады. Кейде бос баспен ойлау қиын деп айтылады. Күрделі идеяны құру үшін көптеген "шикізаттарды" — фактілерді, идеяларды, мәтіндерді, теорияларды, деректерді, тұжырымдамаларды өңдеу қажет.

Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақ қоюдан және шешілуі керек мәселені анықтаудан басталады. Адамдар табиғаты бойынша қызығушылық танытады. Біз кез-келген жаңалықты сезінгенде, біз оның мәнін білгіміз келеді.

Тарихи ескерткішті көргенде ішке кіргіміз келеді. Американдық философ және ағартушы Дж. Дьюидің айтуынша, оқушылар белгілі бір мәселемен айналыса бастағанда ғана сыни ойлауды дамытады. "Оқу процесінің бастапқы нүктесі болып табылатын жағдай немесе оқиға туралы ең маңызды сұрақ — бұл мәселе неде деген сұрақ". "Студент белгілі бір мәселемен күресіп, қиын жағдайдан шығудың жолын тапқанда ғана ол шынымен ойлайды".

Төртіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сенімді дәлелдер іздейді. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам мәселенің өзіндік шешімін табады және оны ұтымды, негізделген дәлелмен қолдайды [4, 1018].

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету жаңа білім беру жағдайында жүзеге асырылуы керек. Бірінші кезекте оқытудың жаңа бағдарламалары қажет, өйткені бұрынғы бағдарламаларда білім алушылардың

шығармашылық әлеуетін дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбейді. Мұндай бағдарламалармен тек өз студенттерінде дамытуы керек қасиеттерді дамытуға ашық мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Оқытушылар сыни және шығармашылық ойлауды дамыту бойынша қолданыстағы тиімді бағдарламалар негізделген қағидаттарды ұстануы қажет [3,83]. Дұрыс және жеткілікті дамыған сыни ойлауы бар білім алушы басқа мамандармен салыстырғанда кәсіби салада артықшылықтарға ие болады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам тыңдай және ести алады, қателіктерін оңай мойындайды және олармен жұмыс істей алады, тіпті басқа біреудің пікірі өз пікіріне қайшы келсе де, ол оны құрметтейді. Мұндай маман екіұштылық пен күмәнмен жұмыс істей алады, яғни оған күрделі және жауапты тапсырмаларға сенуге болады; жан-жақтылыққа ұмтылады және ғылым мен мәдениеттің көптеген салаларында кем дегенде негізгі білімге ие; іс-әрекетті бағалай алады, демек ол алалаушылыққа бейім емес [3, 84]. Сыни ойлауды дамыту технологиясы оқу процесінде көптеген жеке міндеттерді емес, олардың жиынтығын шеше алады. Ол болашақ маманның ішкі және сыртқы өзін-өзі ұйымдастыруының дамуына әсер ететін шығармашылық және ғылыми ақпараттық іс-әрекеттің дағдылары, тәжірибесі жиынтығын алуға бағытталған. Дүние жүзіндегі ең сұранысқа ие адамдар – ойлы және білімді адамдар. Білім беру жүйесінің мақсаты олардың мүмкіндігінше көп болуы керек.

Әдебиеттер

1. Инновационная наука: Психология. Педагогика. Дефектология 2020 ТОМ 3 № 1.
2. Минкина Ф. Ф., Критическое мышление учащихся и педагогические способы его формирования, 2000 , с.7 .
3. Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования, №2 (36), 2019.
4. ШығысРенессансы: Инновациялық, білімберу, жаратылыстанужәне әлеуметтік ғылымдар 2 том | 6 шығарылым, 1018,1019 бет].

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН БАҒАЛАУ: БАҒАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Жугинисова Жанерке
6B01507-Химия БББ
ҚазҰлтҚызПУ

Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі,
оқытушы Бакеева Фариза Сабетайқызы

Бұл мақалада оқушылардың оқу үлгерімін бағалаудың заманауи тәсілдері мен әдістері қарастырылған. Мақалада бағалаудың түрлі әдістері мен құралдары, соның ішінде тестілеудің дәстүрлі түрлері, портфолио, жобалау жұмыстары, практикалық тапсырмалар, т.б. талданады. Әрбір тәсілдің артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ бағалаудың тиімді әдісін таңдаудағы білім беру бағдарламасы контексті мен мақсаттарының рөлі талқыланады. Қазіргі заманғы зерттеулер мен практикалық тәжірибе негізінде студенттердің үлгерімін неғұрлым объективті және әділ бағалауға ықпал ететін стратегиялар да қарастырып өтілген, сондай-ақ оқу процесін оңтайландыру және білім беру сапасын арттыру мақсатында бағалау практикасын жақсарту бойынша педагогтер мен білім беру мекемелеріне ұсыныстар жасалады.

Кілт сөздер: дәстүрлі бағалау, үй тапсырмасы, балама әдістер, портфолио, жобалар, ауызша презентациялар, бақылау

Қазіргі білім беру процесінде оқушылардың үлгерімін бағалау прогресті анықтауда, оқыту жүйесінің әлсіз жақтарын анықтауда және жақсарту үшін кері байланыс беруде шешуші рөл атқарады. Емтихандар мен тестер сияқты дәстүрлі бағалау әдістері әлі де маңызды, бірақ соңғы жылдары заманауи және жан-жақты тәсілдерге көшу өзекті мәселе болып отыр.

Бағалаудың заманауи тәсілдері

1. Қалыптастырушы бағалау: бұл оқушыларды бағыттау және оларға нақты уақыт режимінде кері байланыс беру үшін оқу кезінде жүргізілетін деректерді жинау мен талдаудың үздіксіз процесі. Ол студенттерге қателерді өсу және жақсарту мүмкіндігі ретінде пайдалануға мүмкіндік беруге бағытталған.
2. Жиынтық бағалау: бұл оқушылардың қол жеткізген нәтижелерін өлшеу үшін оқу кезеңінің немесе блоктың соңында орындалатын дәстүрлі тәсіл. Оған әдетте тестер, емтихандар және қорытынды жобалар кіреді.
3. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы: бұл студенттердің өз жұмысын бағалайтын және олардың түсінігін көрсететін процесс. Бұл санаға, өзін-өзі реттеуге және метатаным дағдыларын дамытуға ықпал етеді.
4. Портфолиоға негізделген бағалау: бұл оқушылардың үлгерімін, дамуы мен жетістіктерін көрсететін белгілі бір уақыт кезеңіндегі жұмыс үлгілерін жинау және талдау.
5. Сандық бағалау: бұл оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалау үшін LMS бағдарламалық құралы және онлайн тесттер сияқты цифрлық технологияларды пайдалану. Ол икемділікті, уақытты үнемдеуді және жылдам кері байланысты қамтамасыз етеді.

Бағалаудың заманауи әдістері

1. **Жобалау-зерттеу жұмысы:** студенттер тақырыпты терең зерттейді және өз нәтижелерін жазбаша есеп немесе презентация түрінде ұсынады. Бұл олардың сыни ойлау қабілеттерін, проблемаларды шешу және зерттеу қабілеттерін бағалайды.
2. **Мультимедиялық презентациялар:** оқушылар өздерінің түсінігі мен шығармашылығын көрсету үшін мультимедиялық презентациялар жасайды. Бұл олардың коммуникация, визуалды бейнелеу және технологияны пайдалану дағдыларын бағалайды.
3. **Оқу журналдары:** оқушылар өздерінің жетістіктерін көрсететін, сұрақтар қоятын және оқу мақсаттарын белгілейтін журналдар жүргізеді. Бұл өзін-өзі көрсетуге, метатануға және ішкі ынталандыруға ықпал етеді.
4. **Оқу процесін бақылау:** оқытушылар студенттердің пікірталастарға қатысуын, құрдастарымен қарым-қатынасын және проблемаларды шешу дағдыларын бағалау үшін сабақ барысында олардың мінез-құлқын бақылайды және жазады.
5. **Өзін-өзі тексеру технологиясы:** студенттер өз жұмысын тексеру және дереу кері байланыс алу үшін цифрлық платформаларды немесе мобильді қолданбаларды пайдаланады. Бұл олардың жауапкершілігі мен өзін-өзі ынталандыруын арттырады.

Қазіргі бағалау жүйесі кешенді дағдыларды өлшеудегі шектеулерге әкелуде себебі дәстүрлі бағалау әдістері көбінесе сыни тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу және шығармашылық сияқты кең танымдық қабілеттерді ескермей, белгілі бір білімді немесе дағдыларды өлшеуге бағытталған. Кейбір бағалау емтихандары мысалы SAT және ACT сияқты стандартталған сынақтар мәдени айырмашылықтар мен әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктерге байланысты әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен және белгілі бір нәсілдік топтардың студенттеріне қолжетімсіз. Сонымен қатар ЖОО-ға түсу үшін тапсыратын қорытынды емтихандар сияқты жоғары үміт студенттерге айтарлықтай стресс тудыруы мүмкін, бұл олардың нәтижелері мен жалпы әл-ауқатына теріс әсер етеді. Қазіргі бағалау әдістері көбінесе сыртқы стандартталған тестілерге тәуелді, бұл мұғалімдердің бағалауды белгілі бір оқушылардың қажеттіліктеріне және оқу жоспарына бейімдеу мүмкіндігін шектейді. Бағалаудың заманауи әдістері сандық өлшемдерге бағытталған, бұл қарым-қатынас, ынтымақтастық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеті сияқты оқытудың сапалық аспектілерін елемеуге әкелуі мүмкін. Көптеген заманауи бағалау әдістері цифрлық сауаттылық, нақты уақыттағы мәселелерді шешу және ынтымақтастық сияқты 21 ғасырдағы маңызды дағдыларды өлшеуге арналмаған. Жоғары ставкаларды бағалау оқу бағдарламасын тарылтуы мүмкін, өйткені мұғалімдер оқу тақырыптарының кең ауқымымен айналысудың орнына теске дайындалуға назар аударады. Стандартталған тестілері оқушылардың мотивациясын төмендетуі мүмкін, өйткені олар оқу мен өсу құралы ретінде емес, сыртқы бақылау құралы ретінде қабылдануы мүмкін. Бағалаудың көптеген заманауи әдістері білім берудің дәстүрлі идеяларына негізделген және педагогика мен когнитивтік ғылымның соңғы жетістіктерін ескермеуі мүмкін. Заманауи әдістер мен тәсілдердің оқытудың маңызы мен

шынайылығын арттыруда маңызы зор. Сонымен қатар дәстүрлі бағалау жүйесіне қарағанда оқушылардың өз ойын еркін жеткізіп өзін –өзі бағалауға мүмкіндік береді [1].

Дәстүрлі бағалау әдістері

- Жазбаша емтихандар тапсыру - түсінуді, сыни талдауды және жазу дағдыларын бағалайтын ұзақ, құрылымды жауаптар.
- Қысқа жауаптар - фактілер мен тұжырымдамалар туралы білімді тексеретін нақты сұрақтарға қысқа жауаптар.
- Бірнеше таңдау - білімді түсіну мен қолдануды тексеретін бірнеше таңдау сұрақтары.
- Сәйкестендіру - байланыс орнату қабілетін тексеретін терминдерді, ұғымдарды немесе оқиғаларды салыстыру.

Ауызша емтихандар

- Презентациялар: шешендік шеберлікті, тақырыпты білуді және ақпаратты визуалды түрде ұсыну қабілетін бағалайтын тақырып бойынша ақпаратты ұсыну.
- Ауызша есептер: сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу және нақты ойлау қабілетін бағалайтын тақырыптарды терең талқылау.
- Сыныптағы пікірталастар: сыни тұрғыдан ойлау, талдау және қарым-қатынас жасау қабілетін бағалайтын пікірталастарға қатысу.
- Практикалық емтихандар
- Зертханалық жұмыстар мен семинарлар: эксперименттік процедуралар, деректерді талдау және мәселелерді шешу сияқты практикалық дағдыларды бағалайды.
- Жобалар: күрделі тапсырмаларды жоспарлау, орындау және ұсыну қабілетін көрсететін ұзақ мерзімді тапсырмалар.
- Портфолио: белгілі бір уақыт кезеңіндегі өсу мен прогресті көрсететін тапсырмалар жинағы.
- Өзін-өзі бағалау: оқушылардың өздері жасаған, рефлексия мен метатануды ынталандыратын бағалар.
- Өзара бағалау: студенттердің бір-біріне жасаған, ынтымақтастық пен кері байланысқа ықпал ететін бағалары.
- Ойынға негізделген бағалау: оқу процесін қызықты әрі ынталандыратын оқу ойындарына енгізілген ұпайлар [2]. Осы жоғарыдағыларға негізделе отырып дәстүрлі бағалау жүйесінің артықшылықтарын көрсетсек,
 1. Стандартталған және сенімді
 2. Танымдық қабілеттердің әртүрлі аспектілері бағаланады
 3. Жақсарту үшін кері байланыс беріңіз
 4. Дәстүрлі бағалау әдістерінің кемшіліктері

Ал негізгі кемшіліктері дәстүрлі бағалау әдістері субъективті болуы мүмкін және тек қана білімді игеруге ғана бағытталады. Ал білімді практикада қолдану және шығармашылық жағына көңіл бөлінбейді. Қорытындылай келе оқушылардың үлгерімін бағалаудың заманауи тәсілдері мен әдістері дәстүрлі емтихандардан асып түседі, бұл жан-жақты және біртұтас бағалауды қамтамасыз етеді. Олар оқушыларды тәрбиелеуге, ойлауға және өзін-өзі реттеуге мүмкіндік бере отырып, оларды қалыптастыруға және қолдауға бағытталған. Осы заманауи тәжірибелерді енгізу арқылы оқытушылар бағалаудың тиімділігін арттыра алады, оқуды жақсартады және оқушыларды оқудағы және жалпы өмірдегі табысқа жақсырақ дайындай алады.

Әдебиеттер

1. Абдикерова А.Н., Узакбаева А.С. Оценка успеваемости учащихся с использованием технологии блокчейн.
2. Шәріпбаева А. А. Білім алушылардың білімін бағалау: жаңа тәсілдер [1]
3. Иманбекова А.Н (2013). Оқушылардың өзін-өзі бағалауына баса назар аудару арқылы бағалау сапасын арттыру. Білім Беруді Өлшеу: Мәселелер мен Практика, [2-15].

ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАНУЫ

Келгенбай Жанерке
6B01506 – Информатика
ҚазҰлтҚызПУ
Ғылыми жетекшісі: Кенжан Айсұлу
п.ғ.к.қауымдастырылған профессор

Аңдатпа

Бұл мақалада педагогика саласының модернизациялануы яки жаңашалануы жайлы сөз қозғалып, қоғамға беретін әсерлері талқыланды. Оқу-әдістемелерінің жаңаша қолданудың заманауи үрдістері талданып, тиімдірек оқытуға қол жеткізу және білім беру сапасын арттыру мақсатында оқу процесінде технологияларды оңтайлы пайдалану бойынша ұсыныстар ұсынылды. Қазіргі таңның негізгі проблематикалары көтеріліп, педагог ретінде қалай кемелдікке ұмтылуға болатыны талқыланады. Бүгінгі күні білім беру жүйесінде эффективті деп саналатын қосымша құрылғылар, дәстүрлі білім беру жүйесіне альтернативті жол ретінде аталып, көрсетіледі. Терминология саласынан жаңа сөздер енгізіліп, оларды шешудің тиімді жолдары ұсынылады. Әлемде пікірсайыс тудырған IQ мен EQ салаларының негізі қарастырылды.

Кілт сөздер: педагогиканың модернизациялануы, андрагогика, IQ мен EQ, адаптация, тәрбие, альфа ұрпақтары

Педагогика - тамырын тереңінен жайып, негізін философия ілімінен бастап, қазіргі қоғамда мақсатын тәрбиемен ұштастырған мәртебесі биік ілім. Даму барысында біршама өзгерістерді бастан кешіріп, жаңашаланумен болашаққа бет бұрған бұл ғылым саласы қашанда болмасын тұлғаның тәрбиесін маңызды орынға қойған. Оған себеп, адамның тұлға болып қалыптасуындағы басты рөл ойнайтынында, яғни ақ пен қараны ажырататын, табиғи және ұлттық құндылықтарды бойға сіңіретін, қоғамның тірегі болатын болашақ жастардың ілім мен ғылымды қатар алып жүруінің бірден бір көмекшісі болатын ұлағатты орын иесі болып табылатынында. Алайда жаңа заманмен қатар жаңа қиындықтар туындайды, якинь мен янь бір-бірінен қалыспайды. Қоғамда туындаған басты мәселелер педагогтердің жаңаға деген адаптациясы, білім сапасының нормасы жайлы және де модернизацияға ұшыраған білім беру жүйесі жайлы болмақ.

XXI ғасыр - технология заманы, жаңашалану дәуірі. Дәстүрлі білім беру жүйесінде оқу қазіргі таңда өз өзектілігін жоғалтып бара жатқаны анық. Осы тұста білім беру сапасы мен оқу-әдістемелік құралдар бойынша туып жатқан сансыз сұрақтар негізгі мәселеге айналады. Қоғамның жаңа өзгерістерге деген адаптациясы және білімгерлерді қызығушылық таныта алуы негізгі нүкте болып қалмақ. Ұстаздардың ұстазы болып, елім жерім деп тұңғыш дипломатымыздың еңбектерін негізгі ала отырып, бүгінгінің сұрақтарына жауап беріп көрейік. Тенденцияның терезесінен кірген таңғалмыш тәуліктің термині “Думскроллинг” болмақ. Қарапайым тілмен жеткізсек, бейсаналы түрде пайдасыз ақпаратпен сананы уақытша дофаминге толтыру. Яғни, ТикТок желісінің 15 секундтық видеоларына тамсана қарайтын бала, дәстүрлі білім алуда ұзақ ақпаратты қабылдай алмайды. Білім беру процесіне ақпараттық технологияларды интеграциялау жұмысында [5] білім беруде компьютерлік технологияларды қолданудың тиімділігі зерттеліп, цифрлық құралдарды қолданатын студенттер дәстүрлі оқыту әдістерін қолданатындарға қарағанда жоғары нәтиже көрсетеді.

Төлеген Тәжібаев - ең алғашқы педагогика ғылымдарының докторы және «Педагогика және психология» мамандығы бойынша ҚазССР Ғылым академиясының ең бірінші академигі болды. 1962 жылы Т.Т.Тәжібаев «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мектептерінің дамуы» атты тақырыбында докторлық диссертация қорғап, онда ғылыми-теориялық ұстаным бойынша XIX ғасыр екінші жартысындағы Қазақстан мектеп білімінің даму процестері қарастырылады [2,386]. Диссертацияға сәйкес білім беру мекемесінің педагогтері адаптацияға бейім, жаңаны өзі үйреніп, өзгеге де үйрете алатын дәрежеде болуы қажет. Заманауи технологияларды жетік меңгеріп, білім беру барысында оңтайлы қолдана алғаны абзал. Заманауи педагог титулына лайықты болу үшін цифрлық технологияларды сабақ процесінде үздіксіз пайдалана алуы, қолдау көрсету барысы, оқу-әдістемелік материалдарында әр білімгердің қабілетін жетік ашатын тапсырмалардың болу және ең маңыздысы

сапалы білім бере алуы. Педагогиканың негізгі аспектісі - тәрбие. Ұлт болашағының жанашырларын тәрбиелеу үшін, педагогтің өзі осы үлгі тұтуға лайықты болуы қажет.



1-сурет. Заманауи педагог бейнесі

“Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді” – деп Президент Н.Ә.Назарбаев айтқан болатын [3]. Педагогика ғылымы тәрбиенің мақсатын жеке адамды жан-жақты дамыту, әділетті қоғамды өз қолымен құратын және қорғай алатын етіп тәрбиелеу деп қарастырады. Тұлғаны жан-жақты дамыту дегенді оқу мен жастар практикалық еңбегінің тікелей байланысы, жан мен тән біртұтастығы деп түсіну керек [4, 706]. Білім сапасын тең деңгейде ұстау үшін қазіргі тенденцияға сәйкес, интеллект пен эмоциональды коэффициент бірге дамуы абзал. Білімгер тек сыни тұрғыдан ғана өз білімін жетілдіріп қоймай, эмоциональды тұрғыдан этика мен өзін-өзі ұстау мәртебесін де жетілдіру керек. Төлеген Тәжібаев өзінің еңбегінде атап өткендей: Адам психологиясы жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады. Мінез-құлқы нық қалыптасуы тәрбиеге байланысты болады.[1, 96] Қоғамның бейнесі - жастар. Атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру. Тәрбиемен берілген білім – өлшеуі жоқ қазына. Не білім мен тәрбие тең болады, не екеуі де жоқ болады.

$$\text{Emotional Quotient} = \text{Intelligence Quotient}$$

2-сурет. Теңдік құндылығы

Жақсы білім беру мен сол білімді сіндіру қай заманда болмасын жаңашаланып отырады. Қазіргі партаны жағалаған ұрпақ “альфа” атауымен білгілі. Көзін ашқалы сан-қилы технологияларды көрген, қолданған. Әлеуметтік желі заман шыңына кірген уақытта бұл ұрпақ өкілдеріне білім беру қиындай түседі. Шынайы ситуация пандемия уақытында белгілі болды. Қашықтықтан білім беру саласында көптеген ұстаздарымыздың жаңа жүйеге дайын болмағаны белгілі. Тик-ток желісінен 15 секундтық бейнероликті көріп дофамин іздейтін жас сана дәстүрлі форматтағы 45 минутқа шыдай алмайтынын көрсетті. “Думскроллингпен” күресудің басты аспектісі сабақ барысына цифрлық технологияларды қосу болып табылады. Нақтырақ тоқталып өтсек, “Геймификацияны” енгізу арқылы білімгердің назарын қажетті материалды ұстай аламыз әрі сабаққа белсене қатысуына себепкер боламыз. “Визуализация” арқылы берілетін материалды эстетикалық тұрғыда әзірлеп, оқығанды да көріп, есте сақтағанды да жағымды ете аламыз. Көзге жеңіл материал кейінірек жаттауға және еске

түсіруге оңай болады. “Әдістер легі” білімгер бойындағы бәсекелестік қабілетін ояту мен білімді дұрыс түсінуге, топтық жұмыспен бірге орындап бойындағы бірлік әрі көшбасшылық қасиеттерді жетілдіруге көмек береді. Келесі “Адаптация” аспектісі тың ақпараттармен қосымша білімді еш кедергісіз және еш қауіпсіз жинауға мүмкіндік береді. Мысалы, сабақта отырып бір тақырыпты түртіп алған балаға өз қызығушылығын әрі қарай дамытып, осы бағыт бойыншы қосымша білім алуына көмек береді. Яғни, ұстазының бағыттауымен өз бойындағы потенциалын аша алады [4].

Думскроллингпен күресу арқылы жинайтын тәжірибе легі:

1. Білімгердің назарын аударта алу;
2. Модернизацияның шексіз қасиетін оңтайлы пайдалану;
3. Ұстаз ретінде білім жаңа сатысына шығу;
4. Білім сапасын көтеру.



3-сурет. Оқу-әдістеменің модернизациялануы

Осыдан түйетін ой, модернизация ол тек қиындықты бірге алып жүретін қисынсыз өзгеріс емес. Білім сапасын көтеру мақсатында қаншама пайдасын елімізге тигізіп жатыр. Педагогтердің адаптацияға тез бейімделуіне, жаңа технологияларды жетік меңгеруіне әрі оңтайлы қолдасын табуға, бала бойындағы сыни ойлау қасиетімен қоса эмоциональды тұрғыдан этикалық тәрбиені беріп келеді. Жаңа заманның жаңа зұлымын жеңу барысында, білімгердің нашарын ұстап қалумен қатар берілген білімнің бекер кетіп жатқан жоқ екеніне нақты көз жеткізіп жатыр. Геймификация, визуализация, әдістер легі, адаптация аспектілері арқылы дәстүрлі білім беру жүйесінің оңтайлы жолын ұсынууда. Заманауи педагог титулінің ерекшелігі қазіргі белем беру сапасы көтерілу сатысының бірден бір іргетасы. Қазіргі ұрпақ - келешек қоғамның айнасы. Берілген білім мен тәрбие - жарқын болашақты, берік мемлекетті құруда басты қадам.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тәжібаев Т. Жалпы психология: оқу құралы / алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған Қ. Жарықбаев, Ж. Түрікпенұлы / Т. Тәжібаев. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 240 б.
2. Кулжабаева М.Ж. Историко-педагогическое наследие Тулегена Тажибаева и его использование в воспитании молодежи. - Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. - Алматы. - 2002. - 168 с.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // egemen.kz.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: университет студенттеріне арналған оқу құралы. Астана, 2018. - 364 б
5. Петрукович, М. С. (2019) Интегрирование информационных технологий в образовательном процессе // Проблемы повышения эффективности образовательного процесса на базе информационных технологий = Problems of improving the efficiency of the educational process based on information technology: материалы XII Междунар. науч.-практ. конф. (Республика Беларусь, Минск, 25 апреля 2019 года) / редкол.: Ю. Е. Кулешов [и др.]. - Минск : БГУИР, 2019. – С. 125 – 128

ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД В ОБРАЗОВАНИИ: ТЕХНОЛОГИЯ FLIP И ЕЁ ЭФФЕКТИВНОСТЬ

Айзере Кенжеғалиева

Магистрант 2-го курса по специальности «7M01505-Биология»

АРУ имени К.Жубанова

Научный руководитель: к.п.н., доцент С.Ф.Семенихина

Аннотация

В данной научной статье рассматривается инновационный подход к обучению посредством использования технологии FLIP в 9 классе на уроках биологии. FLIP - это технология обучения, где учащиеся заранее изучают материал дома, используя видеоуроки или другие образовательные ресурсы, а затем активно применяют эти знания на занятиях в форме дискуссий, практических заданий и интерактивных упражнений.

Статья основана на анализе результатов педагогического эксперимента, проведенного на базе школы г. Актобе. Рассматривается опыт внедрения технологии FLIP на уроке биологии, оценивается ее влияние на успеваемость, учебную мотивацию и уровень вовлеченности учащихся. На основе результатов исследования сделаны выводы о применимости технологии FLIP на уроках и ее потенциальной значимости для современного образовательного процесса.

Ключевые слова: технология FLIP, педагогическая технология, электронные образовательные ресурсы, активные методы обучения.

С 2016 года в Казахстане наблюдаются значительные изменения в сфере образования, было внедрено обновленное содержание школьного образования, где важными аспектами являются спиральная программа, а также далее принятая Концепция развития образования [1].

Большое внимание уделяется основополагающим принципам: равенство всех на получение образования, доступность обучения и непрерывность процесса образования. Главным приоритетом является модернизация и оптимизация педагогического мастерства учителей школ. В данный момент идет становление и формирование новой парадигмы образования, где меняется роль субъектов образовательного процесса, а также методов и технологий обучения. Традиционные методы, которые включают в себя монотонную лекцию, рассказ, работа с книгой отходят на второй план, а на замену приходят активные методы обучения.

Активные методы - это способы организации взаимодействия педагога и учащегося, которые обеспечивают активизацию мышления ученика за счет использования диалоговых форм организации учебного процесса [2].

Классификация активных методов обучения представлена на схеме 1.

Схема 1. Классификация активных методов обучения



В своем исследовании мы использовали технологию FLIP с геймификацией и многие игровые интерактивные методы обучения. Целью является выявление педагогической технологии и методов обучения, и показать эффективность применения данной педагогической технологии на уроке биологии.

Технология FLIP (перевернутое обучение, reverse learning) - это метод обучения, при котором традиционная модель преподавания меняется на противоположную. Не учитель занимается объяснением темы в классе, а учащиеся получают доступ к материалам заранее, часто с помощью видео или онлайн-уроков, которые они изучают дома или вне класса. Затем домашнее задание выполняется в классе под руководством учителя, где учащиеся могут получить индивидуальную поддержку и содействие. "Flipped classroom" может быть реализован на различных уровнях образования, от школ до высших учебных заведений, и применяться в различных предметных областях.

Технология FLIP состоит из следующих составляющих:

- F (flexibility) - создание гибкой среды, ориентированной на адаптации, стимуляции и индивидуализации обучения.


- L (learning culture) - культура обучения может отличаться от традиционных занятий из-за изменившегося подхода к организации учебного процесса, т.е. учащийся является центральным лицом в учебном процессе.

- I (intended content) - целевое содержание;

- P (professional- teacher) - профессионал-учитель [3].

По целевому содержанию технология FLIP содержит несколько аспектов, представленных на схеме 2.

Схема 2. Аспекты целевого содержания технологии FLIP



Для достижения цели и выполнения задач использовалась технология «FLIP» или «flipped classroom» в одной из школ г. Актобе. Исследование проводилось в 8-х и 9-х классах на уроке биологии, они были разделены на экспериментальные и контрольные группы. Группы были сформированы по-разному, исходя из задач исследования. 1-я- контрольная группа: обучение происходило стандартно, на уроке учителем использовались ИКТ- технологии, а формат в экспериментальной группе был иным.

Применение технологии FLIP состояло из нескольких пунктов:

1. Для начала мы использовали приложения WhatsApp, GoogleClassroom, куда загружали видео по теме урока.

2. Далее, используя платформы GoogleForms, EducaPlay, LearningApps, создавали тестовые задания с использованием игровых технологий.

3. Следующий этап - закрепление учебного материала в школе с использованием диалоговых технологий (дискуссий) и проведением мозгового штурма.

В ходе эксперимента мы исключили 8 класс и установили, что данная технология не подходит из-за возрастных ограничений.

Показатели эффективности использования педагогической технологии FLIP в 9 классе представлена в таблице 1.

Таблица 1. Показатели эффективности использования технологии FLIP

Группа	Коэффициент абсолютной успеваемости (%)	Коэффициент качественной успеваемости (%)	Степень обученности (%)
Показатели группы до эксперимента	100	51,72	50,48
Показатели после эксперимента	100	55,17	52,68

Применение данной технологии имеет свои преимущества и недостатки, представленные на схеме 3.

Схема 3. Преимущества и недостатки технологии FLIP



Таким образом, технология FLIP преобразовывает традиционный учебный процесс, привнося в него элементы интерактивности, индивидуализации и самостоятельной работы. Ее использование на занятиях открывает новые горизонты для обучения, стимулирует активное участие учащихся и позволяет учителям более эффективно адаптировать материал к потребностям каждого учащегося.

Однако внедрение технологии FLIP требует не только технических знаний, но и глубокого понимания образовательного процесса и педагогических приемов. Необходимо учитывать различия в уровне подготовки учащихся, их индивидуальные особенности и потребности.

В целом, использование технологии FLIP на занятиях способствует развитию критического мышления, самостоятельности и творческого подхода к обучению. Она становится неотъемлемой частью современного образования, помогая учащимся усваивать знания более эффективно и увлекательно. В то же время это дает учителям возможность стать наставниками и новаторами, вдохновляя учащихся на поиск новых знаний и идей.

Литература

1. Можаяева О. И., Шилибекова А. С., Зиеденова Д. Б. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-методическое пособие. Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». -56 с. – 2016.
2. Чечет В. В., Захарова С. Н. Активные методы обучения в педагогическом образовании: учебно-методическое пособие/ВВ Чечет, СН Захарова. – 2015.
3. Оспанкулов Е.Е., Кунай С., Ахметов Б.Р. 2020. Технология FLIP, ее сущность и особенности применения в образовательном процессе вуза. Вестник КазНПУ им. Абая, серия "Педагогические науки". 1, 64 (март. 2020), 95-100. DOI:<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.16>.

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕРДІҢ ӘСЕРІ

Куаныш Альфия, Новарова Руфина

6B01101-Педагогика және психология БББ.

2 – курс (3 жылдық) студенттері

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі:

Кулымбаева Алмагуль Карибековна

Аңдатпа

Қазіргі таңда балалардың психологиялық ерекшеліктері өзекті мәселе болып табылады. Балалардың таным процестері, ақыл-ой қабілеттері жоғары деңгейде дамыған болса, ол балада оқумен, басқа да құбылыстармен мәселе болмасы мәлім. Мақалада психодиагностикалық әдістерді пайдалана отырып кіші мектеп оқушыларымен жүргізілген тәжірбиелік жұмыс нәтижелері көрсетілген.

Аннотация. В настоящее время психологические особенности детей являются актуальной проблемой. Известно, что если познавательные процессы, умственные способности детей развиты на высоком уровне, то это не проблема с обучением, другими явлениями у ребенка. В статье представлены результаты практической работы с младшими школьниками с использованием психодиагностических методов.

Annotation. Currently, the psychological characteristics of children are an urgent problem. It is known that if the cognitive processes and mental abilities of children are developed at a high level, then this is not a problem with learning, other phenomena in a child. The article presents the results of practical work with younger schoolchildren using psychodiagnostic methods.

Қазіргі таңда мектеп жасындағы және мектепке дейінгі балалардың психикалық ерекшеліктеріне баса назар аударылуда. Бұл ерекшеліктер ең алдымен балалардың ақыл-ой қабілетінен, таным процестерінен, моральдық даму деңгейлерінен аса байқалып жатады. Бұндай ерекшеліктерді балалардың жас ерекшеліктеріне сай психодиагностикалық зерттеулер арқылы біле аламыз. Жалпы

айтқанда, психодиагностикалық теория, бұл – балалардың таным процестерімен, психология ғылымының тиісті салаларымен тығыз байланысты [2, 9].

Кіші мектеп оқушыларымен жүргізілетін психодиагностикалық жұмыстар көбінесе танымдық процестерге бағытталады. Осы орайда, мектеп жасындағы балалардың психикасында зейіннің орны ерекше, әсіресе ырықты зейіннің жоғары болуы маңызды. [1.207-208] Себебі, баланың зейіні бөлінуіне, шоғырлануына, бағытталуына байланысты, түйсіну, қабылдау, есте сақтау, сөйлеу, ойлау, т.б. танымдық процестері дамиды.

Аталған мәселені таңдаудағы мақсатымыз балалардың ішкі жай күйін, ішкі толғаныстарын, баланың оқуындағы қиындықтарын, мінез – құлық ерекшеліктерін психодиагностикалық зерттеу әдістері арқылы анықтау. Зерттеу нәтижесінде баланың ішкі жан дүниесіндегі болып жатқан күйзелістерін анықтай отырып, оған психологиялық қолдау көрсете білу, даму сапаларына баға беруге болатындығын байқай аламыз. Нәтижеге жету барысында балаларға психодиагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, олардың ішкі күйін анықтай алдық. Сол арқылы балалардың бойындағы агрессия, мазасыздық, қысылу сияқты сезімдерін байқап, балалармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалпы алғанда, психодиагностика жайлы талқылаған кезде баланың негізгі тану процестерін, оның ішінде ойлау, зейін және ішкі бақылау туралы айтамыз. Дәл осы процестер кіші мектеп жасындағы балаларда өте төмен даму деңгейінде болады. Себебі, бұл кезде когнитивті даму үдерісі әлі толық қалыптаспаған. Балаларға кіші мектеп жасынан бастап психодиагностикалық зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізіп отыру қажет. Сонымен қатар, әр баланың тапсырма орындау деңгейі әртүрлі. Мысалы, 5-7 жастағы кіші мектеп оқушыларының кейбірінің өз ойы, өзіне тән көзқарастары жақсы қалыптасқандықтан психодиагностикалық зерттеу тапсырмаларын еркін орындай алады. Ал кейбір 5 – 7 жастағы әлсіз дамып келе жатқан кіші мектеп оқушылары психодиагностикалық зерттеу тапсырмаларын мүлдем түсінбеуі де мүмкін. Сондықтан да, бұл мәселенің алдын алу үшін, психодиагностикалық зерттеу тапсырмаларының балалардың жас ерекшеліктеріне, ақыл – ой қабілеттеріне сай етіп даярлануын қадағалауымыз тиіс. Егер кіші мектеп жасындағы балалардың танымдық ерекшеліктеріне сай бернеше нұсқадан тұратын күрделі психологиялық тест тапсырмасын беретін болсақ, ол тапсырманы балалар жақсы қабылдамауы әбден мүмкін. Себебі, кіші мектеп жасындағы балалардың іс-әрекет көрінісі ойын болып табылады. Ойын арқылы ойын балаларын дамыта, сауықтыра, тәрбиелей аламыз. Оларды қызықтыра алатын, белсендігін көтере алатын ойын түріндегі диагностикалық тапсырмаларды жүргізетін болсақ, жоғары нәтиже берері анық.

Балаларға кез – келген диагностика жүргізе алмаймыз. Ол үшін белгілі моральды – этикалық талаптарды білуіміз қажет:

1. Психодиагностикалық зерттеу жұмыстары балаларға кері әсерін тигізбейтіндей болуы тиіс;
2. Психодиагностикалық зерттеулер олардың ата-анасы рұқсатынан кейін ғана жүргізілуі тиіс;
3. Психолог маман психодиагностикалық зерттеу жұмыстарының қорытындысын білгісі келген ата-аналарға нақты жауап беруі тиіс;
4. Психолог маман бұндай жұмыстарды өз еркімен ғана емес, сондай-ақ мектеп ұжымымен және сынып жетекшілермен тығыз байланыста жүре отырып, жүргізуі керек.

Кіші мектеп жасындағы балаларға психодиагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында көптеген әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік бар. Ондай әдіс-тәсілдерге бақылау әдісі, сауалнама әдісі, түрлі тестер, эксперименттер әдісін жатқыза аламыз. Тіпті мектепке қабылданар алдында баланың мектепке психологиялық даярлығын тексеру, оны дамыту жолдарын анықтаудың өзі қысқа мерзімді диагностикалық шара болып табылады.

Психодиагностикалық әдістер – балалардың ерекшеліктері туралы және оқу барысындағы қиындықтарын, баланың бойындағы қабілеттерін зерттеуде үлкен рөлге ие. К.М.Гуревичтің айтуы бойынша «психодиагностиканың негізгі міндеті – балалардың жеке психологиялық ерекшеліктері туралы ақпаратты жинақтау». Бұл ақпараттар мектеп психологы үшін өте тиімді.

Психодиагностикалық зерттеу жұмысын жүргізу барысында психолог маманның назары оқушыларда болуы тиіс. Олар қалай, кімнің, ненің көмегімен орындап жатқандығын мұқият бақылауда ұстағаны жөн. Себебі, жүргізіліп жатқан психодиагностикалық жұмыстардың процесі барысында да балалардың психологиялық жағдайларын байқауға болады. Мәселен, «Әлемде жоқ жануар» жобалау әдістемесін жүргізу барысында балаға сурет салып отырған кезде бірнеше сұрақтар қойып, сол сұраққа жауап беру жағдайын байқай аламыз. Сондай-ақ, «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі барысында

салынған сурет бойынша нақты диагностикалар жүргізуге болады. Осы орайда үздіксіз педагогикалық практика барысында жүргізілген әдістеме нәтижесін ұсынамыз.

Әдістеме Алматы қаласында орналасқан жалпыға бірдей білім беретін мектептердің бірінде 3-сынып оқушыларымен жүргізілді.

Мақсаты: бала өзінің ішкі дүниесін көрсетуіне және өзін түсінуіне ықпал ету, олардың көңіл – күйін, сезімдерін, уайымдарын, қарым – қатынасын көру, зерттеу.


Нұсқау: зерттеушіге тік бағытталған қағаздың А4 ақ парағына адамның суретін салу ұсынылады, ал бұдан кейін сондай басқа параққа бөлек - жаңбыр астындағы адамның суретін салуды тапсырады. Тестілеу кезінде салынған суретті бақылау маңызды және зерттеушінің барлық айтқандарына назар аудару керек. Көбірек сенімді мәлімет алу үшін зерттелінушіге қосымша сұхбат жүргізу керек.

Қатысқан адам саны: 20 оқушы.

«Жаңбыр астындағы адам» әдістемесін балаларға жүргізу барысында кейбір балалардан ішкі эмоциялық сезімдері, көңіл-күйлерінің жоғары болғанын, ал кейбірінен сурет салу кезінде уайым, күйзеліс сезімдері басым көрініс бергені байқалды. Балалар жұмыс барысында өздерінің ішкі дүниесін бейнелеуге тырысты. Балалардың ауызша айта алмай, сыртқа қарым-қатынас арқылы шығара алмаған жан күйзелістерін осылайша сурет салу арқылы байқауымызға болады.



1-сурет



2-сурет



3-сурет

Әдістеме нәтижесінде байқағанымыздай, балалар өздерінің ішкі эмоция-сезімдерін сөзбен айтып жеткізе алмаса да, сурет салу арқылы анық көрсете алатыны белгілі. Сондай-ақ, сурет салу арқылы кіші мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береміз. Бұл - практика барысында нәтиже берген бір ғана әдістеме. Осындай бірнеше диагностикалық әдістемелер арқылы кіші мектеп оқушыларының танымдық процестерін, эмоциялық көңіл-күйлерін психологиялық тұрғыда дұрыс диагностика жасап, қадағалап отырсақ, жеткіншектік және жасөспірімдік шақтарында психологиялық денсаулығын қалыпты басқаруына көмектесе алатынымыз анық.

Сонымен бірге кіші мектеп оқушыларының психодиагностикасына әсер ете алатын бір қатар әдістемелер ұсынамыз.

«Менің қиялым» жобалық әдісі

Мақсаты: балалардың қиялының деңгейін анықтау, оны ары қарай дамыту.

Нұсқау: бір парақ қағаз, фломастер жинағы беріледі және оған әдеттен тыс нәрсені ойлап табуды және сурет салуды ұсынады. Тапсырманы орындауға 4 минут уақыт беріледі. Келесі кезекте суреттің сапасы төмендегі критерийлер бойынша бағаланады және осы бағалау негізінде баланың қиялының ерекшеліктері туралы қорытынды жасалады.

Нәтижелерді бағалау: баланың салған суретін бағалау төмендегілер бойынша ұпаймен қойылады.

Бағалау критерийлері:

10 ұпай – берілген уақыт ішінде бала ерекше қиялды, бай қиялды айқын көрсететін ерекше нәрсені ойлап тауып, сурет салды. Сызба көрерменге керемет әсер қалдырады, оның суреттері мен бөлшектері мұқият өңделген;

8-9 ұпай – бала жеткілікті түрде бірдене ойлап тауып, сурет салды, бейне мүлдем жаңа болмаса да, түпнұсқа, қиялды, эмоционалды және түрлі-түсті. Кескіндеменің бөлшектері жақсы жасалған;

5-7 ұпай – бала тұтастай алғанда жаңалық емес, шығармашылық қиялдың айқын элементтерін алып, көрерменге белгілі бір эмоционалды әсер қалдыратын нәрсені ойлап тапты және салды. Сызбаның бөлшектері мен кескіндері орташа өңделген - бала өте қарапайым, ерекше нәрсе салған, ал қиял суретте нашар көрінеді және бөлшектер өте жақсы өңделмеген;

3-4 ұпай – сурет өте қарабайыр, баланың қиялы көрінбейді, детальдары анық емес;

0-2 ұпай – берілген уақытта бала ешнәрсе ойлап таба алмады және тек бөлек штрихтар мен сызықтар салған [3.85].

«Фигураны ата» әдісі

Мақсаты: баланың есте сақтауын бағалау

Көрнекілік: 10 қатардан тұратын сериялы сурет және секундомер

Зерттеу процедурасы: Балаларға суреттер беріледі: 5 сурет берілген, олардың алғашқысы қою линиялы қатармен ерекшеленеді, кейінгі 4 сурет ішінен ұқсасын ата: осылайша 10 қатардағы тапсырма ретімен орындалады. Тапсырманы орындауға 1,5 минут беріледі, егер де бала сол уақыт ішінде үлгермесе, оған аяғына дейін орындауға мүмкіндік береміз.

Қорытынды бағалау:

10 ұпай - бала тапсырманы 45 сек. жеткізбей орындайды;

8-9 ұпай - тапсырма 45- 50 сек аралығында орындалады;

6-7 ұпай - тапсырма 50 – 60 сек аралығында орындалады;

4-5 ұпай- тапсырма 60 - 70 сек аралығында орындалады;

2-3 ұпай 70 -80 сек аралығында орындалады;

0 -1 ұпай 80 сек жоғары аралықта орындалады.

Қорытынды бағалау:

10 ұпай - өте жоғары деңгей; 8-9 ұпай - жоғары;

4-7 ұпай - орташа;

2-3 ұпай -төмен;

0-1 ұпай -өте төмен [1.171-172]

«Дүниеде жоқ жануар» әдістемесі

Мақсаты: балалардың қиялын, ішкі эмоциясын, сезімдерін анықтауға бағытталған.

Нұсқау: «Дүниеде жоқ жануардың суретін салып және ол жануардың атын дүниеде кездеспеген жаңа атаумен ата».

I. Талапқа сәйкес қағаз бетіндегі сурет көлденеңнен ортасына орналасуы керек.

а) Егер сурет қағаздың жоғарғы бұрышына жақын орналасқан болса, онда ол адам кез келген ортада өзін-өзі әрдайым жоғары бағалайды;

б) Сурет қағаздың төменгі бөлігінде орналасса, өз-өзіне сенбеуі және төмен бағалайтындығын білдіреді.

II. Жануардың бас бөлігінің орналасуы.

а) Бастың көлемі фигураға қатысты болуы - өзіне және айналадағыларға мұқият түрде назар аударады және әділ бағалайды;

б) Бастың оңға қарай бұрылуы – шынайы тұрақтылықпен жоспарлардың жүзеге асуы. Адам өз жоспарларын іске асыруға белсенді кіріседі;

с) Бастың солға қарай бұрылуы – өз көңіл-күйінің іштей жақсы болуға әрекеттенетін адам. Ис-әрекеттің ең маңыздысы өзіндік санасын танып-білуге бағытталады. Бойын қорқыныш сезімі жиі билеп алады;

д) Тек бас үлкен етіп салынса, ол – тұлғаның өз мүддесіне баса назар аударатындығын, қандай да бір объектіге деген позициясын өзгерте алмауын білдіреді.

III. Басында орналасқан әр түрлі қосымша немесе сезім мүшелеріне сәйкес бөлшектерге сипаттама: Жануардың көзі үлкен болса, ол қорқыныш белгісіне тән көрінеді. Кірпіктердің бар-жоғына назар аударыңыз. Әйелдер үшін олардың бар болуы истероидты-демонстративті мінез-құлықты білдірсе, ал ерлер үшін мінездің әйелге тән белгілері байқалады. Құлақтар – қоршаған адамдардың маңыздылық

мәліметтеріне тікелей қызығушылық білдіру. Ауыздың суреті кішкене ашық тілмен салынса, бірақ ерні жоқ болса, сөзшендік, тілге деген белсенділікті білдіреді. Ерінмен біріккен ауыз – сезімталдық, кейде сөйлеу белсенділігі. Тілсіз, ерінсіз ашық ауыз – қорқыныш пен күдіктену сезімі. Тісті ауыз – вербалды агрессия, көп жағдайда қорғаныс. Дөңгелек түрдегі ауыз – балалар мен жеткіншектер үшін – қорқу, мазасыздық [1.81-83].

«Керісіншелер елі» әдіс

Мақсаты: ойша әрекет ету қабілетін жаттықтыру

Жаттығудың жүргізілуі: балалар шеңбер бойына отырады. Жетекші үш әріптен тұратын сөзді айтып, допты лақтырады. Допты ұстаған ойыншы әріптерді кері атайды (күн-нүк, көз-зөк, сан-нас). Аударылған сөздердің мағынасы болмауы мүмкін. Ойынның күрделенуі сөздің ұзақтығына байланысты [1.225].

«Ормандағы ағаштар» ойыны

Мақсаты: балаларға қозғалуға, демалуға мүмкіндік беру. Музыка ойналады.

Мәтін: Сендер ағашқа айналуға дайынсыңдар ма?

Бір-біріңнің артына тұрыңдар. Орманда күншығып, барлық ағаштар оған жапырақтарын жайып қарап тұрды. Күнге әрбір жапырағы жылыну үшін жоғары-жоғары созылды. Саусақ- жапырақтар күннің астында билеп тұрды. Кенеттен қатты жел тұрып, талдарды жан-жаққа шайқай бастады. Бірақ талдың тамырлары тереңге кеткен, олар жәй ғана тербеледі. Желдің артынан жаңбыр жауып, талдар алғашқы жауын тамшыларын сезінді. Алдыңғы тұрған баланың арқасын саусақтарыңмен жауын тамшыларындай тырсылдат. Кәдімгі майда жаңбыр жауып жауып тұрғандай қимыл жеңіл болу қажет. Жауын одан әрі күшейіп, қатты жауа бастады. Талдар бір-біріне жанашырлық білдіріп жаңбырдың қатты соққысынан қорғап, сипалай бастады. Көп ұзамай көкжиектен күн көрініп, талдар қуанды, олар өздеріндегі артық жауын тамшыларын сілкіп тастады. Өздерін сенімді, сергек, тап-таза сезініп қалады [1.225].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Төребаева К.Ж., Есенғұлова Н.М. Психологиялық – педагогикалық диагностика. Алматы, 2011
2. Сақтағанова С.Т. Психодиагностика. Алматы, 2019
3. Немов Р.С. Психодиагностика. Москва, 2003
4. Жақыпов М.С. Психодиагностика. Алматы, 2011

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақсат Айзада
6B01501 Математика
ҚазҰлтҚызПУ

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Л.Т. Сайдахметова

Аңдатпа

Қазіргі әлемде кәсіпқой маман болу қиын болуы мүмкін, бірақ мүмкін. Бұл процесті қиындататын бірнеше факторлар бар. Осы мақалада сол факторлар айтылып, олардың алдын алу жолдары белгіленеді.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оларды педагогикалық қызметке дайындаудың маңызды аспектісі болып табылады. Бұл мақалада оқушыларды тиімді оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті негізгі құзыреттіліктер қарастырылады. Әрбір құзыреттіліктің негізгі аспектілері және олардың табысты педагогикалық қызмет үшін маңызы талқыланады.

Қазіргі білім беру контексінде болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудағы қиындықтар мен перспективалар талқыланады. Теориялық дайындық, практикалық тәжірибе, тәлімгерлік, өзін-өзі дамыту және рефлексия сияқты осы процестің негізгі аспектілері қарастырылады. Осы элементтер әрқайсысының маңыздылығына және олардың құзыретті мұғалімді

қалыптастырудағы өзара байланысына назар аударылады. Білім берудегі табысты мансап үшін үнемі өзін-өзі жетілдіру және кәсіби өсуге ұмтылудың маңыздылығы атап өтіледі.

Кілт сөздер: кәсіби құзыреттілік, болашақ мұғалім, педагогикалық шеберлік, кәсіби рефлексия, оқыту әдістері, тұлғааралық дағдылар, ынтымақтастық, практикалық тәжірибе, өзін-өзі дамыту, кәсіби жауапкершілік

Біз қадам басқан ХХІ ғасыр жан-жақты дамыған, білімді, өзіне сенімді, тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлес қоса алатын тұлға тәрбиелеуді талап етіп отыр. Осыған байланысты бүгінгі күннің басты мәселесі – жас ұрпаққа нәтижеге бағытталған білім беру. Дұрыс ұйымдастырылған тәрбие жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай жасайды және болашақ қоғамның қалыптасуына ықпал етеді.

Қай заманда болмасын істің тетігін мамандар шешеді. Ендеше білім сапасын көтеру ісі, жас ұрпақты біліммен қаруландыруды жүзеге асыру тетігі мұғалімдер қауымына байланысты. Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Болашақ мұғалімдерді кәсіби өмірге даярлау барысында үздіксіз тәжірибенің маңызы зор. Сол тұста болашақ мұғалімді кәсіпқой құзыретті маман атануы үшін қандай қиындықтарға тап болып, олардың алдын алу жолдарына даярлау қажет.

Болашақта кәсіпқой, құзыретті мұғалім болу жолы - өте қиын жолдардың бірі. Бұл жолға түсу барысында жас маман, төмендегі жағдайларды ескеру қажет:

- бәсекелестік: қазіргі әлем көптеген мүмкіндіктерді ұсынады, сонымен қатар көптеген бәсекелестерді ұсынады, бұл олардың арасында ерекшеленуді қиындатады. Бір мектепте бір пәннің бірнеше оқытушылары болуы мүмкін. Олардың арасында бәсекелестіктің де болатынын білген жөн. Бұл - кәсіпқойлыққа апарар жолды қиындататын фактордың бірі.

- технологияның қарқынды дамуы: технологияның үздіксіз дамуы мамандардан білім мен дағдыларды үнемі жаңартып отыруды талап етеді. Заман талабына сай барлық салада өзгеріс еніп жатыр. Педагогикалық қызмет те - бұл өзгеріске ұшыраған мамандардың бірі. Уақыт өткен сайын жаңа әдістер мен технологиялар даму үстінде. Болашақ мұғалім де бұл үдерістен кері қалмай, алға ұмтылып, жаңашылдықтарға дайын болуы қажет.

- еңбек нарығының күрделілігі: кейбір салалар қаныққан болуы мүмкін, ал басқалары мамандандырылған білім мен тәжірибені қажет етеді [1]. Яғни, мұғалім болу үшін ең алдымен білімнің мен тәжірибенің болуына назар аударылады.

Алайда, ұстаздық етіп, кәсіби маман атануға ықпал ететін факторлар да бар, олар:

- білім беру және оқыту: жоғары сапалы білім алу және үздіксіз білім алу – қажетті дағдылар мен білімді дамытуға көмектеседі. Яғни, болашақ мұғалім атану үшін, ең алдымен, «Өмір бойы білім алу» маңыздылығын ескеру керек.

- жұмыс тәжірибесі: таңдалған қызмет саласында жұмыс істеу және жинақталған тәжірибе кәсіпқойлықтың маңызды компоненттері болып табылады [2]. Тәжірибе ешқандай мұғалімнің алдағы жұмыс жолына кедергі келтірген емес. Тәжірибені жинақтау үшін кішкентай болса да, істердің маңыздылығын түсініп, кез келген жолда өз қиындықтары болатынын ұғыну.

- өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс: оқуға, өсуге және дамуға деген үнемі ұмтылыс қиындықтарды жеңуге және таңдалған салада жетістікке жетуге көмектеседі. Мұғалім мамандығы әрқашан даму үстінде болуды қажет етеді.

Осылайша, болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру теориялық дайындықты да, практикалық тәжірибені де, тәлімгерлікті, өзін-өзі дамытуы қамтитын күрделі және көп сатылы процесс болып табылады. Барлық осы факторлардың өзара әрекеттесуі ғана білім беру саласындағы мамандарды даярлаудың сапалы жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер білім берудің жоғары деңгейін және оқушыларының табысты дамуын қамтамасыз ету үшін қолда бар ресурстар мен жағдайларды пайдалана отырып, үздіксіз кәсіби өсу мен дамуға ұмтылуы керек.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің басты көрсеткіші – оқушының өздігінен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру. Ал мұғалімнің негізгі міндеті – оқушыны білімге өз бетінше ізденіске және шығармашылық іс-әрекеттерге баулу болып табылады [3].

Педагогикалық қызметке дайындық барысында болашақ мұғалім бірқатар маңызды кәсіби құзыреттіліктерді игеруі керек. Құзыреттілік дегеніміз – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар болу, білгірлік деген мағыналарды қамти отырып, адамға белгілі бір әрекеттерді сәтті орындауға немесе белгілі бір мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін білім, білік, дағды немесе жеке қасиеттері.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімі, ұстаздық шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен өлшенеді [4]. Мұғалім контекстінде құзыреттілік тек оқу материалы мен оқыту әдістерін меңгеруді ғана емес, сонымен қатар оқушылармен тиімді қарым-қатынас жасау, олардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеру, сондай-ақ әріптестері және оқу процесінің басқа қатысушыларымен бірлікте жұмыс істей алу қабілетін білдіреді.

Мұғалім білім беру процесінде шешуші рөл атқарады және өзінің кәсіби міндеттерін сәтті орындау үшін белгілі бір құзыреттіліктерге ие болу керек. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оларды табысты педагогикалық қызметке дайындауда шешуші рөл атқарады. Әрбір құзыреттіліктің өзіндік ерекшеліктері бар және оқу процесінде ерекше назар аударуды қажет етеді. Мен колледжде оқып жүргенде педагогикалық тәжірибеден өткен болатынмын. Тәжірибе барысында мұғалімнің бойында болуы керек құзыреттіліктердің тізімін жасадым. Оларға:

- педагогикалық шеберлік: оқыту әдістерін меңгеру, сабақтарды тиімді жоспарлау және өткізу қабілеті, сондай-ақ оқу материалын оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу қабілеті педагогикалық шеберліктің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогикалық шеберлік әр мұғалімнің бойында болуы керек құзыреттілік деп санаймын.

- психологиялық-педагогикалық білім - даму және оқыту психологиясының негізгі принциптерін түсіну, оларды білім беру процесін даралау үшін практикада қолдану мүмкіндігі.

- тұлғааралық дағдылар - оқушылармен сенімді қарым-қатынас орнату, эмпатикалық және шыдамды болу және ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті болашақ мұғалімнің маңызды тұлғааралық дағдылары болып табылады.

- кәсіби рефлексия: өзін-өзі сынай білу және өзінің педагогикалық тәжірибесін талдау мұғалімге кәсіби маман ретінде үнемі жетілдіруге және дамуға көмектеседі.

- қарым-қатынас дағдылары - материалды анық және қолжетімді түрде түсіндіре білу, сабақтарды тиімді жүргізу және әртүрлі аудиториялармен қарым-қатынас жасау.

- инновация: оқытудың жаңа әдістемелерін ұдайы зерделеуге және оқу процесінде инновациялық тәсілдерді қолдануға дайындық қазіргі заманғы мұғалімнің маңызды құзыреттілігі болып табылады.

- ынтымақтастық: командада жұмыс істей білу, әріптестерімен тәжірибе алмасу және педагогикалық міндеттерді бірлесіп шешу мұғалімнің білім беру ортасында тиімді жұмыс істеуіне көмектеседі.

- кәсіби жауапкершілік: өз жұмысына саналы түрде қарау, кәсіби міндеттерді уақытында және жоғары сапада орындау.

Барлық осы құзыреттіліктердің тиімді үйлесімі мұғалімге білім беру бағдарламаларын сәтті жүзеге асыруға, қолдау көрсететін білім беру ортасын құруға және оқушыларының жан-жақты дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтар болсам, болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуында үздіксіз тәжірибенің алар орны ерекше. Ол - педагогикалық оқу орны мен мектеп арасындағы тығыз байланыстың нәтижесінде жүзеге асырылатын процесс. Кәсіби, құзыретті мұғалім болу – бұл үздіксіз оқытуды, өзін-өзі жетілдіруді және кәсіби міндеттерін сапалы орындауға ұмтылуды қажет ететін үздіксіз процесс.

Тұтастай алғанда, қазіргі әлемде кәсіпқой болу бәсекелестік пен технологияның қарқынды дамуына байланысты қиын болуы мүмкін, бірақ білім, жұмыс тәжірибесі және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс болған кезде бұл өте мүмкін. Жоғары дәрежелі кәсіби құзыреттілік маманның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде қарау, зерттеу бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – бұл қатысушылардан үнемі өзін-өзі жетілдіруді және кәсіби өсуге ұмтылуды талап ететін ұзақ және көп қырлы процесс. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқу процесіне әртүрлі әдістер мен тәсілдерді біріктіруді, сондай-ақ үнемі өзін-өзі жетілдіруді және жаңа идеялар мен жұмыс әдістеріне ашықтықты талап етеді. Алайда, дұрыс көзқарас пен қажырлы күш-жігердің арқасында педагогикалық оқу орнының әрбір түлегі білім беру саласында табысты және білікті маман бола алады деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы 2010
2. Маркова А.К. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі. 2009

3. Әлмұханова Х.Т., Бейсебаева П.С. Құзыреттілік кәсіби маман даярлаудың басты сапасы.
4. Богаева И.Д. Педагогикалық қызметтегі кәсіби шеберлік. 2009

БОЛАШАҚ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГЫН ДАЯРЛАУ ПРОЦЕСІНДЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Ә.Н. Рамазанова

7M01513 Биология, ҚазҰПУ

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.к., проф. К.А.Жумагулова

Аңдатпа

Қазіргі білім беру үдерісінде болашақ білім беру педагогын даярлауда ынтымақтастық технологиясын қолдану маңызды мәнге ие. Бұл технология студенттер мен оқытушылардың оқу процесінде белсенді өзара әрекеттесуіне, тәжірибе мен білім алмасуына, сондай-ақ оқу міндеттерін бірлесіп шешуге жағдай жасауды көздейді. Мақалада білім беру процесінде ынтымақтастық технологиясын қолданудың негізгі принциптері мен әдістері, сондай-ақ оның болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға әсері қарастырылады. Студенттер мен оқытушылардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға, сондай-ақ ұжымдық білім беру жобаларын әзірлеуге ерекше назар аударылады. Ынтымақтастық технологиясын қолдану болашақ мұғалімдерді тиімді оқытуға, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және қазіргі ақпараттық қоғамдағы кәсіби қызметке дайын болуға ықпал етеді деген қорытынды жасалады.

Кілт сөздер: технология, ынтымақтастық, білім беру, болашақ педагог, педагогикалық процесс

Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер барлық салаларда, оның ішінде білім беру саласында да түбегейлі өзгерістерді талап етеді. Қазіргі мұғалімге әлеуметтік тапсырыс – бұл оқу-тәрбие процесін жоғары, сапалы жаңа деңгейге көтеру. Бұл студенттерді педагогикалық қызметке даярлауды жетілдіру және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде педагогтардың біліктілігін арттыру мәселесін ерекше маңызды етеді, сондықтан педагог кадрларды даярлауды жетілдіру мәселелері қазіргі уақытта ерекше өзектілікке ие болуда. Қазіргі жағдайда педагогикалық университет студенттерінің кәсіби дайындығы мәселесін зерттеуде болашақ мұғалімнің жеке басының дамуына байланысты мәселелер ерекше орын алады.

Педагогикалық процестің негізгі тұлғасы бола отырып, мұғалімде белгілі бір кәсіби білім, дағдылар жүйесі ғана емес, сонымен қатар қоғамның өсіп келе жатқан талаптарына сәйкес келетін кәсіби және жеке маңызды қасиеттер жиынтығы болуы керек. Білім беру жүйесін жаңғырту және білім берудің гуманистік парадигмасын бекіту жағдайында болашақ мұғалімдерді ынтымақтастық педагогикасы идеяларын негізделген тұлғаға бағытталған педагогикалық өзара іс-қимылды іске асыруға дайындау мәселесі ерекше өзекті болып табылады. Бұл өз кезегінде ЖОО-да білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдерін жанарту міндетін алға қояды. Осыны ескере отырып, болашақ кәсіби білім беру мұғалімін даярлау жүйесінде компоненттердің бірі ретінде жеке компонент бөлінеді.

Болашақ кәсіби білім беру мұғалімін даярлаудың жеке аспектісі-бұл жүйенің басқа элементтері мен органикалық байланысты болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінің ажырамас, бірақ салыстырмалы түрде тәуелсіз элементі. Бұл элемент жүйенің басқа элементтерімен бірлікте болашақ мұғалімдердің тиімді тәуелсіз кәсіби қызметке дайындалу процесінде олардың кәсіби және жеке дамуына ықпал етеді. Жүйелік, интегративті-белсенді, кәсіби-жеке көзқарастардың идеяларын ескере отырып, болашақ кәсіптік білім беру мұғалімдерін даярлаудың жеке аспектісі болашақ мұғалімдердің өзіндік кәсіби қызметке моральдық-психологиялық дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін университеттің білім беру процесінде шаралар жүйесі ретінде қарастырылады.

Шартты түрде студенттерді кәсіби қызметке дайындаудың жеке аспектісінің функцияларын ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Біріншісі жеке аспектінің мүмкіндіктерін, оның жеке компоненттерінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігін көрсетеді, екіншісі дайындықтың осы

түрінің кәсіби дайындық жүйесінің басқа компоненттеріне қатынасын, олардың өзара әрекеттесуін білдіреді. Ішкі функцияларға мыналар жатады: танымдық-эпистемологиялық, трансформациялық және нормативтік.

Танымдық-эпистемологиялық функция студенттердің педагогикалық қызмет туралы, оны тану мен игерудің нақты жолдары туралы тұтас түсініктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Оны жүзеге асыру болашақ мұғалімдердің жалпы мәдени, жалпы педагогикалық және арнайы пәндік білім жүйесін игеруі негізінде мүмкін болатын педагогикалық құбылыстарды тану мен талдауды қамтиды. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың жеке аспектісінің танымдық-эпистемологиялық функциясын жүзеге асыру дайындық процесінде болашақ мұғалімнің өзін педагогикалық құбылыстар мен фактілерді қабылдауға, талдауға ғана емес, сонымен қатар оны жетілдіруге бағытталған педагогикалық шындыққа өзгерістер енгізуге қабілетті педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі ретінде тануына ықпал ететін жағдайлар жасауға бағытталған.

Дайындықтың жеке аспектісінің трансформациялық функциясы оның болашақ мұғалімнің жеке басының когнитивті, эмоционалды-ерікті және белсенді салаларындағы өзгерістерге әсерін көрсетеді. Студенттердің моральдық-психологиялық дайындығы болашақ мұғалімдердің жеке басының танымдық, әлеуметтік-адамгершілік, кәсіби бағытын қалыптастыруды көздейді, бұл олардың танымдық және кәсіби қызығушылықтарын, әлеуметтік-адамгершілік және кәсіби көзқарастарын, құндылық бағдарларын, педагогикалық-әрекеттің оң мотивациясын дамытуды қамтиды. Сонымен қатар, бұл функцияны жүзеге асыру студенттердің теориялық және практикалық дайындық процесінде жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруды қамтиды. Мұның бәрі болашақ кәсіби қызмет сәттілігінің қажетті шарты болып табылады. Нормативтік функция студенттерде мұғалімнің мінез-құлқын анықтайтын және қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келетін нормаларды әзірлеу болып табылады.

Жалпы алғанда, мұғалімге қойылатын талаптар мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген, алайда мұғалімнің жеке басына арналған заманауи зерттеулерде педагогикалық деонтология мәселелерін шешу ерекше орын алады, оның міндеттерінің бірі мұғалімнің адамгершілік келбетіне қойылатын талаптарды анықтау болып табылады. Болашақ мұғалімдердің бұл талаптарды моральдық императив ретінде қабылдауы студенттер кәсіби дайындық процесінде белсенділігін, педагогикалық процеске қатысушылармен педагогикалық тұрғыдан тиімді қарым-қатынас орнату негізінде педагогикалық қызметті жүзеге асыру қажеттілігін түсінуді қамтамасыз етеді. Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығы жеке аспектісі сыртқы функцияларына адамгершілік-гуманистік және интеграциялық функциялар жатады.

Адамгершілік-гуманистік функция болашақ мұғалімдерді жалпы адамзаттық және педагогикалық құндылықтар негізінде кәсіби даярлау процесін жүзеге асыруды және студенттердің жеке басының дамуына жағдай жасауды көздейді, педагогикалық қызмет субъектілерінің қарым-қатынасында адамгершілікті нығайтуға қызмет етеді. Бұл функция білім беруді гуманитаризациялау идеясында көрінеді, бұл педагогикалық университеттің білім беру процесінде гуманитарлық пәндердің маңыздылығын арттыруды ғана емес, сонымен қатар пәндердің мазмұнында мәдени-адамгершілік, жалпы адамзаттық және педагогикалық құндылықтарды дайындаудың барлық блоктарын жаңартуды білдіреді [3].

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын гуманистік негізде құру шындыққа және педагогикалық қызметке кәсіби-адамгершілік қатынасты қалыптастыруға, педагогикалық қабілеттер мен әлеуметтік-адамгершілік, кәсіби және жеке маңызды қасиеттерді дамытуға жағдай жасайды.

Интеграциялық функция екі жолмен көрінеді: біріншіден, ол болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметке моральдық-психологиялық дайындығының құрылымдық компоненттерінің объективті органикалық байланысын көрсетеді; екіншіден, ол жалпы мәдени, жалпы кәсіби және арнайы цикл пәндерінің өзара байланысын қамтамасыз ететін педагогикалық университеттегі білім беру процесінің тұтас сипатын ашады. Бұл функцияларды бірлікте іске асыру болашақ мұғалімдердің кәсіби және жеке дамуының сәттілігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда қызметтің онтайлы құралдарын, әдістерін таңдау маңызды, яғни білім беру процесін технологиямен қамтамасыз ету. Ынтымақтастық технологиясының мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттарының бірі ретінде келесі ережелерге негізделген дидактикалық белсендіру және дамыту кешенін қолдану бөлінеді: білім беру мазмұны жеке тұлғаны дамытудың құралы ретінде қарастырылады және оның мақсаты емес; білім беру процесі жалпыланған білімді, дағдылар мен ойлау тәсілдерін игеруге бағытталған; әртүрлі циклдегі пәндерді

интеграциялау; оқытудың өзгергіштігі мен дифференциациясы; танымдық іс-әрекетті оңтайландыруды қолдану [2].

Танымдық белсенділікті ынталандыруда оқу материалының мазмұны, білім беру процесінің әдістері мен ұйымдастырылуы және оның эмоционалдылық деңгейі маңызды рөл атқарады. Мәселен, педагогикалық университетте шет тілін үйрену кезінде студенттердің эмоционалдылығын арттыру және танымдық белсенділігін ынталандыру үшін ұжымдық өзара әрекеттесудің әртүрлі әдістерін қолдануға болады – білім алушылар бір-бірімен белсенді қарым-қатынас жасайтын білім беру процесін ұйымдастырудың әдісі, ал басқалардың жетістіктері әркімнің жетістігінің шарты болып табылады.

Ұжымдық өзара әрекеттесу үшін ойын әдістерін, жарыс түріндегі сабақтарды қолдану, топтық жобалар мен бағдарламаларды орындау өте қолайлы. Ынтымақтастық технологиясының негізгі ережелерінің бірі – мәжбүрлеусіз оқыту-әртүрлі ойындарды қолдану, шет тіліндегі қарым-қатынасқа жеке бағдар беру, оқытушы мен студенттің сабақта ұжымдық өзара әрекеттесуіне жағдай жасау арқылы жүзеге асырылады. Ынтымақтастық технологиясын игеру болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуын, олардың ЖОО-дағы білім беру процесінде туындайтын педагогикалық міндеттерді шығармашылық тұрғыдан шешуге дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бұл игерілген элементтердің резервінен педагогикалық өзара әрекеттесуді құруға мүмкіндік береді, олардың белгілі бір ситуациялық сәтте өзіндік үйлесімі мұғалімге педагогикалық өзара әрекеттесу тәсілдерін іздеуде және іске асыруда шығармашылық мүмкіндік береді [1].

Қазіргі ЖОО-да болашақ кәсіби мұғалімді даярлау процесінде ынтымақтастық технологиясын қолдану, оқытушының гуманистік көзқарастармен үйлесімде білім беру процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға шығармашылық көзқарасы болашақ мұғалімдердің кәсіби даму процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың дербес кәсіби қызметтегі ынтымақтастық негізінде педагогикалық өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға қажетті қасиеттерін қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Педагогический поиск / Сост. И.Н.Баженова. – М.: Педагогика, 1997.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.
3. Сластенин В.А., Чижикова Г.И. Введение в педагогическую аксиологию. – М.: Издательский центр «Академия», 2003

“ТӘУЕКЕЛ ТОБЫНДАҒЫ” БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ РӨЛІ

Сапар Айдана

6B01801- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
мамандығының 3 - курс студенті
ҚазҰлтҚызПУ

Ғылыми жетекшісі: Медеубаева Кенжехан Турапбековна
Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м. а.

Аннотация. Мақалада әлеуметтік педагогтің тәуекел тобындағы балалармен жұмысының өзекті мәселесі қаралады, «Тәуекел тобындағы» балалармен жұмыс жүргізу барысында отбасымен әлеуметтік-педагогикалық қызмет және отбасы мүшелері арасындағы бұзылған өзара қарым-қатынастарды қалпына келтіруге көмек жеке бағытының ерекшелігі ашылады.

Кілт сөздер: отбасы, тәуекел тобындағы отбасы, әлеуметтік педагог, балалар, ата-аналар, түзету бағдарламасы, әлеуметтік педагог жұмысының міндеттері, әлеуметтік педагогикалық қызмет кезеңдері

Аннотация. В статье рассматривается актуальный вопрос работы социального педагога с детьми группы риска, раскрывается специфика индивидуального направления социально-педагогической деятельности с семьей и помощи в восстановлении нарушенных взаимоотношений между членами семьи при работе с детьми «группы риска».

Annotation. The article examines the topical issue of the work of a social pedagogue with children of the risk group, reveals the specifics of the individual direction of socio-pedagogical activity with the family and assistance in restoring disturbed relationships between family members when working with children of the "risk group".

Тәуекел орын алуы мүмкін немесе мүмкін емес жағымсыз, қажетсіз нәрселердің болу ықтималдығын білдіреді. Тәуекел тобына психикалық және әлеуметтік бейімделудің әртүрлі формалары бар балалар мен жасөспірімдер жатады, олар микроортаның (отбасы, балабақша, мектеп, т.б.) нормаларымен талаптарына сәйкес келмейтін жат мінез-құлықта көрінеді.

«Тәуекел тобындағы балалар» - бұл өмірінде белгілі бір себептерге байланысты басқаларға қарағанда жағымсыз сыртқы әсерлерге көбірек бейім, олар кейбір жағымсыз факторлардың әсерінен қиын жағдайда болатын балалар санаты. Балалар, әдетте, олардың толық дамуы үшін қалыпты жағдайлардың болмауына байланысты тәуекелге ұшырайды.

Тәуекел тобындағы балалар көбіне жақын ортаның (мектеп, отбасы) нормалары мен талаптарына сәйкес келмейтін мінез-құлқында көрінетін психологиялық және әлеуметтік бейімсіздіктің әртүрлі нысандары бар балалар:

1. өтпелі жастағы ішкі қиындықтар;
2. әлеуметтік жағдайдың белгісіздігі;
3. әлеуметтік бақылау тетіктерін қайта құру;
4. кез келген кәмелетке толмаған баланың тәуекелдері (нашар денсаулық,

отбасындағы проблемалар, болашағының түсініксіз болуы, т.б.).

Тәуекел тобындағы балалармен әлеуметтік педагог қызметі көптеген түрлі салаларды қамтиды. Бұған баламен жеке жұмыс, сонымен қатар оның қоршаған ортасы - достары, сыныптастары және таныстарымен жұмыс кіреді. Тәуекел тобына жататын балалармен жүргізетін әлеуметтік педагог жұмысы оның бала мұғалімдерімен бірлескен қызметін де қамтиды, олар баланың танымдық белсенділігі, оның оқу іс-әрекетіндегі табысы туралы құнды ақпарат бере алады. Тәуекел тобындағы балалармен әлеуметтік педагог қызметі міндетті түрде бала отбасымен жұмысты қамтуы керек. Әлеуметтік педагог «тәуекел тобындағы» балаларды әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыра отырып, «әлеуметтік педагог - бала» қатынастарының сенімділік атмосферасын құрып қана қоймай, балалармен жұмыс істеу процесіне балаларды әлеуметтік қолдау мен қорғау мемлекеттік жүйесінің барлық субъектілерін (білім беру, денсаулық сақтау, т.б.) тартуы тиіс.

Тәуекел тобындағы балалармен әлеуметтік жұмыс кешенді болуы және әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық көмектің барлық нысандарын қамтуы керек. Тәуекел тобындағы балалармен әлеуметтік педагог қызметінде бірнеше негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

1. диагностикалық қызмет,
2. аналитикалық,
3. түзету жұмыстары,
4. тәрбиелік-профилактикалық іс-шаралар және баланың отбасымен жұмыс.

Әлеуметтік педагогтің диагностикалық қызметі бала туралы ақпарат жинаудан тұрады. Бұл - ең алдымен, бала отбасының әлеуметтік тарихын жинақтау және оның әлеуметтік байланыстар желісін зерттеу. Диагностикалық іс-әрекет процесінде әлеуметтік педагог пен бала арасындағы алғашқы әңгіме болуы керек. Тәуекел тобындағы балаларға қатысты әлеуметтік педагог жұмысы ең қиын бағыттарының бірі – мұндай баламен байланыс орнату және онымен сенімді қарым-қатынас орнату. Мұндай жұмыс әлеуметтік педагогтен психологиялық әдістемелермен қатар баланың жеке ерекшеліктері туралы мәліметтерді талап етеді. Мұндай ақпаратты жинау баланың жеке ісін талдау, сынып жетекшісімен сұхбат, баламен жеке әңгімелесу, оны сабақта, үзіліс кезінде бақылау, т.б.

Әлеуметтік педагогтің аналитикалық қызметі баланың психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін дайындаудан тұрады. Осы сипаттамаға сүйене отырып, әлеуметтік педагог өз іс-әрекетінің жоспарын жасап, сынып жетекшісіне, мұғалімдерге, ата-аналарға ұсыныстар әзірлеуі керек.

Жұмыстың осы кезеңінде әлеуметтік педагог ұсынған бағдарлама тиімділігін зерделеу, сонымен қатар оған қажетті түзетулер енгізу мақсатында психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік консультациялар өткізген жөн.

Әлеуметтік педагог педагогикалық кеңестер, мұғалімдер және ата-аналарға баламен жеке жұмысты ұйымдастыру бойынша аналитикалық ақпаратты дайындауы керек.

Түзету жұмысы – балаға тәрбиелік ықпалын анықтайтын әлеуметтік педагогтің ең жан-жақты қызметі. Түзету жұмысы әртүрлі кездесулер мен кеңестерді қамтуы мүмкін. Түзету жұмыстары құрастырылған бағдарлама бойынша жеке де, топпен де жүргізіледі. Тәуекел тобындағы балалармен әлеуметтік педагог іс-әрекетінде тәрбиелік және профилактикалық іс-шаралар маңызды орын алады. Мұндай жұмыстың нысандары жеке профилактикалық әңгімелесу, баланың өзін-өзі анықтауы және болашақ жолын таңдауы бойынша жеке кеңес берілуі мүмкін. Тәрбиелік-профилактикалық іс-шараларға сондай-ақ балалардың қызығушылықтары бойынша сабақтар ұйымдастыру (қосымша білім беру жүйесі, мектептен тыс мекемелер, үйірме жұмыстары, т.б.) кіреді.

Девиантты балалар және жасөспірімдермен әлеуметтік педагог жұмысы ауытқулардың нақты белгілерімен жұмыс істеуге де, профилактикалық тәсілге де негізделуі керек. Девиантты мінез-құлық жасқа байланысты теріс динамикасына байланысты балалар мен жасөспірімдер мінез-құлқындағы ауытқулардың ерте алдын алу ерекше маңызға ие. Девиантты мінез-құлық бар балалар мен жасөспірімдер әдетте қарым-қатынас жасауда қиналады. Кез келген кейінгі жұмыс үшін олармен байланыс орнату үшін әлеуметтік педагог көп күш салуы керек, бұл нәтижесіз болуы мүмкін.

Тәуекел тобындағы балалары бар әлеуметтік педагог жұмысы қажетті бағыттарының бірі ата-аналармен тығыз байланыс болып табылады. Мұндай іс-шараларда бала отбасының өмір салтына және оқу шығындарына барынша төзімділік таныту қажет. Әлеуметтік педагог сындарлы көмек көрсетуі керек, қарсылық білдіріп, сынамай. Ол осы отбасында қалыптасқан ұрпақтар арасындағы рөлдік қарым-қатынастар мен шекараларды әдеттегідей қабылдауы керек.

«Тәуекел тобындағы» отбасылармен қатар профилактикалық жұмыстар жүргізілмесе: отбасы, олар тұратын қоғам туралы ақпарат жинау, үйге бару, ата-аналармен әңгімелесу, олардың себептерін анықтау түзету жұмыстары оң нәтиже бермейді. Отбасының дисфункциясы. Тәуекел тобына жататын отбасылар кемшілігі ата-ананың бала тәрбиелеуге білімі мен дағдысының жоқтығы, ата-анасы біреуі немесе екеуінің де ішімдік ішуі, материалдық табыс төмендігі. Жағдайы төмен отбасыларға барған кезде ата-аналармен бала тәрбиесі мен білім беру, отбасында қолайлы жағдай жасау жауапкершілігі туралы тәрбиелік мәні бар әңгімелер жүргізіліп, салауатты өмір салты насихатталады. Жағдайды талдап, баланың негізгі проблемаларын анықтағаннан кейін осы жағдайды тудырған себептердің жиынтығы анықталады. Сонымен қатар, білім беру ұйымының жағдайында оларды өзгертуге ықпал ететін себептер қатары, органдар мен қызметтердің мамандарын тарту арқылы жанама әсер етуі мүмкін себептер анықталады.

«Тәуекел тобы» балалары және отбасымен әлеуметтік-педагогикалық қызмет кезең-кезеңмен жүзеге асырылады және міндетті түрде үш деңгейді қамтиды: профилактикалық, диагностикалық, оңалту. Жұмыста кешенді сипатта және бірнеше кезеңнен тұруы мүмкін.

Бірінші кезең - ақпаратты жинау және талдау. Кәмелетке толмағандары бар отбасыларды анықтауды қамтиды әлеуметтік көмекке мұқтаж балалар үшін. Жұмысты ұйымдастыру үшін маман белгілі бір ақпаратқа сүйенеді. Жалпы ақпарат отбасы және оның жағдайының сипаты туралы түсінік береді. Арнайы ақпарат отбасылық проблемалар жай-күйін неғұрлым тереңірек және объективті бағалауға, олардың себептері, нақты отбасына атаулы көмек және қолдау көрсету жөніндегі жұмысты жоспарлау. Арнайы ақпарат отбасылық проблемалар жағдайын тереңірек және объективті бағалауға, олардың себептерін анықтауға, нақты отбасына атаулы көмек пен қолдау көрсету жөніндегі жұмысты жоспарлауға мүмкіндік береді.

Екінші кезең - әлеуметтік диагноз қою. Бұл кезеңнің мақсаты баланың бастан кешіп отырған мәселесімен оларды жоюға мамандар мен әлеуметтік педагог қызметі бағытталатын проблемалар шеңберін айқындау болып табылады. Осы кезеңдегі маман қызметінің ерекшелігі: әлеуметтік құбылыстар мен нақты отбасының проблемалары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды белгілеуге бағытталған талдамалық жұмысты жүргізеді; қосымша диагностиканы жүзеге асырады. Осы қызметтердің басым бағыты жұмысты анықтау және ұйымдастыру болып табылады, қараусыз қалудың алдын алу мақсатында қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылар және кәмелетке толмағандар панасыздығы, отбасылық қолайсыздықтар, сондай-ақ жекелеген санаттары бар әлеуметтік көмек пен қолдауға мұқтаж азаматтар. Бұл жұмыста әлеуметтік педагог жетекші рөл атқарады мекеменің штаттық кестесіне сәйкес лауазымды ұйымдық құрамына кіретін педагог отбасы мен балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бөлімшесінің құрылымы (отбасы профилактикасы қызметі "шұғыл балалар көмегі" қызметі) болып табылады.

Анықталған проблемаларға сәйкес құрылатын және олардың туындау себептерін жоюға бағытталған отбасымен практикалық жұмыс жүргізіледі. Жұмыс табыстылығы мен тиімділігінің маңызды факторы отбасымен бірлескен қызмет туралы жазбаша шарт жасасу болып табылады, ол оң нәтижелерге қол жеткізуге бағытталады, ал оның мазмұны оңалту жеке жоспарында жазылған. Келісімнің мазмұндық бөлігі отбасы өмірлік параметрлерін жақсарту және балаға талап етілетін әлеуметтік нормативтерге қол жеткізу бойынша тараптардың практикалық іс-қимылдарын қамтиды. Келісімге қатысушы тараптардың құқықтары мен міндеттері нақты. Отбасымен бірлескен іс-қимыл жоспары ата-аналардың баланы отбасында сақтап қалуға деген ұмтылысын ескере отырып әзірленеді.

Практикалық қызметті жүзеге асыру кезінде маман кәметке толмағандар мен отбасыларды әлеуметтік оңалтудың мынадай міндеттерін іске асыруға тырысады:

1. балалардың құқықтарын қорғау;
2. отбасында оң микроклимат жасау мақсатында педагогикалық тұрғыдан орынды түзету жүргізуде делдалдық көмек көрсетуге;
3. ата-аналар (занды өкілдер) арасында құқықтық, медициналық, психологиялық-педагогтік бағыттағы ағарту жұмысын ұйымдастыруға;
4. отбасы балалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге жеткіліксіз қатысу орнын толтыру үшін жағдайлар жасау.

Әлеуметтік педагог мүддесінің ортасында ең алдымен бала тұр. Тиісінше отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, отбасы ішіндегі жағдайға ықпал ету, бірінші кезекте баланың өмірлік маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және оның негізгі өмір сүру құқығын және толыққанды даму үшін қажетті өмір сүру деңгейін қорғауға бағытталған.

Әлеуметтік педагогтің міндеті - балаларды әлеуметтік қорғау, отбасында қауіпсіздік сезімін қалыптастыру. Ол үшін маман өз іс-әрекетінің дұрыстығына нық сенімді болуы тиіс, нақты жұмыс істейтін қамқорлықтағыларға өз мақсаттарын баяндауға міндетті. Отбасында болып жатқан барлық процестерді түсіну үшін әлеуметтік педагог түрлі факторлардың теріс әсерін бағалай білуі тиіс.

«Тәуекел тобындағы» балалар негізгі проблемаларының бірі отбасы мүшелері конструктивті балалар мен ата-аналар өзара іс-қимылы дағдылары болмауы болып табылады.

Әлеуметтік педагогтің негізгі бағыты отбасындағы қарым-қатынасты түзету болып табылады. Әлеуметтік педагог ата-аналарды педагогикалық оқытуды ұйымдастырудың нысандары келесідей:

1. дәрістер
2. әңгімелер
3. семинарлар (педагогикалық мәселелерді шешу, жағдаяттарды талдау)
4. рөлдік ойындар
5. психологиялық ойындар мен тренингтер
6. даулар
7. жеке тақырыптық кеңестер
8. мектептегі ата-аналар жиналысы, т.б.

Атқарылған жұмыс тиімділігі оқушылардың оқу үлгерімі жақсарып, сабаққа қатыспауы азайып, эмоционалдық көңіл-күйі көтеріліп, жалпы психологиялық жағдайының қалыпты жағдайға жақындағанынан көрінді. «Тәуекел тобындағы балаларда кездесетін жалпы проблемаларды уақтылы анықтау, әлеуметтік-педагогикалық іс-шараларды дұрыс ұйымдастыру отбасылық қатынастарды қалпына келтіруге және үйлестіруге ықпал етеді және табысты әлеуметтену үшін жағдай жасайды.

Осылайша жұмыс барысында балаларды өз бетінше ой елегінен өткізуге және олардың өз өміріне әсер етуге мүмкіндік беретін жағдай жасауға үйрету керек. Пайда болған мәселелерді шешу қажеттілігін сезінуді үйрену керек. Агрессияның пайда болуына әсер ететін жағдай фрустрация, ата-ана сүйіспеншілігіне деген қажеттілік болып табылады және бұл күйзеліс балада дамиды, үнемі олардың жазалауына ұшырайды. Егер ата-аналар үнемі жазаласа, бұл агрессия пайда болуы шарттарының бірі. Сондықтан ата-аналармен түзету жұмыстары жүргізілуі керек, оның барысында ата-аналар конструктивті білім беру әдістерін зерттеп, баланың жеке ерекшеліктері туралы ақпарат алады.

Әдебиеттер

1. Шентенко Н.А., Воронина Г.А. Методика и технологии работы социального педагога. М.: Академия, 2002.
2. Касимова Р.С. Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы. 2020
3. Кузьмина А.М. Основные направления работы с учащимися «группы риска». Уфа: Издательство ИРО РБ, 2013
4. Медеубаева К.Т., Қылышпай Б.С. Артпедагогика. 2022

Natural science

(химия, биология, география, экология)

ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ: АРТ ҰҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Алакбарова Айдана Қамбарбекқизи

1-курс магистранты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Жетекші: Сартаева Акмарал Алтынбековна,

б.ғ.к., қауым. профессор м.а.

Аңдатпа

Мақалада виртуалды зертханаларды биология оқу процесіне кіріктіру және олардың артықшылықтары мен қиындықтары талданған. Виртуалды зертханалардың оқыту процесіне енгізудің басты артықшылықтар оқудың қолжетімділігін арттыру, шабыттандыру зертханалық білімді іс жүзінде қолдану, қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Сонымен қатар виртуалды зертханаларды оқу процесіне енгізудегі техникалық күрделіліктер, толық дәстүрлі зертхананы алмастырудың болмауы сияқты мәселелер көтерілді.

Аннотация

В статье анализируется интеграция виртуальных лабораторий в учебный процесс биологии, их преимущества и сложности. Главными преимуществами внедрения виртуальных лабораторий в учебный процесс являются повышение доступности обучения, стимулирование практического применения лабораторных знаний, обеспечение безопасности. Описываются такие вопросы, как техническая сложность внедрения виртуальных лабораторий в учебный процесс, отсутствие полной замены традиционной лаборатории.

Abstract

The article analyzes the integration of virtual laboratories in the educational process of biology and their advantages and difficulties. The main advantages of implementing virtual laboratories in the educational process are increasing the accessibility of learning, stimulating the practical application of laboratory knowledge, and ensuring safety. Such issues as the technical complexity of the implementation of virtual laboratories in the educational process, the lack of complete replacement of the traditional laboratory were also raised.

Биологиялық білім қоршаған ортада болып жатқан үдерістерді түсінуге мүмкіндік беруде маңызды рөл ойнайды. Биология ғылым ретінде тоқтаусыз жанаратын, эволюцияланатын болғандықтан білім беру тәсілдерін үнемі жаңартып отыруды қажеттілігі маңызды фактор болып табылады. Биологиялық білім беру сыни ойлауды, логикалық қабілеттерді дамытуға ықпал етеді. Сапалы биологиялық білім алған білім алушылар дәріс барысында алған теориялық білімдерді практикада қолдануға мүмкіндік ала алады, сонымен қатар білім алушылардың іргелі білімді қолданбалы ғылымда қолдана алуына, зерттеушілік, талдау және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыра отырып дамытуын қамтиды. Қоршаған ортада болып жатқан климаттың өзгерісі, жер асты ресурстарының беталды қолданылуы сияқты қауіп-қатерлерді ескере отырып биологиялық білім білім алушылардың қоршаған ортаға аса мән беріп, проблемаларын шешуге ықпал ететін көпір ретінде мысал бола алады [1].

Білім берудегі трендтер негізгі мақсаты сыни ойлауды, білім алушылардың шығармашылық әлеуеттерін оятуға бағытталады және оқытудың инновациялық әдістемелері оқу үдерісін жандандыруға, білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқытуда жаңа инновациялық әдіс-құралдарын пайдаланбай тиімді оқыту мүмкін емес, ал виртуалды зертханалар